



Bank of Kazakhstan

Қазақстан Ұлттық Банкінің

Хабаршысы

- 1 Баспасөз релиздері
- 7 Шетел валюталарының ресми бағамдары
- 8 Қазақстан экономикасы қаржы секторының ағымдағы жай-күйі
- 17 Нормативтік құқықтық актілер

«Қазақстан Ұлттық Банкінің хабаршысы»,

Редакторы:

Ақышев Д.Т. – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары;

Редактордың орынбасары:

Терентьев А. Л. – Ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық байланыстар департаментінің директоры;

Кеңес мүшелері:

Орлов П.Е. – Зерттеу және статистика департаментінің кәсіпорындар мониторингі басқармасының бастығы;

Дюгай Н. Н. – Төлем балансы және валюталық реттеу департаментінің директоры;

Нәжімеденова С.Ж. – Қызметкерлермен жұмыс жүргізу департаментінің аударма және мемлекеттік тілді ендіру басқармасының бастығы;

шығарылым үшін жауапты:

Жегібаева М.Б. – Ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық байланыстар департаментінің қоғамдық байланыстар басқармасының сарапшысы.

Құрылтайшы – Қазақстан Ұлттық Банкі

Басылым ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде 1997 ж. 24.02.
№ 432 тіркелген

Қазақстан Ұлттық Банкі

1995 жылдан бастап шығарылады



ТОО "АСЫЛ КІТАП" БАСПА ҮЙІ

Республика Казахстан
050009, г. Алматы, пр. Абая 143, офис 102
E-mail: asylkitap@mail.ru
Тел.: +7 727 3944167
+7 701 727 0394

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 1 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ 2013 жылғы 9 қаңтар

*2012 жылғы алдын ала қорытындылар
Қаржы нарығындағы ахуал туралы*

1. 2012 жылғы инфляция. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми деректері бойынша 2012 жылы инфляция жылдық көрсетуде 6,0% (2011 жылы – 7,4%) болды (1-график).


2012 жылы инфляция ақылы қызмет көрсетудің айтарлықтай қымбаттауы аясында қалыптастырылды, олардың бағасы осы кезеңде 9,3% (2011 жылы – 7,3%) өсті. Азық-түлік тауарлары 5,3% (9,1%), азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 3,5% (5,3%) қымбаттады.

2012 жылы азық-түлік тауарларының арасында көбінесе ет және ет өнімдері 9,5%, оның ішінде шошқа еті – 12,8%, қой еті – 11,6%, сиыр еті – 11,1%, жылқы еті – 10,8%, ұн – 7,6%, макарон өнімдері – 7,5%, балық және теңіз өнімдері – 5,7%, кондитерлік бұйымдар – 5,0%, жеміс-жидектер және көкөністер – 4,8% қымбаттады. Азық-түлік тауарлары арасында жарма – 27,0%, қант – 2,1%, май және тоң майлар – 0,2% арзандады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар тобында 2012 жылы киімнің және аяқ киімнің бағасы 4,4%, оның ішінде маталар – 5,1%, сыртқы киім – 4,3%, сондай-ақ дәрі-дәрмектер – 2,7% өсті. Бензиннің құны 2,4%, дизель отыны – 3,0% өсті.

2012 жылы ақылы қызмет көрсету құрылымында тұрғын үй-коммуналдық саласындағы қызметке ақы төлеу 8,2%-ға қымбаттады. Бұл ретте ыстық суға ақы төлеу 10,8%, электр энергиясы – 10,1%, орталық жылыту – 9,3%, қоқыс жинау – 8,0%, суық су – 5,9% өсті. Сонымен қатар байланыс қызметінің бағасы – 12,2% (почта қызметінің қымбаттауы есебінен – 56,5%, телефон және факсимильді байланыс қызметі – 11,2%), көлік қызметі – 12,0%, оның ішінде автомобиль көлігі – 13,7%, әуе көлігі – 8,6%, теміржол көлігі – 8,3%, сондай-ақ білім беру қызметі – 11,0% өсті.

1-график



2012 жылғы желтоқсандағы инфляция. 2012 жылғы желтоқсанда инфляция 0,6% деңгейінде (2011 жылғы желтоқсанда – 0,3%) қалыптасты. Азық-түлік тауарларының бағасы 0,8% (0,3%), азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 0,3% (0,4%), ақылы қызмет көрсету – 0,6% (0,2%) өсті.

Азық-түлік тауарлары нарығында 2012 жылғы желтоқсанда көбінесе жұмыртқа 3,5%, жеміс-жидектер және көкөністер – 2,1%, май және тоң майлар – 1,3%, макарон өнімдері – 1,1%, ұн – 0,9%, сүт өнімдері – 0,8%, ет және ет өнімдері – 0,6% қымбаттады. Сонымен қатар, қанттың бағасы 1,1%, қарақұмық жармасы – 0,9% төмендеді.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар тобында киімнің және аяқ киімнің бағасы 0,5%-ға, үйге керекті заттар – 0,2%-ға, дәрі-дәрмектер – 0,2%-ға көтерілді.

Ақылы қызмет көрсету тобында тұрғын үй-коммуналдық саласындағы қызметке ақы төлеу 0,8%-ға

өсті. Бұл ретте тарату желілері бойынша тасымалданатын газ үшін тарифтер 2,8%, кәріз – 2,5%, суық су – 1,2%, ыстық су – 0,8% өсті. 2012 жылғы желтоқсанда көлік қызметінің бағасы 0,4%-ға (теміржол көлігі – 1,5%), қаржы қызметі – 2,2%-ға, медициналық қызмет көрсету – 0,8%-ға көтерілді.

2. 2012 жылғы 9 айдағы төлем балансы және жалпы сыртқы борыш.

2012 жылғы 9 айда ағымдағы операциялар шотының профициті 7,8 млрд. АҚШ долл. немесе ЖІӨ 5,7% (2011 жылғы 9 айда 11,2 млрд. АҚШ долл. немесе ЖІӨ 9,0%) құрады.

Тауарлар мен қызмет көрсетулер импорты өсуінің үдемелі қарқыны олардың экспортының өсуімен салыстырғанда 2012 жылғы 9 айдың қорытындысы бойынша ағымдағы шоттың оң сальдосының 2011 жылғы 9 аймен салыстырғанда 30,5% қысқаруына себепші болды.

Сауда балансының профициті 5,8% төмендеп, 35,3 млрд. АҚШ долл. құрады. Тауарлардың ресми экспорты 2011 жылғы осындай кезеңге қатысты 5,1% өсіп, 69,5 млрд. АҚШ долл. деңгейінде қалыптасты, оның ішінде 43,3 млрд. АҚШ долл. (немесе 62,2%) мұнай және газ конденсатының экспортына тиесілі. Қара металдар экспортының құны 4,8%, түсті металдар экспортының құны 17,2% ұлғайды. Бұл ретте қара және түсті металдар экспортының өсуі тек сандық жеткізулердің өсуімен ғана қамтамасыз етілді.

Ресми сауда статистикасы тіркеген тауарлар импорты 24,5% ұлғайып, 32,1 млрд. АҚШ долл. құрады. Есепті кезеңде жалпы импорттағы айтарлықтай үлес салмақ (38,3%) тиесілі болған инвестициялық тауарлар импортының өсімі 35,8%-ды құрады. Аралық өнеркәсіптік тұтыну тауарларын әкелу 11,6 млрд. АҚШ долл. дейін 10,7% ұлғайды. Тұтыну тауарлары бойынша тұтастай алғанда импорт құнының 27,4%-ға ұлғаюы болды. Бұл ретте азық-түлік тауарларын әкелу 1,0%-ға төмендеді, ал азық-түлікке жатпайтын тауарлар импорты 52,3% өсті. Импорттың негізгі тауар номенклатурасының барлық топтары бойынша нақты көлемнің өсімі байқалды.

Кірістермен операциялар бойынша ресурстардың нетто-әкетілуі (еңбекақы төлеуді және инвестициялық кірістердің балансын қоса алғанда) 21,2 млрд. АҚШ долл. сомасын құрай отырып, 3,2% қысқарды. Ағымдағы шоттың басқа құрамдас бөліктері бойынша қызмет көрсетулер мен трансферттердің теріс дисбалансы тиісінше 5,6 млрд. АҚШ долл. және 0,6 млрд. АҚШ долл. құрады.

Қаржы шоты бойынша 1,2 млрд. АҚШ долл. таза әкету басым түрде 2012 жылғы 3-тоқсанның операцияларымен қамтамасыз етілді.

Шетелге тікелей инвестициялар бойынша нетто-әкету 1,0 млрд. АҚШ долл. болды. Қазақстанға шетелдік тікелей инвестициялардың таза келіп түсуі 11,7 млрд. АҚШ долл. құрады. Нәтижесінде тікелей инвестициялау операциялары бойынша оң баланс 2011 жылғы 9 айдағы 8,6 млрд. АҚШ долл. салыстырғанда есепті кезеңде 10,7 млрд. АҚШ долл. мөлшерінде қалыптасты.

Портфельдік инвестициялар бойынша 12,8 млрд. АҚШ долл. мөлшеріндегі нетто-әкету Ұлттық қордың шетелдік активтерінің өсуімен (12,2 млрд. АҚШ долл.) сондай-ақ Қазақстан банктерінің борыштық міндеттемелерінің 1 млрд. АҚШ долл. жуық төмендеуімен қамтамасыз етілді.

Жалпы сыртқы борыш. 2012 жылғы 30 қыркүйекте жалпы сыртқы борыш 134,9 млрд. АҚШ долл. құрады, оның 5,1 млрд. АҚШ долл. немесе 4% мемлекеттік сектордың сыртқы борышын (Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Ұлттық Банктің міндеттемелері) құрайды, фирмааралық берешектің үлесіне 65,8 млрд. АҚШ долл. немесе 49%, банк секторына 14,0 млрд. АҚШ долл. немесе 10% тиесілі.

2012 жылғы 3-тоқсанда жалпы сыртқы борыш мемлекеттік сектордың сыртқы борышы шамалы (0,1 млрд. АҚШ долл.) өскен және банк секторының (екінші деңгейдегі банктер және «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ) сыртқы борышының қысқаруы жалғасқан кезде «Басқа секторлардың» сыртқы берешегі есебінен 2,4 млрд. АҚШ долл. ұлғайды (өсуі - 2,8 млрд. АҚШ долл.).

«Банктердің» сыртқы борышының 0,5 млрд. АҚШ долл. төмендеуіне резидент еместердің Қазақстан банктеріндегі депозиттерінің әкетілуі (0,4 млрд. АҚШ долл.) және тартылған қарыздар бойынша негізгі борыштың өтелуі (0,9 млрд. АҚШ долл.) себепші болды.

2012 жылғы 3-тоқсанда «Облигациялар және басқа да борыштық бағалы қағаздар» бабы бойынша ұлғаюға негізінен «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның 240 миллион Малайзия ринггиті (77 млн. АҚШ долл. жуық) сомаға «Сукук «әл-Мурабаха» ислам облигацияларының бірінші шығарылымын орналастыру, сондай-ақ «АТФБанк» АҚ-ның 100 млн. АҚШ долл. сомадағы мерзімсіз еурооблигациялар бойынша эмитентті ауыстыру себепші болды. Алайда, кезеңдегі осы бап бойынша ұлғаю тек 45,1 млн. АҚШ долл. құрады, бұл негізінен резидент еместердің Қазақстан банктерінің облигацияларын сатуға байланысты болды.

2012 жылғы 3-тоқсанда «Басқа секторлар» сыртқы борышының ұлғаюы негізінен резиденттердің сырттан қарыздар тартуы (4,9 млрд. АҚШ долл.) есебінен болды. Көрсетілген өсу оларды өтеумен (2,1 млрд. АҚШ долл.), сондай-ақ Қазақстан аумағында мұнайгаз кен орындарын әзірлеуді жүзеге асыратын шетел компаниясының филиалы міндеттемелерінің бөлігін борышсыз капиталға қайта жіктеумен ішінара нивелирленді. Инвесторлардың шешімі бойынша әзірлеу үшін 1,4 млрд. АҚШ долл. мөлшерінде бұрын келтірілген шығындар өтелмейтін болып танылды.

Сонымен бірге, 2012 жылғы 3-тоқсанда елдің сыртқы активтерінің өсуі жалпы сыртқы борыштың өсуінен басым болды, соның салдарынан Қазақстанның таза сыртқы борышы 2,1 млрд. АҚШ долл. төмендеп, 2012 жылғы 30 қыркүйекте 12,3 млрд. АҚШ долл. құрады.

3. 2012 жылғы халықаралық резервтер және ақша агрегаттары. 2012 жылы Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері Ұлттық қордың активтерін толықтыру мақсатында негізінен валютаны сату есебінен 27,7 млрд. АҚШ долл. дейін 3,6%-ға азайды. Таза валюта қорлары (ЕАВ) 2012 жылы 12,3%-ға төмендеді, алтындағы активтер жүргізілген операциялар және әлемдік нарықтарда оның бағасының 5,4%-ға өсуі нәтижесінде 48,1%-ға өсті.

2012 жылы елдің халықаралық резервтері тұтастай алғанда, Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін қоса алғанда (алдын ала деректер бойынша 57,8 млрд. АҚШ долл.) 17,9%-ға 86,0 млрд АҚШ долларына дейін өсті.

2012 жылы ақша базасы 1,9%-ға кеңейді және 2889,9 млрд. теңге болды. Тар ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы 3,3%-ға 2831,0 млрд. теңгеге дейін кеңейді.

2012 жылғы қаңтар-қарашада ақша массасы 7,3%-ға 10465,5 млрд. теңгеге дейін ұлғайды. Айналыстағы қолма-қол ақшаның көлемі 1,0%-ға 1379,9 млрд. теңгеге дейін ұлғайды. Банк жүйесіндегі депозиттер 8,3%-ға 9085,5 млрд. теңгеге дейін өсті. Депозиттердің ақша массасы құрылымындағы үлесі айналыстағы қолма-қол ақша өсу қарқынымен салыстырғанда депозиттер көлемінің өсуінің анағұрлым жоғары қарқыны есебінен 2011 жылғы желтоқсандағы 86,0%-дан 2012 жылғы қарашада 86,8%-ға дейін өсті.

Ақша мультипликаторы 2012 жылдың 11 айының қорытындылары бойынша тіркелген ақша базасының кеңеюімен салыстырғанда ақша массасы өсу қарқынының ұлғаюы салдарынан 2011 жылғы желтоқсандағы 3,44-тен 2012 жылғы қарашадағы 3,90-ға дейін ұлғайды.

2012 жылғы желтоқсандағы халықаралық резервтер және ақша агрегаттары. 2012 жылғы желтоқсанда Ұлттық Банктің халықаралық резервтері төмендеді. Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтері 28,3 млрд. АҚШ долл. дейін 4,6%-ға азайды (жыл басынан – 3,6%-ға төмендеді). Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 4,7%-ға азайып, 27,7 млрд. АҚШ долл. құрады (жыл басынан 3,6%-ға төмендеді). Таза валюта қорлары (ЕАВ) 2012 жылғы желтоқсанда 5,3%-ға азайды. Алтындағы активтер жүргізілген операциялар нәтижесінде, сондай-ақ әлемдік нарықтарда оның бағасының төмендеуі нәтижесінде 2,4%-ға азайды.

2012 жылғы желтоқсанда елдің халықаралық резервтері тұтастай алғанда, Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін қоса алғанда (алдын ала деректер бойынша 57,8 млрд. АҚШ долл.) 1,3%-ға 86,0 млрд. АҚШ долл. дейін төмендеді (жыл басынан бастап 17,9%-ға өсті).

2012 жылғы желтоқсанда ақша базасы 7,6%-ға кеңейді және 2889,9 млрд. теңге (жыл басынан бастап кеңеюі – 1,9%) болды. Тар ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы 7,0%-ға 2831,0 млрд. теңгеге дейін кеңейді.

2012 жылғы қарашада ақша массасы 2,1%-ға 10465,5 млрд. теңгеге дейін азайды (жыл басынан бастап өсуі – 7,3%). Айналыстағы қолма-қол ақшаның көлемі 2,0%-ға 1379,9 млрд. теңгеге дейін төмендеді (жыл басынан бастап өсуі – 1,0%), банк жүйесіндегі депозиттер 2,1%-ға 9085,5 млрд. теңгеге дейін азайды (жыл басынан бастап өсуі – 8,3%). Депозиттердің ақша массасы құрылымындағы үлесі 2012 жылғы қарашада 2012 жылғы қазандағымен салыстырғанда өзгерген жоқ және 86,8%-ды құрады.

Ақша мультипликаторы 2012 жылғы қарашада тіркелген ақша базасының тарылуымен салыстырғанда ақша массасының салыстырмалы түрде аз қысқаруы салдарынан 2012 жылғы қазандағы 3,77-ден 2012 жылғы қарашаның қорытындылары бойынша 3,90-ға дейін ұлғайды.

4. 2012 жылғы валюта нарығы. 2012 жылы теңгенің АҚШ долларына қатысты биржалық бағамы 1 АҚШ доллары үшін 147,50–150,86 теңге ауқымында өзгерді. 2012 жылы теңгенің АҚШ долларына

катысты айырбастау бағамы номиналды көрсетуде 1,6% әлсіреді және жылдың аяғында бір АҚШ доллары үшін 150,74 теңге болды.

2012 жылы Қазақстан қор биржасындағы биржалық сауда-саттық көлемі қосымша сауда-саттықтардағы мәмілелерді ескергенде 2011 жылмен салыстырғанда 21,6%-ға төмендеп, 55,4 млрд. АҚШ долл. болды. Операциялардың ең аз көлемі қаңтарда, ең көбі - тамызда байқалды.

Биржадан тыс валюта нарығындағы операциялардың көлемі 2012 жылы 2011 жылмен салыстырғанда 31,2% төмендеп, 26,9 млрд. АҚШ долл. құрады. Операциялардың ең аз көлемі наурызда, ең көбі – 2012 жылғы желтоқсанда байқалды.

Тұтастай алғанда ішкі валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі 2011 жылмен салыстырғанда 25,0% төмендеп, 82,3 млрд. АҚШ долл. болды.

2012 жылғы желтоқсандағы валюта нарығы. 2012 жылғы желтоқсанда теңгенің АҚШ долларына катысты бағамы 1 АҚШ доллары үшін 150,13–150,74 теңге ауқымында өзгерді. 2012 жылғы желтоқсанда теңге іс жүзінде өзгерген жоқ және айдың аяғында теңгенің биржалық бағамы бір АҚШ доллары үшін 150,74 теңге болды.

2012 жылғы желтоқсанда Қазақстан қор биржасындағы биржалық операциялардың көлемі қосымша сауда-саттықтардағы мәмілелерді ескергенде 2012 жылғы қарашамен салыстырғанда 24,2% азайды және 4,3 млрд. АҚШ долл. болды. Биржадан тыс валюта нарығындағы операциялардың көлемі 41,0%-ға өсіп, 3,5 млрд. АҚШ долл. болды.

Тұтастай алғанда ішкі валюта нарығындағы операциялардың көлемі 4,4%-ға төмендеді және 7,8 млрд. АҚШ долл. болды.

5. 2012 жылғы мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы. 2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарының және Ұлттық Банктің айналыстағы қысқа мерзімді ноттарының көлемі дисконтталған баға бойынша 3091,3 млрд. теңге құрады.

2012 жылы Қаржы министрлігі мемлекеттік бағалы қағаздарды, 2011 жылмен салыстырғанда 58,3% -ға ұлғайтып, 1066,7 млрд. теңгеге орналастырды.

2012 жылы Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша 102 аукцион өткізілді, онда 9-айлық МЕККАМ (олар бойынша кірістілік 2,52% құрады), 12-айлық МЕККАМ (олар бойынша кірістілік 3,03% құрады), 2, 3, 4, 5-жылдық МЕОКАМ (олар бойынша кірістілік тиісінше 3,23%, 4,40%, 5,37% және 5,58% құрады), 6, 7, 8, 9, 10, 11, 13, 15, 16, 20-жылдық МЕУКАМ (кірістілік тиісінше – 5,75%, 6,00%, 5,30%, 6,00%, 6,35%, 5,00%, 6,60%, 6,60%, 5,50% және 6,70% құрады), 8, 11, 12, 13, 14, 15, 17, 18, 19-жылдық МЕУЖКАМ (олар бойынша кірістілік инфляция деңгейінен 0,01% болды).

Нәтижесінде, 2012 жылы Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі 0,7%-ға 2905,2 млрд. теңгеге дейін ұлғайды.

Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттары. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттары эмиссиясының көлемі 2012 жылы 857,2 млрд. теңге болды, бұл 2011 жылға қарағанда 3,5 есе аз. Нәтижесінде 2012 жылғы желтоқсанның аяғында айналыстағы ноттардың көлемі 2011 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 186,1 млрд. теңгеге дейін 2,7 есе азайды.

Ноттар бойынша тиімді кірістілік 2011 жылдағы 1,21%-дан 2012 жылдың қорытындысы бойынша 1,46%-ға дейін ұлғайды.

2012 жылғы желтоқсандағы мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы. 2012 жылғы желтоқсанда Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын орналастыру бойынша 11 аукцион өткізілді. Онда 9-айлық МЕККАМ (3,0 млрд. теңге), 2-жылдық МЕОКАМ (2,5 млрд. теңге), 3-жылдық МЕОКАМ (7,2 млрд. теңге), 4-жылдық МЕОКАМ (12,3 млрд. теңге), 5-жылдық МЕОКАМ (10,6 млрд. теңге және 6,8 млрд. теңге), 6-жылдық МЕУКАМ (2,1 млрд. теңге), 7-жылдық МЕУКАМ (13,2 млрд. теңге), 10-жылдық МЕУКАМ (2,0 млрд. теңге), 20-жылдық МЕУКАМ (1,4 млрд. теңге), 17-жылдық МЕУЖКАМ (21,5 млрд. теңге) орналастырылды.

Орналастырылған бағалы қағаздар бойынша тиімді кірістілік: 9-айлық МЕККАМ бойынша – 2,52%, 2-жылдық МЕОКАМ – 3,23%, 3-жылдық МЕОКАМ – 4,40%, 4-жылдық МЕОКАМ – 5,37%, 5-жылдық МЕОКАМ – 5,58%, 6-жылдық МЕУКАМ – 5,75%, 7-жылдық МЕУКАМ – 6,00%, 10-жылдық МЕУКАМ – 6,35%, 20-жылдық МЕУКАМ бойынша – 6,70%, 17-жылдық МЕУЖКАМ – инфляция деңгейінен 0,01% құрады.

Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі 2012 жылғы желтоқсанның аяғында

2012 жылғы қарашамен салыстырғанда 2,0% ұлғайып, 2905,2 млрд. теңге құрады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттары. Ұлттық Банктің ноттары эмиссиясының көлемі 2012 жылғы қарашамен салыстырғанда 2012 жылғы желтоқсанда 3,9 есе ұлғайып, 47,9 млрд. теңгені құрады.

Бұл ретте 3 айлық ноттарды орналастыру бойынша (15,1 млрд. теңге), 6 айлық ноттарды орналастыру бойынша (15,1 млрд. теңге), 9 айлық ноттарды орналастыру бойынша (17,7 млрд. теңге) 3 аукцион өтті.

Орналастырылған ноттар бойынша тиімді кірістілік 3 айлықтар бойынша – 1,07%, 6 айлықтар бойынша – 1,51%, 9 айлықтар бойынша – 1,82% болды.

Айналыстағы ноттар көлемі 2012 жылғы қарашамен салыстырғанда 2012 жылғы желтоқсанның аяғында 29,3% қысқарып, 186,1 млрд. теңгені құрады.

6. 2012 жылдың 11 айындағы банкаралық ақша нарығы

2012 жылдың 11 айында орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемі 2011 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 36,8% азайып, баламасы 18,7 трлн. теңге болды.

Орналастырылған теңгедегі банкаралық депозиттердің көлемі 61,6% төмендеп, 5,1 трлн. теңге (2012 жылдың 11 айында орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 27,4%) болды. Бұл ретте орналастырылған теңгедегі банкаралық депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2011 жылғы қарашадағымен салыстырғанда 2012 жылғы қарашада 0,07 пайыздық тармаққа ұлғайып, 0,74%-ды құрады.

Ұлттық Банк екінші деңгейдегі банктерден тартқан депозиттердің көлемі 2011 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 2012 жылдың 11 айында 62,2%-ға төмендеп, 4,9 трлн. теңгені құрады.

2012 жылдың 11 айында орналастырылған доллардағы депозиттердің көлемі 11,0% азайды және 83,8 млрд. АҚШ долл. (2012 жылғы 11 айда орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 66,9%) құрады. Орналастырылған доллардағы депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2012 жылғы қарашада 0,18% болды, 2011 жылғы қарашада ол 0,23% болған.

Еуроодағы орналастырылған депозиттердің көлемі 2011 жылғы 11 айдағымен салыстырғанда 64,0%-ға төмендеп, 3,2 млрд. еуроны (2012 жылдың 11 айында орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 3,2%) құрады. Орналастырылған еуро депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2011 жылғы қарашадағы 0,60%-дан 2012 жылғы қарашада 0,15%-ға дейін төмендеді.

Рубльдегі депозиттерге орналастыру көлемі 2012 жылғы 11 айда орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінен шамалы – 2,5% болып қалуда.

7. 2012 жылғы 11 ай ішіндегі депозит нарығы. Резиденттердің депозиттік ұйымдардағы депозиттерінің көлемі 2012 жылғы қаңтар-қараша ішінде 8,3%-ға 9085,5 млрд. теңгеге дейін артты. Заңды тұлғалардың депозиттері 3,7%-ға 5874,4 млрд. теңгеге дейін, жеке тұлғалардың депозиттері 17,9%-ға 3211,1 млрд. теңгеге дейін өсті.

2012 жылғы қаңтар-қарашада ұлттық валютадағы депозиттердің көлемі 8,6%-ға 6252,1 млрд. теңгеге дейін ұлғайды, шетел валютасындағы депозиттердің көлемі 7,7%-ға 2833,4 млрд. теңгеге дейін өсті. Теңгедегі депозиттердің үлес салмағы 2011 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2012 жылғы қарашада 68,6%-дан 68,8%-ға дейін ұлғайды.

Банктердегі халықтың салымдары (резидент еместерді қоса есептегенде) 2012 жылғы қаңтар-қарашада 17,6%-ға 3245,2 млрд. теңгеге дейін артты. Халықтың салымдары құрылымында теңгедегі депозиттер 20,3%-ға 1922,9 млрд. теңгеге дейін ұлғайды, шетел валютасындағы депозиттер 13,9%-ға 1322,3 млрд. теңгеге дейін өсті. Нәтижесінде теңгедегі депозиттердің үлес салмағы 2011 жылғы желтоқсандағы 57,9%-бен салыстырғанда 2012 жылғы қарашада 59,3%-ға дейін артты.

2012 жылғы қарашада банктік емес заңды тұлғалардың теңгедегі мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2,1% (2011 жылғы желтоқсанда – 2,7%), ал жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 8,3% (8,4%) болды.

8. 2012 жылғы 11 ай ішіндегі кредит нарығы. 2012 жылғы қаңтар-қараша ішінде банктердің экономиканы кредиттеуінің жалпы көлемі 9737,5 млрд. теңгені құрап, 10,5%-ға өсті.

Ұлттық валютадағы кредиттердің көлемі 6811,5 млрд. теңгеге дейін 19,9% артты, шетел валютасында 2926,0 млрд. теңгеге дейін 6,5%-ға төмендеді. Теңгедегі кредиттердің үлес салмағы 2011 жылғы

желтоқсанмен салыстырғанда 2012 жылғы қарашада 64,5%-дан 70,0%-ға дейін өсті.

2012 жылғы қаңтар-қарашада ұзақ мерзімді кредиттеу 7844,2 млрд. теңгеге дейін 10,2% ұлғайды, қысқа мерзімді кредиттеу 1893,4 млрд. теңгеге дейін 11,7%-ға өсті. Нәтижесінде ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы 2011 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2012 жылғы қарашада 80,8%-дан 80,6%-ға дейін төмендеді.

2012 жылғы қаңтар-қарашада заңды тұлғаларға кредиттер 6939,1 млрд. теңгені құрап, 7,3%-ға артты, жеке тұлғаларға – 2798,4 млрд. теңгеге дейін 19,3%-ға ұлғайды. Жеке тұлғаларға берілген кредиттердің үлес салмағы 2011 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2012 жылғы қарашада 26,6%-дан 28,7%-ға дейін артты.

2012 жылғы қаңтар-қарашада шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу 1390,5 млрд. теңгеге дейін 3,6%-ға ұлғайды, бұл экономикаға берілген кредиттердің жалпы көлемінің 14,3% (2011 жылғы желтоқсанда – 15,2%) құрайды.

Банктердің экономикаға берілген кредиттерінің неғұрлым айтарлықтай сомасы салалық бөлуде сауда 20,0% (2011 жылғы желтоқсанда – 20,8%), құрылыс 14,2% (15,1%), өнеркәсіп 12,0% (12,0%), ауыл шаруашылығы 3,0% (3,9%) сияқты салаларға тиесілі.

2012 жылғы қарашада банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютада берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 10,7% (2011 жылғы желтоқсанда – 10,8%), жеке тұлғаларға – 21,4% (20,4%) құрады.

2013 жылғы шетел валюталарының ресми айырбастау бағамдары


		30-03.01	04.01	05-08.01	09.01	10.01	11.01	12-14.01	15.01	16.01	17.01
Австралия доллары	AUD	156,35	157,99	157,17	158,02	158,46	159,43	159,48	159,48	159,37	158,79
Ағылшын фунт стерл.	GBP	243,72	244,2	241,7	242,24	242,07	241,64	243,68	243,36	242,72	241,21
Белорусь рублі	BYR	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02
БРАЗИЛИЯ РЕАЛЫ	BRL	0,69	0,68	0,68	74,49	73,83	73,9	74,39	74,38	74,14	74,13
Венгер форингі	HUF			0,68	0,68	0,68	0,68	0,68	0,68	0,69	0,68
1 Гонконг доллары	HKD			19,43	19,43	19,44	19,47	19,47	19,47	19,46	19,44
Даг кронасы	DKK	26,71	26,54	26,28	26,5	26,45	26,43	26,83	27,01	27,04	26,81
Дихрам БАӘ	AED	41,04	40,94	41	41,01	41,03	41,09	41,09	41,09	41,07	41,03
АҚШ доллары	USD	150,74	150,37	150,59	150,61	150,7	150,93	150,92	150,91	150,85	150,7
Еуро	EUR	199,22	197,96	195,99	197,65	197,25	197,17	200,15	201,53	201,7	199,98
Канада доллары	CAD	151,33	152,66	152,08	152,83	152,84	153,1	153,48	153,41	153,41	152,81
Қытай юаны	CNY	24,19	24,14	24,17	24,2	24,2	24,25	24,28	24,27	24,28	24,24
Кувейт динары	KWD	536,25	534,55	534,39	534,84	534,97	535,21	535,75	536,09	536,64	535,54
Қырғыз сомы	KGS	3,18	3,17	3,18	3,18	3,18	3,19	3,18	3,18	3,18	3,18
Лагвия латы	LVL	285,6	283,72	281,16	283,69	283,16	283,28	287,47	289,27	289,43	286,88
Литва литі	LTL	57,71	57,36	56,79	57,27	57,14	57,13	57,98	58,4	58,44	57,94
Малазия ринггиті	MYR			49,53	49,53	49,63	49,84	49,97	50,04	50,12	49,97
Молдова лейі	MDL	12,56	12,49	12,47	12,49	12,44	12,4	12,42	12,45	12,45	12,42
Норвег кронасы	NOK	26,98	27,06	26,92	26,97	26,93	26,97	27,31	27,33	27,39	26,98
Польша злотыйы	PLN	48,93	48,61	47,78	47,94	47,96	48,35	48,9	48,81	49,1	48,44
Сауд Аравиясының риялы	SAR	40,2	40,1	40,16	40,16	40,19	40,25	40,24	40,24	40,23	40,19
Ресей рублі	RUB	4,96	4,99	4,96	4,98	4,96	4,97	4,99	4,99	5	4,96
СДР	XDR	231,68	231,6	230,94	230,02	230,88	230,67	230,89	231,76	232,18	232,02
Сингапур доллары	SGD	123,25	123,09	122,55	122,55	122,92	123,09	123,13	123,06	123,22	123,05
Тәжік сомониі	TJS	31,68	31,6	31,65	31,65	31,67	31,72	31,72	31,71	31,7	31,67
1 түрік лирі	TRY	84,31	84,53	84,39	84,64	84,88	85,03	85,41	85,26	85,32	85,05
Өзбек сумы	UZS	0,08	0,08	0,08	0,08	0,08	0,08	0,08	0,08	0,08	0,08
Украин гривнасы	UAH	18,75	18,77	18,75	18,76	18,66	18,63	18,62	18,54	18,61	18,59
Чех кронасы	CZK	7,94	7,85	7,76	7,74	7,73	7,66	7,8	7,86	7,89	7,82
Швед кронасы	SEK	23,15	23,14	23,03	23,12	23	23,01	23,25	23,35	23,42	23,07
Швейцар франкі	CHF	165,09	163,68	162,12	163,49	163,24	163,13	164,51	164,98	163,54	162,13
Оңтүстік Африка рандысы	ZAR	17,8	17,65	17,51	17,55	17,65	17,58	17,44	17,34	17,28	17,06
100 оңтүстік корей воны	KRW	14,13	14,17	14,16	14,17	14,2	14,24	14,31	14,29	14,28	14,23
1 жапон йенасы	JPY	1,75	1,73	1,71	1,72	1,72	1,71	1,7	1,69	1,7	1,71

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ СЕКТОРЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ

1. ВАЛЮТА НАРЫҒЫ

	Кезең соңындағы ресми бағам	Кезеңдегі орташа алынған биржалық бағам, кезең үшін		Қазақстан қор биржасының сауда- саттық көлемі
	USD/KZT	USD/KZT	%*	млн. \$
19.12-21.12	150,49	150,41	0,04	882,45
24.12-29.12	150,29	150,36	-5,76	1 451,30
03.01-04.01	150,37	150,47	0,07	114,05
03.01.2013	150,74	150,37	-0,25	62,50
04.01.2013	150,37	150,59	0,15	51,55
08.01-11.01	150,93	150,83	0,24	679,90
08.01.2013	150,59	150,61	0,01	109,45
09.01.2013	150,61	150,70	0,06	146,85
10.01.2013	150,70	150,93	0,15	330,60
11.01.2013	150,93	150,92	-0,01	93,00

* - өткен кезеңге өзгерістер




2. МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ

Мемлекеттік бағалы қағаздардың бастапқы нарығы

	сұраныстың ұсыныстан артуы, есе	сұраныстың қанағаттандырылуы, %	Кезеңдегі орташа тиімді түсімділік, %	қанағаттандырылған сұраныс көлемі млрд. теңге
Қаржы министрлігінің МБҚ				
12.11-16.11	2.1	27.1	4.06	4.6
19.11-23.11	1.3	22.4	5.75	2.1
26.11-30.11	0.5	50.6	5.58	2.6
04.12-07.12	3.4	56.3	6.00	13.2
10.12-14.12	3.1	56.4	5.37	12.3
19.12-21.12	0.3	52.0	6.70	1.4
24.12-29.12	0.7	20.5	6.35	2.0
03.01-04.01	-	-	-	-
08.01-11.01	2.3	79.5	5.58	18.0
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттары				
12.11-16.11	-	-	-	-
19.11-23.11	-	-	-	-
26.11-30.11	-	-	-	-
04.12-07.12	-	-	-	-
10.12-14.12	0.30	100	1.51	15.1
19.12-21.12	0.30	100	1.07	15.1
24.12-29.12	0.35	100	1.82	17.7
03.01-04.01	0.25	100	1.05	5.0
08.01-11.01	-	-	-	-

Теңгемен номинирленген МБҚ нарығы



Айналыстағы мемлекеттік бағалы қағаздар (дисконтталған құны бойынша)

	Көлемі млн.теңге				
	Барлығы	оның ішінде Қаржы министрлігінің МБҚ			оның ішінде ҚҰБ ноттары
		ұзақ мерзімді	орташа мерзімді	қысқа мерзімді	
31.10.12	3 002 754,19	2 049 747,69	547 322,6	79 993,36	325 690,54
09.11.12	3 010 280,63	2 083 733,02	558 493,93	89 810,47	278 243,21
16.11.12	3 013 609,34	2 089 984,83	570 772,17	89 810,47	263 041,87
23.11.12	3 008 005,43	2 094 015,20	561 137,75	89 810,47	263 041,87
30.11.12	3 112 600,37	2 197 304,71	562 443,27	89 810,47	263 041,87
07.12.12	3 064 668,55	2 210 526,79	547 443,26	77 864,61	228 833,89
14.12.12	3 094 060,32	2 210 526,79	572 839,13	80 816,61	229 877,78
21.12.12	3 112 637,01	2 214 042,75	572 839,13	80 816,61	244 938,52
29.12.12	3 091 265,03	2 237 571,87	586 778,14	80 816,61	186 098,41
04.01.13	3 085 280,63	2 237 571,87	586 778,14	80 816,61	180 114,01
11.01.13	3 089 820,30	2 237 571,87	604 812,84	67 321,57	180 114,01

3. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЕУРОНОТТАР НАРЫҒЫ


	2003 ж. шығарылым
Шығару кезіндегі кірістілік	7,637
08.01.2013	2,237
09.01.2013	2,042
10.01.2013	2,071
11.01.2013	2,054
<i>эмиссия басынан бері</i>	-5,583
<i>апта үшін</i>	-0,183



4. ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІ

	БААЖ			БТЖ		
	Саны, мың	Көлемі, млрд. теңге	Көлемінің өзгеруі %	Саны, мың	Көлемі, млрд. теңге	Көлемінің өзгеруі %
03.01-04.01	70,1	1 627,7	-47,3	62,3	17,6	-77,1
08.01-11.01	160,7	1 982,3	-63,5	265,5	50,1	-69,4


Банкаралық ақша аудару жүйесі




5. ӘЛЕМДІК ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ТАУАР НАРЫҚТАРЫ

Индекс	Тармақтардағы мәні		Өзгеруі	
	04.01.2013	11.01.2013	кезең үшін	2001ж. желтоқсаннан бастап
Dow Jones	13 435,21	13 488,43	0,40%	33,06%
Nikkei 225	10 688,11	10 801,57	1,06%	2,46%
DAX	7 776,37	7 715,53	-0,78%	49,52%
FTSE	6 089,84	6 121,58	0,52%	17,75%
Hang Seng	23 331,09	23 264,07	-0,29%	103,51%


Dow Jones және Nikkei 225 индекстерінің динамикасы



Бағамы	Мәні		Өзгеруі	
	04.01.2013	11.01.2013	кезең үшін	2001ж. желтоқсаннан бастап
USD/JPY	88,15	89,19	1,18%	-31,97%
GBP/USD	1,6069	1,6134	0,40%	11,17%
EUR/USD	1,3069	1,3343	2,10%	50,68%
USD/RUR	30,37	30,37	-0,03%	-0,43%




Тауарлар	Өлшем бірлігі	Бағасы, АҚШ долл.		Өзгеруі	
		04.01.2013	11.01.2013	кезең үшін	2001 ж. жел. бастап.
алтын	тр.ун.	1655,7	1662,8	0,43%	501,05%
мыс	метр.тонна	8 055,0	8 017,0	-0,47%	448,94%
мырыш	метр.тонна	2 008,8	1 991,3	-0,87%	158,10%
мұнай	баррель	111,36	110,59	-0,69%	444,78%
астық	тонна	274,01	277,5	1,27%	175,13%



6. БАНКАРАЛЫҚ АҚША НАРЫҒЫ

	Резидент банктер				Резидент емес банктер			
	1 айға дейін		1 айдан астам		1 айға дейін		1 айдан астам	
	Орналас- тырылған депозиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)	Орналас- тырылған депозит- тер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)	Орналас- тырылған депозиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)	Орналас- тырылған депозиттер көлемі*	Орташа алын- ған сый- ақы мөл- шер- лемесі (%)
26.11.12-30.11.12								
KZT	24 000 000	0,78	200 000	1,00	4 000 000	8	0	0,00
USD	59 000	0,48	0	0,00	2 106 157	0,10	35 247	5,31
EURO	0	0,00	0	0,00	45 000	0,02	3 000	3,75
RUR	0	0,00	0	0,00	2 199 000	5,59	0	0,00
03.12.12-07.12.12								
KZT	17 520 000	0,76	200 000	1,00	1 620 001	3	0	0,00
USD	0	0,00	0	0,00	2 598 833	0,09	0	0,00
EURO	3 000	0,45	0	0,00	0	0,00	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	1 156 500	5,49	0	0,00
10.12.12-14.12.12								
KZT	27 000 000	0,70	500 000	6,00	0	0	0	0,00
USD	0	0,00	0	0,00	2 247 200	0,07	58 384	0,21
EURO	0	0,00	0	0,00	4 500	3,25	19 000	3,10
RUR	0	0,00	0	0,00	2 441 000	5,54	0	0,00
17.12.12-21.12.12								
KZT	17 720 000	0,91	0	0,00	1 000 000	4	0	0,00
USD	0	0,00	100	0,00	2 366 824	0,06	407 000	0,55
EURO	0	0,00	0	0,00	0	0,00	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	1 151 000	5,86	0	0,00


*- валюта мың бірлігі



Биржадан тыс банкаралық валюталық операциялар (сату)

Кезеңдер, валютаның түрлері	Мәмілелер- дің жалпы көлемі (валюта мың бірлігі)	оның ішінде резидент банктер		Орташа алынған мәміле бағамы, бір валюта үшін теңгемен	оның ішінде: оның ішінде резидент банктер
		(валюта мың бірлігі)	%*		
26.11.12-30.11.12					
USD	782 269	438 550	56,1	150,24	150,27
RUB	25 056	11 000	43,9	4,85	4,85
EUR	6 925	6 925	100,0	195,10	195,10
03.12.12-07.12.12					
USD	413 276	248 495	60,1	150,39	150,41
RUB	105 999	93 054	87,8	4,88	4,88
EUR	5 651	5 651	100,0	196,18	196,18
10.12.12-14.12.12					
USD	630 576	469 540	74,5	150,40	150,42
RUB	152 679	139 950	91,7	4,90	4,90
EUR	5 235	5 235	100,0	195,81	195,81
17.12.12-21.12.12					
USD	1 865 276	1 786 781	95,8	150,59	150,60
RUB	42 211	25 500	60,4	4,91	4,90
EUR	2 972	2 972	100,0	199,26	199,26

*резидент банктердің мәмілелерінің жалпы
мәмілелер көлеміне үлес салмағы



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2013 жылғы 25 қаңтар

№ 19

Сункар Алмазович Исабаевқа актуарлық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) ұсынысын қарап, «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабы 16) тармақшасының, 59-бабының 1-тармағы 1-1) және 6) тармақшасының негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Актуарий уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде бекітілген актуарийлерді оқытудың міндетті ең қысқа бағдарламасы бойынша емтихандарды уәкілетті орган белгілеген мерзімде тапсырмағаны, сондай-ақ уәкілетті орган қолданған шектеулі ықпал ету шараларының талаптарын орындамағаны үшін Сункар Алмазович Исабаевқа актуарлық қызметті жүзеге асыруға берілген 2009 жылғы 23 қаңтардағы №68 лицензияның (бұдан әрі - Лицензия) қолданылуы алты ай мерзімге тоқтатыла тұрсын.

Осы қаулы Сункар Алмазович Исабаевқа жіберілген күннен бастап Лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған деп саналады.

2. Сункар Алмазович Исабаевқа Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру мерзімі аяқталғанға дейін актуарлық қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2013 жылғы 25 қаңтар

№ 20

Инесса Афанасьевна Деге сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүргізуге берілген
лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) ұсынысын қарап, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 43-бабы 16) тармақшасының, 59-бабының 1-тармағы 4) тармақшасының негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Актуарий Заңның 40-бабының 4-тармағына сәйкес біліктілік емтиханын тапсырмағаны үшін Инесса Афанасьевна Деге сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүргізуге берілген 2002 жылғы 16 шілдедегі №20 лицензияның (бұдан әрі - Лицензия) қолданылуы үш ай мерзімге тоқтатыла тұрсын.

Осы қаулы Инесса Афанасьевна Деге жіберілген күннен бастап Лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған деп саналады.

2. Инесса Афанасьевна Деге Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру мерзімі аяқталғанға дейін актуарлық қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2013 жылғы 25 қаңтар

№ 21

Ермек Касымович Кадырбаевқа сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүргізуге
берілген лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) ұсынысын қарап, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 43-бабы 16) тармақшасының, 59-бабының 1-тармағы 4) тармақшасының негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Актуарий Заңның 40-бабының 4-тармағына сәйкес біліктілік емтиханын тапсырмағаны үшін Ермек Касымович Кадырбаевқа сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүргізуге берілген 2004 жылғы 11 ақпандағы №30 лицензияның (бұдан әрі - Лицензия) қолданылуы үш ай мерзімге тоқтатыла тұрсын.

Осы қаулы Ермек Касымович Кадырбаевқа жіберілген күннен бастап Лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған деп саналады.

2. Ермек Касымович Кадырбаевқа Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру мерзімі аяқталғанға дейін актуарлық қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2013 жылғы 25 қаңтар

№ 22

Джей Блейр Морроуға сақтандыру нарығында актуарлық қызметті
жүргізуге берілген лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) ұсынысын қарап, «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 43-бабы

16) тармақшасының, 59-бабының 1-тармағы 4) тармақшасының негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Заңның 40-бабы 4-тармағына сәйкес актуарийдің біліктілік емтиханын тапсырмағаны үшін Джей Блейр Морроуға сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүргізуге берілген 2005 жылғы 16 маусымдағы № 34 лицензияның (бұдан әрі – Лицензия) қолданылуы үш ай мерзімге тоқтатыла тұрсын.

Лицензияның қолданылуы осы қаулыны Джей Блейр Морроуға жіберген күннен бастап тоқтатыла тұрған деп саналады.

2. Джей Блейр Морроуға Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру мерзімі аяқталғанға дейін актуарлық қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2013 жылғы 25 қаңтар

№ 23

Асем Орынбековна Нурбаеваға актуарлық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) ұсынысын қарап, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабы 16) тармақшасының, 59-бабының 1-тармағы 1-1) және б) тармақшаларының негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Актуарийдің уәкілетті орган белгілеген мерзімдерде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен бекітілген актуарийлерді оқытудың ең аз міндетті бағдарламасы бойынша емтихандарды тапсырмағаны, сондай-ақ уәкілетті орган қолданған шектеулі ықпал ету шараларының талаптарын орындамағаны үшін Асем Орынбековна Нурбаеваға актуарлық қызметті жүзеге асыруға берілген 2011 жылғы 14 ақпандағы №2.4.79 лицензияның (бұдан әрі – Лицензия) қолданылуы алты ай мерзімге тоқтатыла тұрсын.

Лицензияның қолданылуы осы қаулыны Асем Орынбековна Нурбаеваға жіберген күннен бастап тоқтатылды деп саналады.

2. Асем Орынбековна Нурбаеваға Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру мерзімі өткенге дейін актуарлық қызметті жүзеге асыруына тыйым салынады.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ**

Алматы қаласы

2013 жылғы 25 қаңтар

№ 24

**Ильяс Молдағалиевич Глеппаевқа актуарлық қызметті жүзеге асыруға берілген
лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) ұсынысын қарап, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабы 16) тармақшасының, 59-бабының 1-тармағы 1-1) және 6) тармақшаларының негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Актуарийдің уәкілетті орган белгілеген мерзімдерде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен бекітілген актуарийлерді оқытудың ең аз міндетті бағдарламасы бойынша емтихандарды тапсырмағаны, сондай-ақ уәкілетті орган қолданған шектеулі ықпал ету шараларының талаптарын орындамағаны үшін Ильяс Молдағалиевич Глеппаевқа актуарлық қызметті жүзеге асыруға берілген 2009 жылғы 23 қаңтардағы №67 лицензияның (бұдан әрі – Лицензия) қолданылуы алты ай мерзімге тоқтатыла тұрсын.

Лицензияның қолданылуы осы қаулыны Ильяс Молдағалиевич Глеппаевқа жіберген күннен бастап тоқтатылды деп саналады.

2. Ильяс Молдағалиевич Глеппаевқа Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру мерзімі өткенге дейін актуарлық қызметті жүзеге асыруына тыйым салынады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2013 жылғы 25 қаңтар

№ 25

Сакен Жеткербаевич Шандыбаевқа актуарлық қызметті жүзеге асыруға
берілген лицензияның қолданылуын
тоқтата тұру туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) ұсынысын қарап, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабы 16) тармақшасының және 59-бабының 1-тармағы 1-1) және

б) тармақшаларының негізінде – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Актуарий уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде бекітілген актуарийлерді оқытудың міндетті ең қысқа бағдарламасы бойынша емтихандарды уәкілетті орган белгілеген мерзімде тапсырмағаны, сондай-ақ уәкілетті орган қолданған шектеулі ықпал ету шараларының талаптарын орындамағаны үшін Сакен Жеткербаевич Шандыбаевқа актуарлық қызметті жүзеге асыруға берілген 2008 жылғы 16 қазандағы № 60 лицензияның (бұдан әрі – Лицензия) қолданылуы алты ай мерзімге тоқтатыла тұрсын.

Осы қаулы Сакен Жеткербаевич Шандыбаевқа жіберілген күннен бастап Лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған деп саналады.

2. Сакен Жеткербаевич Шандыбаевқа Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру мерзімі аяқталғанға дейін актуарлық қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2012 жылғы 29 қазан

№ 331

«ТАИБ Қазақ Банкі» Еншілес банкі акционерлік қоғамына жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банк шоттарын ашу және жүргізу бөлігінде және заңды тұлғалардың депозиттерін қабылдау және банк шоттарын ашу бөлігінде ұлттық және шетел валютасында банктер жүзеге асыратын банк және өзге операцияларды жүргізуге берілген лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) ұсынысын қарап, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 47-бабының 2-тармағы

б) тармақшасының, 48-бабының 1-тармағы м-1) тармақшасының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 32-тармағы 38) тармақшасының негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Банктің дауыс беретін және (немесе) орналастырылған акцияларының (артықшылықты және Банк сатып алған акцияларды шегергенде) жиырма бес пайызынан астамын тікелей иеленетін «ТАИБ Қазақ Банкі» Еншілес банкі акционерлік қоғамының банк холдингі Банктің меншікті капиталын ұлғайту бойынша уәкілетті органның талаптарын орындамауына байланысты (жеке тұлғалардың банк шоттарын жабу жағдайларын қоспағанда) жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банк шоттарын ашу және жүргізу бөлігінде және заңды тұлғалардың депозиттерін қабылдау және банк шоттарын ашу бөлігінде Банк Лицензиясының қолданылуы алты ай мерзімге тоқтатыла тұрсын.

2012 жылғы 1 қарашадан бастап (жеке тұлғалардың банк шоттарын жабу жағдайларын қоспағанда) жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банк шоттарын ашу және жүргізу бөлігінде және заңды тұлғалардың депозиттерін қабылдау және банк шоттарын ашу бөлігінде Банк Лицензиясының қолданылуы тоқтатыла тұрды деп саналады.

2. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

3. Банкке Лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған мерзім аяқталғанға дейін (жеке тұлғалардың банк шоттарын жабу жағдайларын қоспағанда) жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банк шоттарын ашу және жүргізу бөлігінде және заңды тұлғалардың депозиттерін қабылдау және банк шоттарын ашу бөлігінде ұлттық және шетел валютасында банк операцияларын жүргізуге тыйым салынады.

4. Банк 2012 жылғы 10 желтоқсаннан бастап әр айдың оны күні Комитетке анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар туралы хабардар етуге міндетті.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2012 жылғы 24 тамыз

№ 251

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының төлемділігін анықтау ережесін бекіту туралы» 2003 жылғы 26 желтоқсандағы № 477 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының төлемділігін айқындау тәртібін нақтылау мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының төлемділігін анықтау ережесін бекіту туралы» 2003 жылғы 26 желтоқсандағы № 477 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2689 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2004 жылғы 10 ақпанда № 30 (23668) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

қаулыда:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының төлемділігін айқындау қағидалары бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының төлемділігін анықтау ережесінде:

оң жақтағы жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2003 жылғы 26 желтоқсандағы
№ 477 қаулысымен
бекітілген»;

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының төлемділігін айқындау қағидалары»;

1-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жалпы ережелер және анықтамалар»;

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының төлемділігін айқындау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) филиалдарында, кассалық операцияларды жасауға лицензия алған екінші деңгейдегі банктерде және заңды тұлғаларда (бұдан әрі - уәкілетті банктер және заңды тұлғалар) Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен бағалы металдардан дайындалған монеталардан басқа монеталарының төлемділігін айқындау бойынша операцияларды және шынайылығы мен төлемділігі анықталғаннан кейін, олармен жекелеген операцияларды жасау тәртібін белгілейді.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Ақша айналысынан алынған банкноттар мен монеталар, сондай-ақ тесілген банкноттар мен қатпарланған монеталар заңды төлем құралы ретінде күшін жойған банкноттар мен монеталар болып табылады.»;

7-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) жаншылған, тесігі бар, майысқан, кетік, сынған (механикалық өңдеуге (қатпарлауға) ұшыраған монеталарды қоспағанда);»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Төлем банкноттары мен монеталарына жатқызуға болмайтын және Қағидалардың 6, 7, 13, 14-тармақтарында көрсетілмеген зақымдары (белгілері) бар банкноттар мен монеталар, заңды төлем құралы ретіндегі күшін жоғалтқан банкноттар мен монеталар, «ҮЛГІ» деген жазуы бар банкноттар төлемге жарамсыз банкноттар мен монеталар болып табылады.»;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Өзгерістер енгізілген банкноттың сыртқы түрін басқа номиналдағы түпнұсқа банкноттың түріне ұқсас ететіндей қылып, банкноттың номиналын өзгертетін сурет жапсырылған, үстіне сурет салынған немесе мәтін не сандар басылған түпнұсқа банкноттар қайта жасалған банкноттар болып табылады және мұндай қайта жасалған банкнот қайта жасалғанға дейінгі банкнотта көрсетілген номиналдан басқаша өзге бір номинал бойынша түпнұсқа банкнот болып қателесіп қабылдануы мүмкін.

Бір фрагменті жалған болып табылатын бірнеше фрагменттен тұратын банкноттар да қайта жасалған банкноттарға жатқызылады.»;

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Айналыстан шығарылған, механикалық өңдеуден өткізілген (тесілген), банкноттардың заңды төлем құралы ретіндегі күшін жоғалтқанын куәландыратын тиісті белгілері (саңлаулары) бар банкноттар өтелген банкноттар болып табылады.

Ұлттық Банк өтелу белгілерінің сипаттамасын уәкілетті банктерге және заңды тұлғаларға жеке жібереді.»;

мынадай мазмұндағы 15-1-тармақпен толықтырылсын:

«15-1. Айналыстан алынған, механикалық өңдеуге (қатпарлауға) ұшыраған, монеталардың заңды төлем құралы ретіндегі күшін жоғалтқанын куәландыратын тиісті механикалық өңдеу (қатпарлау) белгілері бар монеталар қатпарлы монеталар болып табылады. Ұлттық Банк қатпарлау белгілерінің сипаттамасын уәкілетті банктерге және заңды тұлғаларға бөлек жібереді.»;

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«21. Қолдан жасалған және қайта жасалған банкноттар мен монеталар аумақтық құқық қорғау органдарына берілуі тиіс.»;

2-тарауда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Банкноттар мен монеталардың төлемділігін айқындау бойынша операцияларды және төлемділігі мен шынайылығы анықталғаннан кейін олармен жекелеген операцияларды жүзеге асыру»;

22-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Сараптама шынайы деп таныған банкноттар айналысқа жарамды банкноттарға айырбасталуы тиіс.»;

23-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Сараптама шынайы деп таныған монеталар айналысқа жарамды монеталарға айырбасталуы тиіс.»;

24 және 25-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«24. Уәкілетті банктерге және заңды тұлғаларға келіп түскен тозығы жеткен, ақаулы (бүлінген) төлем банкноттары мен монеталары іріктеледі, айналысқа шығарылмайды және Ұлттық Банктің филиалдарына жіберіледі.

25. Уәкілетті банктер мен заңды тұлғалар Қағидалардың 24-тармағында көрсетілген банкноттар мен монеталарды сөзге келместен, айналысқа жарамды банкноттар мен монеталарға айырбастайды және айырбастағаны үшін қосымша ақы алынбайды.»;

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«26. Қағидалардың 22, 23-тармақтарында көрсетілген күмәнді банкноттар мен монеталар олардың шынайылығы және оларды айырбастау мүмкіндігі жөніндегі мәселені шешу үшін міндетті түрде Ұлттық Банктің филиалдарына сараптамаға жіберіледі.»;

27-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«27. Уәкілетті банктер мен заңды тұлғалардың касса қызметкерлері зақым келген банкноттардың аман қалған көлемін анықтаған кезде арнайы торлар пайдаланылады (Қағидаларға 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9-қосымшалар).»;

28 және 29-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«28. Бірнеше фрагменттен тұратын банкнотты (оның ішінде әртүрлі номиналдыларын) зерттегенде, егер аталған фрагменттерді Ұлттық Банк белгілеген банкноттар көлемінің 50 %-дан (елу пайыздан) астамы сақтаған болса немесе бұл еш даусыз бір банкнотқа жататын бірнеше фрагмент болып, олардың жиынтық шамасы Ұлттық Банк белгілеген банкноттар көлемінің 50%-дан (елу пайыздан) астамын құраса, оларды (егер олар шынайы болса) айналысқа жарамдыларымен алмастыру керек екенін ескеру қажет. Мұндайда банкноттың қанша бөлікке айрылып жыртылғанына (кесілгеніне) мән берілмейді. Фрагменттерді талдаған кезде, жыртылған (кесілген) сызығы, сутамғы белгілері, графикалық суреттері, жиектерінің көлемі, серия нөмірлері назарға алынады.

29. Егер банкнот әртүрлі банкноттардың (оның ішінде әртүрлі номиналдағыларының) екі фрагментінен құралса және фрагменттердің әрқайсысының шамасы Банк белгілеген банкнот көлемінің 50 %-дан (елу пайыздан) астамын құраса, онда бұл фрагменттердің әрқайсысы жеке банкнот болып қарастырылады және ол шынайы болып табылған жағдайда, айналысқа жарамды банкноттарға айырбасталуы тиіс.»;

1-қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы
ұлттық валютасының банкноттары
мен монеталарының төлемділігін
айқындау қағидаларына
1-қосымша»;

2-қосымшада:

оң жақтағы жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы
ұлттық валютасының банкноттары
мен монеталарының төлемділігін
айқындау қағидаларына
2-қосымша»;

кестенің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қоса алғанда 2005 жылға дейін шығарылған, номиналы 10, 20, 50, 100, 200, 500, 1000 және 2000 теңге банкноттарының төлемділігін айқындауға арналған тор»;

3-қосымшада:

оң жақтағы жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы
ұлттық валютасының банкноттары
мен монеталарының төлемділігін
айқындау қағидаларына
3-қосымша»;

кестенің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қоса алғанда 2005 жылға дейін шығарылған, номиналы 5000 және 10000 теңге банкноттарының төлемділігін айқындауға арналған тор»;

4-қосымшада:

оң жақтағы жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы
ұлттық валютасының банкноттары
мен монеталарының төлемділігін
айқындау қағидаларына
4-қосымша»;

кестенің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің номиналы 200 теңге банкноттарының төлемділігін айқындауға арналған тор»;

5-қосымшада:

оң жақтағы жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы
ұлттық валютасының банкноттары
мен монеталарының төлемділігін
айқындау қағидаларына
5-қосымша»;

кестенің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің номиналы 500 теңге банкноттарының төлемділігін айқындауға арналған тор»;

6-қосымшада:

оң жақтағы жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы
ұлттық валютасының банкноттары
мен монеталарының төлемділігін
айқындау қағидаларына
6-қосымша»;

кестенің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің номиналы 1000 теңге банкноттарының төлемділігін айқындауға арналған тор»;

7-қосымшада:

оң жақтағы жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы
ұлттық валютасының банкноттары
мен монеталарының төлемділігін
айқындау қағидаларына
7-қосымша»;

кестенің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің номиналы 2000 теңге банкноттарының төлемділігін айқындауға арналған тор»;

8-қосымшада:

оң жақтағы жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы
ұлттық валютасының банкноттары
мен монеталарының төлемділігін
айқындау қағидаларына
8-қосымша»;

кестенің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің номиналы 5000 теңге банкноттарының төлемділігін айқындауға арналған тор»;

9-қосымшада:

оң жақтағы жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы
ұлттық валютасының банкноттары
мен монеталарының төлемділігін
айқындау қағидаларына
9-қосымша»;

кестенің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің номиналы 10000 теңге банкноттарының төлемділігін айқындауға арналған тор».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Әділет министірлігінде 2012 жылғы 8 қазанда № 7983 тіркелген*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2012 жылғы 24 тамыз

№ 253

Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының айналыстан алынатын және алынған банкноттары мен монеталарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының тозған және бүлінген банкноттары мен монеталарын айырбастау қағидаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының айналыстан алынатын және алынған банкноттары мен монеталарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының тозған және бүлінген банкноттары мен монеталарын айырбастау тәртібін белгілеу мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының айналыстан алынатын және алынған банкноттары мен монеталарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының тозған және бүлінген банкноттары мен монеталарын айырбастау қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Әділет министрілігінде 2012 жылғы 24 қыркүйекте № 7926 тіркелген*

Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының айналыстан алынатын және алынған банкноттары мен монеталарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының тозған және бүлінген банкноттары мен монеталарын айырбастау қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының айналыстан алынатын және алынған банкноттары мен монеталарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының тозған және бүлінген банкноттары мен монеталарын айырбастау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының айналыстан алынатын және алынған банкноттары мен монеталарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының тозған және бүлінген банкноттары мен монеталарын айырбастау тәртібін айқындайды.

3. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) айналыстан алынатын банкноттар мен монеталар - Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының ескі үлгідегі, заңды төлем құралы болып табылатын және жаңа үлгідегі банкноттармен және монеталармен қатар айналыста болатын банкноттары мен монеталары;

2) айналыстан алынған банкноттар мен монеталар - Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының ескі үлгідегі, заңды төлем құралы болуы тоқтатылған банкноттары мен монеталары;

3) банктер - екінші деңгейдегі банктер және Ұлттық почта операторы;

4) тозған және бүлінген банкноттар мен монеталар - Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының төлемділігін анықтау ережесін бекіту туралы» 2003 жылғы 26 желтоқсандағы № 477 қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2689 тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының төлемділігін анықтау ережесінде айқындалған бүлінулері бар банкноттары мен монеталары;

5) Ұлттық Банктің филиалдары - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) аумақтық филиалдары және Ұлттық Банктің Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығы (филиал).

2. Айналыстан алынатын және алынған банкноттар мен монеталарды айырбастау

4. Айналыстан алынатын банкноттар мен монеталар жаңа үлгідегі банкноттармен және монеталармен қатар айналыста болатын Ұлттық Банк Басқармасының қаулысымен белгіленген кезеңде заңды төлем құралы болып табылады, шектеулерсіз Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында төлемдердің барлық түрлері бойынша қабылданады, банк шоттарына есепке алынады, барлық банктерде және Ұлттық Банктің филиалдарында шектеусіз айырбасталады.

5. Айналыстан алынған банкноттар мен монеталарды банктер және Ұлттық Банктің филиалдары заңды төлем құралы болып табылатын банкноттарға және монеталарға:

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Айналыстағы ұлттық валютаның ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру ережесін бекіту туралы» 2000 жылғы 20 шілдедегі № 301 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1232

тіркелген) бекітілген Айналыстағы ұлттық валютаның ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру ережесінде:

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «1993 жылғы үлгідегі банкнотаны және металл ақшаны (теңгені) ақша айналымынан алу ережесін бекіту туралы» 2001 жылғы 6 тамыздағы № 301 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1646 тіркелген) 1993 жылғы үлгідегі банкнотаны және металл ақшаны (теңгені) ақша айналымынан алу ережесінде:

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Ұлттық валютаның 1993 жылғы үлгідегі банкноталарын ақша айналысынан алу туралы» 2006 жылғы 25 шілдедегі № 71 қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4342 тіркелген) белгіленген уақыт кезеңі ішінде және тәртіппен айырбастайды.

3. Тозған және бүлінген банкноттар мен монеталарды айырбастау

6. Тозған және бүлінген банкноттар мен монеталар заңды төлем құралы болып табылады.

7. Тозған және бүлінген банкноттар мен монеталар барлық банктерде және Ұлттық Банктің филиалдарында белгіленген құны бойынша, қандай да болмасын шектеулерсіз айырбасталады.

8. Банктерге түскен тозған және бүлінген банкноттар мен монеталар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда касса операцияларын және банкноталарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау операцияларын жүргізу ережесін бекіту туралы» 2001 жылғы 3 наурыздағы № 58 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1482 тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда касса операцияларын және банкноталарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау операцияларын жүргізу ережесінде белгіленген тәртіппен сұрыпталады, айналысқа жіберілмейді және Ұлттық Банктің филиалдарына өткізіледі.

9. Тозған және бүлінген банкноттар мен монеталардың түпнұсқалығына күмән болған жағдайда, олар түпнұсқалығын анықтау үшін банкке өткізіледі. Банк оларды сараптамаға Ұлттық Банктің филиалына түпнұсқалығын анықтау үшін жібереді.

Ұлттық Банктің филиалы тозған және бүлінген банкноттар мен монеталарды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдарында заңды және жеке тұлғалармен кассалық операциялар жүргізу ережесін бекіту туралы» 2003 жылғы 26 желтоқсандағы № 467 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2685 тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдарында заңды және жеке тұлғалармен кассалық операциялар жүргізу ережесіне сәйкес сараптамадан өткізеді және айырбастайды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2012 жылғы 24 тамыз

№ 255

Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарын Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің сату және сатып алу қағидаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сату және сатып алу тәртібін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сату және сатып алу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ұлттық валютаның банкноттары мен монеталарын сату және сатып алу ережесін бекіту туралы» 2005 жылғы 12 желтоқсандағы № 163 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4020 тіркелген, 2006 жыл 3 ақпанда «Заң газеті» газетінде № 18-19(825) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Әділет министрілігінде 2012 жылғы 24 қыркүйекте № 7925 тіркелген*

Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарын Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің сату және сатып алу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сату және сатып алу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) сату және сатып алу тәртібін айқындайды.

2. Қағидалардың ережелері Ұлттық Банктің орталық аппаратының бөлімшелеріне, Ұлттық Банктің аумақтық филиалдарына, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығына (филиал), жеке және заңды тұлғаларға қолданылады.

3. Қағидалардың ережелері Ұлттық Банктің банкноттарды және айналыста жүретін монеталарды ұсақтау, тозған банкноттар мен ақаулы (бүлінген) монеталарды, сондай-ақ заңды төлем құралы болып табылмайтын банкноттар мен монеталарды айырбастау бойынша операциялар жүргізуіне байланысты қатынастарға қолданылмайды.

2. Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

4. Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) айналыстағы монеталар - бағалы емес металдардан жасалған және қолма-қол ақша айналысына арналған монеталар;

2) белгіленген құн - банкноттардың, монеталардың номиналы бойынша құны;

3) инвестициялық монеталар - бағалы қымбат металдардан жасалған, инвестициялау және жинақтау объектісі болып табылатын монеталар;

4) Кассалық операциялар орталығы - Ұлттық Банктің Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығы (филиал);

5) коллекциялық монеталар - арнайы бедерленген, бағалы және сол сияқты бағалы емес металдардан шектеулі таралыммен дайындалған, инвестициялау және жинақтау объектісі болып табылатын мерейтойлық, ескерткіш және өзге де монеталар;

6) монеталарға арналған арнайы орау - монеталар жиынтығын жасауға арналған қапсула, қорапша, термовакуумдық, полиграфиялық, сыйлыққа арналған, альбом орауы және Ұлттық Банктің тапсырысы бойынша басқа орау;

7) сарапшы (касса қызметкері) - Ұлттық Банк филиалының монеталарға сараптама жүргізуді жүзеге асыратын касса қызметкері;

8) Ұлттық Банктің Интернет-дүкені - Ұлттық Банк Интернет-ресурсының жеке және заңды тұлғалардың Ұлттық Банк шығаратын, бағалы металдардан жасалған монеталарды сатып алуға тапсырыстарын орналастыруға арналған, бағалы металдардан жасалған монеталар үшін ақы төлеуді жүзеге асыруға арналған, сондай-ақ бағалы металдардан жасалған, сатып алынған монеталарды жеткізуге арналған тапсырысты орналастыруға және бағалы металдардан жасалған монеталарды сатып алуға арналған тапсырыстың жағдайын қарап көруге арналған бөлімі;

9) Ұлттық Банктің филиалы - Ұлттық Банктің өзінің ережесіне сәйкес бағалы металдан жасалған ұлттық валютаны қабылдауға және сатып алуға уәкілетті аумақтық филиалы.

3. Банкноттарды және айналыстағы монеталарды сату және сатып алу

5. Заңды және жеке тұлғаларға банкноттарды және айналыстағы монеталарды сатуды, сондай-ақ оларды заңды және жеке тұлғалардан сатып алуды Ұлттық Банктің филиалдары және Кассалық операциялар орталығы жүзеге асырады.

6. Банкноттарды және айналыстағы монеталарды сату бағасы олардың белгіленген құнына теңеледі.

7. Банкноттарды және айналыстағы монеталарды сату, сондай-ақ сатып алу Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдарында заңды және жеке тұлғалармен кассалық операциялар жүргізу ережесін бекіту туралы» 2003 жылғы 26 желтоқсандағы № 467 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2685 тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдарында заңды және жеке тұлғалармен кассалық операциялар жүргізу ережесінің (бұдан әрі - № 467 Ереже) 16 және 31-тармақтарында көрсетілген құжаттар негізінде жүргізіледі.

8. Банкноттарды және айналыстағы монеталарды сату және сатып алу кезінде қолма-қол ақшаны қабылдау бойынша кассалық операцияларды жүргізу № 467 Ережеде айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Инвестициялық және коллекциялық монеталарды сату және сатып алу

9. Заңды және жеке тұлғаларға инвестициялық және коллекциялық монеталарды сатуды Ұлттық Банктің филиалдары және Кассалық операциялар орталығы қолма-қол ақшамен не қолма-қол емес тәртіппен жүзеге асырады.

Бағалы металдан жасалған инвестициялық және коллекциялық монеталарды сатуды Ұлттық Банктің Интернет-дүкені арқылы жүзеге асыруға рұқсат етіледі.

10. Бағалы металдан жасалған инвестициялық және коллекциялық монеталарды сату бағасы Ұлттық Банк Директорлар кеңесінің қаулысымен белгіленеді.

Бағалы металдан жасалған инвестициялық және коллекциялық монеталарды Ұлттық Банктің Интернет-дүкені арқылы сату кезінде сату бағасына монетаның босату бағасы, сондай-ақ монеталарды жеткізу шығыстары қосылады.

11. Бағалы емес металдардан жасалған, монеталарға арналған арнайы орауы жоқ коллекциялық монеталарды сату бағасы номиналға тең болады. Бағалы емес металдардан жасалған, монеталарға арналған арнайы орауы жоқ коллекциялық монеталарды сату бағасына монетаның номиналы және монеталарға арналған арнайы ораудың құны кіреді.

12. Заңды және жеке тұлғалардан инвестициялық және коллекциялық монеталарды сатып алуды Ұлттық Банктің филиалдары және Кассалық операциялар орталығы жүзеге асырады.

13. Ұлттық Банк филиалының немесе Кассалық операциялар орталығының бағалы металдан жасалған инвестициялық немесе коллекциялық монеталарды қабылдаған сарапшысы (касса қызметкері) Қағидалардың 1-қосымшасында белгіленген нысан бойынша сатып алуға арналған монеталарды қабылдау актісін екі данада жасайды, олардың біреуі Ұлттық Банктің филиалында немесе Кассалық операциялар орталығында қалады, ал басқасы инвестициялық немесе коллекциялық монетаны тапсырған тұлғаға беріледі.

14. Сатып алу үшін қабылданған, бағалы металдан жасалған инвестициялық немесе коллекциялық монета монета жасалған металды, металдың сынамын және бағалы металдың монетадағы таза химиялық граммдағы салмағын анықтау үшін сараптамаға жіберілді.

15. Бағалы емес металдан жасалған коллекциялық монеталарды сатып алу үшін қабылдаған кезде

төлем қабілеттілігін айқындауды Ұлттық Банктің филиалының сарапшысы (касса қызметкері) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының төлемділігін анықтау ережесін бекіту туралы» 2003 жылғы 26 желтоқсандағы № 477 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2689 тіркелген) сәйкес жүзеге асырады.

16. Бағалы емес металдан жасалған коллекциялық монетаны сатып алу бағасы оның белгіленген құнына тең болады.

5. Бағалы металдан жасалған, Ұлттық Банк сатып алатын инвестициялық немесе коллекциялық монетаның құнын есептеу және сатып алу сомасын төлеу мерзімдері

17. Бағалы металдан жасалған, Ұлттық Банк сатып алатын инвестициялық немесе коллекциялық монетаның құнын есептеу Қағидалардың 2-қосымшасына белгіленген нысан бойынша жүзеге асырылады.

Тиісті қымбат металдардың Лондон қымбат металдар қауымдастығы (LBMA) химиялық таза бағалы металдың бір трой унциясы үшін белгілеген АҚШ долларындағы таңертеңгі фиксингі (бағасы) инвестициялық немесе коллекциялық монетаны сатып алу үшін тапсырған күннің алдындағы соңғы жұмыс күні айқындалады.

Теңгенің АҚШ долларына «Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамының таңертеңгі (негізгі) сессиясында қалыптасқан орташа алынған биржалық бағамы инвестициялық немесе коллекциялық монетаны сатып алу үшін тапсырған күннің алдындағы соңғы жұмыс күні айқындалады.

Егер бағалы металдан жасалған инвестициялық немесе коллекциялық монетаның Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес есептелген сатып алу бағасы бағалы металдан жасалған инвестициялық немесе коллекциялық монетаның номиналынан аз болса, сатып алу бағасы бағалы металдан жасалған инвестициялық немесе коллекциялық монетаның белгіленген құнына тең болады. Осы жағдайда бағалы металдан жасалған инвестициялық немесе коллекциялық монетаның төлем жасауға қабілеттілігін анықтау Қағидалардың 15-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

18. Ұлттық Банк филиалының сараптамасы бағалы металдың және инвестициялық немесе коллекциялық монета жасалған сынамның сәйкес келуін растаған жағдайда, Ұлттық Банктің филиалы инвестициялық немесе коллекциялық монета қабылданған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмейтін мерзімде инвестициялық немесе коллекциялық монетаны тапсырған тұлғаға Ұлттық Банк филиалының еркін нысанда ресімделген сараптамасының қорытындысын жібереді және оған инвестициялық немесе коллекциялық монетаның дизайнында пайдаланылған салынған теңбілдер, орнатулар, жалатулар және басқа да декоративтік бөлшектер құнын қоспағанда, монетадағы бағалы металдың таза химиялық граммдағы салмағына тең соманы төлейді.

19. Сараптама жүргізуге арналған жабдықтың болмау немесе істен шығу себебі бойынша, Ұлттық Банктің филиалының сатып алынатын инвестициялық немесе коллекциялық монетаға сараптама жүргізуіне мүмкін болмаған жағдайда, олар Кассалық операциялар орталығына өткізіледі. Инвестициялық немесе коллекциялық монетаны сатып алу үшін қабылдаған Ұлттық Банктің филиалы инвестициялық немесе коллекциялық монетаны қабылдаған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмейтін мерзімде инвестициялық немесе коллекциялық монетаны тапсырған тұлғаға Кассалық операциялар орталығының еркін нысанда ресімделген сараптама қорытындысын жібереді және оған инвестициялық немесе коллекциялық монетаның дизайнында пайдаланылған салынған теңбілдер, орнатулар, жалатулар және басқа да декорациялық бөлшектер құнын қоспағанда, монетадағы бағалы металдың таза химиялық граммдағы салмағына тең соманы төлейді.

Қазақстан Республикасы ұлттық
валютасының банкноттары мен
монеталарын Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің
сату және сатып алу қағидаларына
1-қосымша

Нысан

**Монетаны сатып алу үшін қабылдау
АКТИСІ**

_____ қаласы

20__ жылғы «__» _____

Осы акт Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі _____
_____ филиалының кассирі
(Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі филиалдың атауы)

_____ (кассирдің тегі, аты, әкесінің аты)

_____ мекенжайында тұратын,
(жеке тұлғаның не заңды тұлғаның мекенжайы)
байланыс телефоны _____,
(телефоны)

_____ (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты не заңды тұлғаның атауы),
_____ жасалған, салмағы _____ грамм
(металл және сынам)

_____ теңге
(цифрмен және жазумен)

_____ монетаны қабылдағаны жөнінде жасалды.
(инвестициялық не коллекциялық)

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
филиалының сарапшысы (касса қызметкері)

_____ (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
филиалының атауы, кассирдің тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

Тегі, аты, әкесінің аты не заңды
тұлғаның (оның өкілінің) атауы

_____ (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты не
заңды тұлғаның (оның өкілінің) атауы) (қолы)

Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сату және сатып алу қағидаларына
2-қосымша

Нысан

Бағалы металдан жасалған, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк сатып алатын инвестициялық не коллекциялық монета құнының есебі

(Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі филиалының атауы)

(инвестициялық немесе коллекциялық монетаны тапсырған жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты не заңды тұлғаның атауы)

20__ жылғы _____

Р/с №	Бағалы металдың түрлері	Монетаның атауы (инвестициялық, коллекциялық)	Номиналы	Химиялық таза бағалы металдың салмағы, граммен (сараптаманың қорытындысына сәйкес)	Монетаның 1 (бір) граммының құны (теңге, тиын)	Тиісті қымбат металдардың Лондон қымбат металдар қауымдастығы (LBMA) химиялық таза бағалы металдың бір трой унциясы үшін белгілеген АҚШ долларындағы таңертеңгі фиксингі (бағасы)	«Қазақстан Қор Биржасы» акционерлік қоғамының таңертеңгі (негізгі) сессиясында теңгенің шетел валютасына қалыптасқан орташа алынған биржалық бағамы	Бір монетаны сатып алу бағасы (теңгемен бүтін белгіге дейін дөңгелектенген)	Дана саны (сатып алынды)	Сатып алудың жалпы сомасы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
					7*8 / 31,103476 8			5*6		9*10
Жиынтығы										
Барлығы:										

Ұлттық Банк филиалы
бухгалтериясының қызметкері _____

(қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты)

Ұлттық Банк филиалының
бақылаушысы - касса қызметкері _____

(қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты)

Ұлттық Банк филиалының
сарапшысы - касса қызметкері _____

(қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2012 жылғы 24 тамыз

№ 267

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісін - төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісін қолдану және төлемдер бойынша төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісі бөлігінде мәліметтер беру ережесін бекіту туралы» 1999 жылғы 15 қарашадағы № 388 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін ұйымдастыру, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісін - төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісін қолдану және төлемдер бойынша төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісі бөлігінде мәліметтер беру ережесін бекіту туралы» 1999 жылғы 15 қарашадағы № 388 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1011 тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану және төлемдер бойынша оларға сәйкес мәліметтер ұсыну қағидаларын бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану және төлемдер бойынша оларға сәйкес мәліметтер ұсыну қағидалары бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісін - төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісін қолдану және төлемдер бойынша төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісі бөлігінде мәліметтер беру ережесінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану және төлемдер бойынша оларға сәйкес мәліметтер ұсыну қағидалары»;

1-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жалпы ережелер

1. Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану және төлемдер бойынша оларға сәйкес мәліметтер ұсыну қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Ақша төлемі мен аударымы туралы» 1998 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және ақша жіберуші мен бенефициардың кодтарын, төлемдер белгілеу кодтарын қою міндеттілігі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде көзделген, Қазақстан Республикасының аумағында пайдаланылатын төлем құжаттарына және басқа құжаттарға (бұдан әрі - төлем құжаттары) экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қою тәртібін және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі - Ұлттық Банк) экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарына сәйкес төлемдер бойынша мәліметтерді (бұдан әрі - Мәліметтер) ұсыну тәртібін, нысанын және мерзімдерін белгілейді.

2. Төлемдердің кодын қою төлемдер бойынша берілген мәліметтер негізінде төлемдердің айқындылығын қамтамасыз ету, көрсеткіштер жүйесін қалыптастыру және Қазақстан Республикасындағы ақша ағынын талдау үшін пайдаланылады.

3. Осы Қағидаларда қолданылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

1) валюта және бағалы металдар коды - Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының және шет

мемлекеттер валютасының, сондай-ақ бағалы металдардың шартты, қысқартылған белгісі (бұдан әрі - валюта коды);

2) төлем белгілеу коды - төлем белгілеудің шартты, қысқартылған цифрлық белгісі;

3) төлемдердің электрондық жүйесі - электрондық байланыс құралдары арқылы белгіленген электрондық форматта есеп айырысу, мәмілелер жасау, ақша аудару және ақпарат беру жүйесі;

4) төлем жүйесі - төлем жүйелерінің қатысушылары арасында ақша аударымы мен төлемін жүргізуді қамтамасыз ететін рәсімдер, технологиялар, инфрақұрылымдар, қағидалар мен стандарттар жиынтығы;

5) халықаралық төлемдер - елдер, түрлі елдер аумағында орналасқан қаржы институттары, ұйымдар және азаматтар арасындағы өзара төлемдер мен есеп айырысулар.

4. Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қою тәртібі төлемдердің электрондық жүйесінде, сол сияқты ішкі банктік және халықаралық төлемдерді қоса алғанда, банктің тікелей корреспонденттік шоттар бойынша операциялары үшін де қолданылады.»;

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Төлемдердің кодын қою»;

5-тармақтың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Төлемдердің кодын қою цифрлық және әріптік символдар жүйесінің көмегі арқылы жүзеге асырылады. Бұл жүйе төлем құжатының қосымша деректемелерінен және төлем белгілеу кодын қалыптастырылады. Төлемдердің кодын қою жүйесі мынадай:»;

қазақ тіліндегі мәтінде 11 және 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Экономика секторы осы Қағидалардың 1-қосымшасына сай экономика секторының кодына сәйкес қойылады.

12. Төлемді белгілеу коды осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес қойылады.»;

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Төлем құжаттарын толтыру тәртібі»;

13 және 14-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Электрондық форматта және қағаз тасымалдауышта қалыптастырылған төлем құжаттарында ақша жіберушінің/бенефициардың резиденттік белгісі, экономика секторларының кодтары, төлем белгілеу коды, валюта коды арнайы бөлінген жерге қойылады.

14. Ақша жіберуші төлем құжатының «Төлемді белгілеу» бағанында орындалатын міндеттемені көрсете отырып нақты операциясының мазмұнын, сондай-ақ негізінде ақша аударымы және/немесе төлем жүзеге асырылатын құжаттардың деректемелерін (оның ішінде нөмірі, күні, тегі және инициалдары) көрсетеді.

Бағалы қағаздармен операциялар жүргізу кезінде сондай-ақ бағалы қағаздар шығарылған валюта көрсетіледі, егер оның төлем валютасынан айырмашылығы болса.».

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Төлем құжатына ақша жіберушінің коды қате қойылған жағдайда, ақша жіберушінің банкі төлем құжатын акцептеуден бас тартады.

Банк және/немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым төлем бастамашысынан нұсқау қабылдаған кезде төлем белгілеудің цифрлық белгіленуі оның мәтіндік бөлігімен сәйкес келмеген жағдайда, төлем құжатын акцептеуден бас тартады.»;

17-тармақ алып тасталсын;

қазақ тіліндегі мәтінде 18-2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«18-2. Ұлттық Банкке мәліметтерді «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Орталық), екінші деңгейдегі банктер және «Қазақстан даму банкі» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - банктер), «Қазпочта» акционерлік қоғамы береді және Ұлттық Банк осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес қалыптастырады.»;

1-қосымшада:

жоғарғы оң жақ бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану және төлемдер бойынша оларға сәйкес мәліметтер ұсыну қағидаларына 1-қосымша»;

қазақ тіліндегі мәтінде ескертудің төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қағидаларда экономиканың мынадай секторлары қолданылады: мемлекеттік басқару органдары; қаржылық ұйымдар: қаржылық емес ұйымдар; үй шаруашылығына қызмет ететін коммерциялық емес ұйымдар; үй шаруашылығы.»;

2-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану және төлемдер бойынша оларға сәйкес мәліметтер ұсыну қағидаларына 2-қосымша»;

Төлемдер белгілеу кодтарының жан-жақты кестесінде:

«7-Тауарлар және материалдық емес активтер» бөлімінде:

710-кодтың бірінші жолы мынадай редакцияда жазылсын:

«710	Жылжымайтын мүлікті және төлем белгілеу коды 711, 712 және 713 тауарларды қоспағанда, тауарлар үшін төлемдер»;
------	--

«Аla card карточкасы бойынша берілген бензин үшін ақша аудару» 710-кодынан кейін мынадай мазмұндағы 711, 712 және 713-кодтармен толықтырылсын:

«711	Тауарларды Қазақстанның аумағына әкелмей шетелден тауарлар сатып алу және сату
712	Қазақстанның аумағына бұрын әкелінген тауарларды олардың бастапқы жай-күйін айтарлықтай өзгертпей шетелге сату
713	Қазақстанның аумағына бұрын әкелінген тауарларды олардың бастапқы жай-күйін айтарлықтай өзгертпей шетелден сатып алу»;

«9-Бюджетке төлемдер және бюджеттен төлеу» бөлімінде:

913-код мынадай редакцияда жазылсын:

«913	Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін айыппұлдар»;
------	--

мына жол алып тасталсын:

«92 0	Шағын бизнес субъектілері үшін патент негізіндегі арнайы салық режимі»;
----------	---

921, 922, 923, 924-кодтар мынадай редакцияда жазылсын:

«921	Камералдық бақылау нәтижелері бойынша бюджетке міндеттемелер бойынша түсімдер
922	Камералдық бақылау нәтижелері бойынша өсімпұл
923	Ұсынылмаған Тауарлар әкелу және жанама салық төлеу туралы өтініш бойынша өсімпұл аудару
924	Қосылған күн салығының асып кетуінің қайтарылған сомасына есептелген өсімпұл»;

925, 926, 927, 928, 929-кодтар алып тасталсын;

930, 940, 950 шағын бөлімдер және 931, 932, 933, 934, 935, 936, 937, 938, 939, 941, 942, 943, 944, 945, 946, 947, 948, 949, 951, 952, 953, 954, 955, 956, 957, 958, 959-кодтар алып тасталсын;

960-шағын бөлімнің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«960 Бюджеттен қайтару (есепке алу)»;

964-код мынадай редакцияда жазылсын:

«964 Салықтық тексеру нәтижелері бойынша есептелген сомалар бойынша берешекті өтеу есебіне артық (қателесіп) төленген сомаларды есепке алу»;

969-код мынадай редакцияда жазылсын:

«969 Камералдық бақылау нәтижелері бойынша есептелген сомалар бойынша берешекті өтеу есебіне артық (қателесіп) төленген сомаларды есепке алу»;

Ескертуде:

«Арнайы аударымдар» 1-бөлімнің үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Банктердің корреспонденттік шоттары бойынша транзиттік аударымдар» кодын делдал банк қояды. Транзиттік төлемді алған кезде бенефициар банкі бұдан әрі мәліметтерді ұсыну үшін мәмілелерге сәйкес келетін экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қояды. Бенефициар банкі осы төлемнің қажетті деректемелерін клиенттер арасындағы, сатылған тауарлар мен көрсетілген қызметтер үшін ақы төленетін шарт негізінде қояды.»;

9-бөлім - «Бюджетке төлемдер және бюджеттен төлеу» мынадай редакцияда жазылсын:

«9-бөлім - «Бюджетке төлемдер және бюджеттен төлеу»

Бұл бөлімге мемлекеттік бюджетке төлемдер және мемлекеттік бюджеттен төлемдерді қайтару бойынша (зейнетақылар мен жәрдемақыларды қоспағанда) кодтары кіреді.

911-код 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде және 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне көзделген есептелген (есептеп шығарылған) және өзге де бюджетке міндеттемелерді аударған кезде қойылады. Оған салықтық тексерулердің нәтижелері бойынша бюджетке міндеттемелер бойынша; салық төлеу мерзімдері өзгергенде (ұзартылғанда); камералдық бақылау нәтижелері бойынша бюджетке міндеттемелер бойынша төленетін сомалар жатпайды.

912-код салықтарды, бюджетке төленетін міндетті және өзге де төлемдердің мерзімдерін бұзғаны үшін бюджетке міндеттемелер бойынша өсімпұлдың есептелген сомасын төлеген кезде қойылады. Оған салықтық тексерулердің нәтижелері бойынша есептелген; салық төлеу мерзімдері ұзартылғанға дейін есептелген; камералдық бақылау нәтижелері бойынша есептелген өсімпұл сомалары жатпайды.

913-код 2001 жылғы 30 қаңтардағы «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес есептелген әкімшілік құқық бұзушылық үшін салынатын айыппұл сомаларын төлеген кезде қойылады. Оған салықтық тексерулердің нәтижелері бойынша салынатын; салықтарды төлеу мерзімдері ұзартылғанға дейін салынған айыппұл сомалары жатпайды.

914-код салықтық тексерулердің нәтижелері бойынша есептелген сомалар туралы хабарлама негізінде төлеуге ұсынылған салықтардың, бюджетке басқа да міндетті және өзге де төлемдердің сомаларын (өсімпұлдар мен айыппұлдарды қоспағанда) аударған кезде қойылады.

915-код салықтық тексерулердің нәтижелері бойынша есептелген өсімпұл сомаларын төлеген кезде қойылады. Оған бюджетке міндеттемелер бойынша есептелген салықтарды төлеу мерзімдері ұзартылғанға дейін есептелген, камералдық бақылау нәтижелері бойынша есептелген өсімпұл сомалары жатпайды.

916-код салықтық тексерулердің нәтижелері бойынша салынатын айыппұл сомаларын төлеген кезде қойылады. Оған Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін салынатын (салықтық тексерулердің нәтижелері бойынша салынатындарды қоспағанда); салықтарды төлеу мерзімдері ұзартылғанға дейін салынған айыппұл сомалары жатпайды.

917-код төлеу мерзімі өзгертілген (ұзартылған) салықтар сомасын бюджетке төлеген кезде қойылады.

918-код салықтарды төлеу мерзімдері ұзартылғанға дейін есептелген өсімпұл сомаларын төлеген кезде қойылады. Оған салықтарды төлеу мерзімдерін бұзғаны үшін есептелген; салықтық тексерулердің нәтижелері бойынша есептелген; камералдық бақылау нәтижелері бойынша есептелген өсімпұл сомалары жатпайды.

919-код салықтарды төлеу мерзімдері ұзартылғанға дейін салынған айыппұлдардың сомалары төленген кезде қойылады. Оған салық салу саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін салынатын, 2001 жылғы 30 қаңтардағы «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес есептелген; салықтық тексерулердің нәтижелері бойынша салынатын айыппұл сомалары жатпайды.

921-код камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама негізінде төлеуге ұсынылған салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті және өзге төлемдердің (өсімпұлды қоспағанда) сомаларын аударған кезде қойылады.

922-код камералдық бақылау нәтижелері бойынша есептелген өсімпұл сомаларын төлеген кезде қойылады. Оған бюджетке міндеттемелер бойынша есептелген; салықтарды төлеу мерзімдері ұзартылғанға дейін есептелген; камералдық бақылау нәтижелері бойынша есептелген өсімпұл сомалары жатпайды.

923-код ұсынылмаған Тауарлар әкелу және жанама салық төлеу туралы өтініш бойынша өсімпұл аударған кезде қойылады.

924-код Қосылған құн салығының асып кетуінің қайтарылған, салықтық тексеру жүргізу кезінде расталмаған сомасына есептелген өсімпұлды аудару кезінде қойылады.

961-код грант қаражаты есебінен сатып алынатын тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша төленген қосылған құн салығын салық берешегін өтеу есебіне есепке алу кезінде қойылады.

962-код грант қаражаты есебінен сатып алынатын тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша төленген қосылған құн салығын қайтару кезінде қойылады.

963-код Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерге қосылған құн салығын қайтару кезінде қойылады.

964-код салықтық тексеру нәтижелері бойынша есептелген сомалар бойынша берешекті өтеу есебіне артық (қателесіп) төленген сомаларды есепке алу кезінде қойылады.

965-код салық органының артық қосылған құн салығын қайтару мерзімін бұзғаны үшін салық төлеушінің пайдасына бюджеттен өсімпұл төлеу кезінде қойылады.

966-код салық органының салықты, ақы төлеуді қайтару мерзімін бұзғаны үшін салық төлеушінің пайдасына өсімпұл төлеу кезінде қойылады.

967-код салық органының салықты, ақы төлеуді есепке алу мерзімін бұзғаны үшін салық төлеушінің пайдасына өсімпұлдар төлеу кезінде қойылады.

968-код салық төлеушілерге бюджетке міндеттемелер бойынша өсімпұлдардың артық немесе қателесіп төленген сомасын қайтару кезінде қойылады.

969-код камералдық бақылау нәтижелері бойынша есептелген сомалар бойынша берешекті өтеу есебіне артық (қателесіп) төленген сомаларды есепке алу кезінде қойылады.

971-код бюджеттен артық (қателесіп) төленген салық сомаларын, басқа да міндетті және өзге төлемдерді салық төлеушінің банк шотына қайтару кезінде қойылады.

972-код нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын айналымдар бойынша 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін пайда болған қосылған құн салығын қайтару кезінде қойылады.

973-код есепке алынған қосылған құн салығының 2009 жылғы 1 қаңтардан кейін пайда болған, есептелген салық сомасынан асқан сомасын есепке алу кезінде қойылады.

974-код есепке алынған қосылған құн салығының 2009 жылғы 1 қаңтардан кейін пайда болған, есептелген салық сомасынан асқан сомасын қайтару кезінде қойылады.

975-код бюджетке төленетін соманы артық немесе қателесіп төлеген, салық сомалары мен бюджетке өзге міндеттемелерді бюджеттік жіктеушінің бір кодынан бюджеттік жіктеушінің басқа кодына аударған кезде қойылады.

976-код салықтар, бюджетке басқа да міндетті және өзге төлемдерді басқа салық органдарына қате есептеген кезде, басқа салық органдарына артық немесе қате төленген салықты және төлемді аударған кезде қойылады.

977-код нөлдік мөлшерлеме бойынша салық салынатын айналымдар бойынша 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін пайда болған қосылған құн салығын есепке алу кезінде қойылады.

978-код салық төлеушілерге бюджетке міндеттемелер бойынша төленген айыппұл сомасын қайтару кезінде қойылады.

979-код басқа да төлемдер, оның ішінде ресми трансферттер (субвенциялар, бюджеттік алулар және басқалары) және заемдарды қайтару үшін қойылады.

981-код келісімшарттың (жер қойнауын пайдалануға арналған, мемлекеттік бағдарлама бойынша және

басқа келісімшарттар) әр түрлі салық салу талаптарын көздейтін шектердегі қызметті жүзеге асыратын салық төлеуші 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде және 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде көзделген, бюджетке есептелген (есептеп шығарылған) және бюджетке өзге міндеттемелерді (өсімпұл мен айыппұлдарды қоспағанда) аударған кезде қойылады.

982-код келісімшарттың (жер қойнауын пайдалануға арналған, мемлекеттік бағдарлама бойынша және басқа келісімшарттар) әр түрлі салық салу талаптарын көздейтін шектердегі қызметті жүзеге асыратын салық төлеуші салықтар және бюджетке басқа да міндетті төлемдерді төлеу мерзімін бұзғаны үшін есептелген өсімпұлдар сомасын төлеу кезінде қойылады.

983-код келісімшарттың (жер қойнауын пайдалануға арналған, мемлекеттік бағдарлама бойынша және басқа келісімшарттар) әр түрлі салық салу талаптарын көздейтін шектердегі қызметті жүзеге асыратын салық төлеуші 2001 жылғы 30 қаңтардағы «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін салынатын айыппұлдар сомасын төлеу кезінде қойылады.

984-код төлеу үшін келісімшарттың (жер қойнауын пайдалануға арналған, мемлекеттік бағдарлама бойынша және басқа келісімшарттар) әр түрлі салық салу талаптарын көздейтін шектердегі қызметті жүзеге асыратын салық төлеушіге ұсынылған салық сомасын және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді (өсімпұлдар мен айыппұлдарды қоспағанда) аударған кезде қойылады. Салықтық тексеру нәтижелері бойынша есептелген салық сомалары туралы хабарлама төлеу үшін негіздеме болып табылады.

985-код келісімшарттың (жер қойнауын пайдалануға арналған, мемлекеттік бағдарлама бойынша және басқа келісімшарттар) әр түрлі салық салу талаптарын көздейтін шектердегі қызметті жүзеге асыратын салық төлеуші салықтық тексерулер нәтижелері бойынша есептелген өсімпұл сомаларын төлеу кезінде қойылады.

986-код келісімшарттың (жер қойнауын пайдалануға арналған, мемлекеттік бағдарлама бойынша және басқа келісімшарттар) әр түрлі салық салу талаптарын көздейтін шектердегі қызметті жүзеге асыратын салық төлеуші салықтық тексерулер нәтижелері бойынша салынатын айыппұлдар сомаларын төлеу кезінде қойылады.

987-код келісімшарттың (жер қойнауын пайдалануға арналған, мемлекеттік бағдарлама бойынша және басқа келісімшарттар) әр түрлі салық салу талаптарын көздейтін шектердегі қызметті жүзеге асыратын салық төлеушінің бекітілген кестесіне сәйкес өзгертілген (ұзартылған) төлеу мерзімімен бюджетке салықтар сомаларын төлеген кезде қойылады.

988-код келісімшарттың (жер қойнауын пайдалануға арналған, мемлекеттік бағдарлама бойынша және басқа келісімшарттар) әр түрлі салық салу талаптарын көздейтін шектердегі қызметті жүзеге асыратын салық төлеуші салықтарды төлеу мерзімдерін ұзартқанға дейін есептелген өсімпұл сомаларын төлеген кезде қойылады.

989-код келісімшарттың (жер қойнауын пайдалануға арналған, мемлекеттік бағдарлама бойынша және басқа келісімшарттар) әр түрлі салық салу талаптарын көздейтін шектердегі қызметті жүзеге асыратын салық төлеушілер салықтарды төлеу мерзімі ұзартылғанға дейін салынған айыппұлдар сомаларын төлеу кезінде қойылады.

991-код жеке тұлғалар - азаматтар салықтар сомаларын, бюджетке басқа да міндетті және өзге де төлемдерді (өсімпұлдар мен айыппұлдар сомасын қоспағанда) аудару кезінде қойылады.

992-код жеке тұлғалар - азаматтар бюджетке міндеттемелерді уақтылы өтемегені үшін есептелген өсімпұл сомаларын төлеу кезінде қойылады.

993-код жеке тұлғалар - азаматтар 2001 жылғы 30 қаңтардағы «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес есептелген әкімшілік құқық бұзушылық үшін салынатын айыппұлдар сомаларын төлеу кезінде қойылады.

994-код жеке тұлғалар - азаматтар өткен жылдары толық төленбеген салықтарды өтеу кезінде қойылады.

995-код әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін салық органдары салған, 2001 жылғы 30 қаңтардағы

«Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес есептелген айыппұлдар сомаларын төлеу кезінде қойылады.

996-код тауарлар импорты кезінде төленген қосылған құн салығын қайтару кезінде қойылады.

997-код резидент еместен жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сатып алу кезінде төленген қосылған құн салығын қайтару кезінде қойылады.

998-код пайдалануға енгізілетін негізгі құрал-жабдықтар, жылжымайтын мүлікке инвестициялар, сатып алынған биологиялық активтер бойынша қосылған құн салығын қайтару кезінде қойылады.»;

3-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«Экономика секторларының және
төлемдер белгілеу кодтарын қолдану
және төлемдер бойынша оларға сәйкес
мәліметтер ұсыну қағидаларына
3-қосымша»;

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2012 жылғы 24 тамыз

№ 278

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі
Басқармасының «Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті, инвестициялық
портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін тәуекелдерді басқару
жүйелерінің болуына қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 2009 жылғы 26
қыркүйектегі № 209 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін тәуекелдерді басқару жүйелерінің болуына қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 2009 жылғы 26 қыркүйектегі № 209 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5844 тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін қалыптастыру қағидалары бекітілсін.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Брокерлік және дилерлік қызметті және инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар 2010 жылғы 29 наурызға дейінгі мерзімде өздерінің ішкі құжаттарын және пайдаланылатын программалық-техникалық қамтамасыз етуді осы қаулымен бекітілген Қағидалардың талаптарына сәйкес келтірсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін тәуекелдерді басқару жүйелерінің болуына қойылатын талаптар туралы нұсқаулықта:

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін қалыптастыру қағидалары»;

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі (бұдан әрі - Бағалы қағаздар нарығы туралы заң) және «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленген және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) брокерлік және дилерлік қызметті (бұдан әрі - Брокер және (немесе) дилер), инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті (бұдан әрі - Басқарушы) жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымдар үшін тәуекелдерді

басқару және ішкі бақылау жүйелерін қалыптастыру тәртібін белгілейді.

Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін тәуекелдерді басқару жүйесін қалыптастыру тәртібі мыналарды қамтиды:

- 1) тәуекелдерді басқару жүйесінің болуына қойылатын негізгі талаптар;
- 2) Брокердің және (немесе) дилердің және Басқарушының ішкі құжаттарына қойылатын талаптар;
- 3) Инвестициялық басқаруға қабылданған клиенттердің активтерін және Брокердің және (немесе) дилердің және Басқарушының меншікті активтерін басқару жөніндегі қызметті ұйымдастыруға қойылатын талаптар;
- 4) Басқарушының және Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің инвестициялық комитетінің қызметін ұйымдастыруға қойылатын талаптар;
- 5) Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің инвестициялық қызметі барысында тәуекелдерге мониторинг жүргізуді ұйымдастыруға қойылатын талаптар;
- 6) Брокердің және (немесе) дилердің немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының қызметі барысында тәуекелдерге мониторинг жүргізуді ұйымдастыруға қойылатын талаптар;
- 7) Ішкі бақылауды және ішкі аудитті ұйымдастыруға қойылатын талаптар;
- 8) Ақпараттық алмасу жүйелерін ұйымдастыруға қойылатын талаптар;
- 9) Тәуекелдерді басқару жүйелерін қолдау үшін пайдаланылатын бағдарламалық-техникалық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар.»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қағидалардың мақсаты жоғарыда аталған қызмет түрлерін зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыру жөніндегі қызметпен қоса атқаратын ұйымдарды, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымда (бұдан әрі - Брокер және (немесе) дилер), инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымда (бұдан әрі - Басқарушы) тәуекелдерді басқару жүйелерін қалыптастыруға қойылатын талаптарды анықтау болып табылады.»;

мынадай мазмұндағы 1-2-тармақпен толықтырылсын:

«1-2. Қағидалардың 8-тармағы 3) тармақшасының сегізінші, тоғызыншы және оныншы абзацтарында, 11-тармағының 9) және 10) тармақшаларында, 23-тармағының 4), 5) және 6) тармақшаларында, 23-1 және 23-2-тармақтарында, 58-тармағының 2), 8), 9) тармақшаларында, 62-1, 62-2, 62-3, 62-4, 62-5, 62-6, 62-7 және 62-8-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін Брокермен және (немесе) дилермен немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушымен жасалған брокерлік қызмет көрсетуге шарттың талаптарында осы Брокердің және (немесе) дилердің немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының банк және (немесе) жеке шотында клиенттік тапсырыста көрсетілген ақша және (немесе) бағалы қағаздар көлемінен кем емес мөлшерде клиентте ақша және (немесе) бағалы қағаздар болған кезде ғана орындалуға клиенттік тапсырыс қабылданатыны көзделеді.»;

2, 3, 4, 5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының басқару органы (Брокер және (немесе) дилер үшін акционерлік қоғамнан бөлек, өзге ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған қадағалау кеңесі (бұдан әрі - қадағалау кеңесі)) және атқарушы органы тәуекелдерді басқару жүйелерінің Қағидалардың талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етеді және Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының бөлімшелері мен қызметкерлеріне тәуекелдерді басқару саласында өздеріне жүктелген міндеттерін орындау үшін жағдай жасайды.

3. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ашық валюталық позиция - жекелеген шет мемлекеттің (шет мемлекеттер топтарының) валютасына қойылатын талаптардың (міндеттемелердің) сол шетел валютасына қойылатын міндеттемелерден (талаптардан) асып кетуі;

2) баға тәуекелі - қаржы құралдарының нарықтық құнына әсер ететін, қаржы нарықтарындағы жағдайлар өзгерген жағдайда туындайтын қаржы құралдары құнының өзгеруі салдарынан болатын шығыстардың (шығындардың) пайда болу тәуекелі;

3) бедел тәуекелі - жағымсыз қоғамдық пікір немесе Брокерге және (немесе) дилерге, Басқарушыға деген сенімнің төмендеуі салдарынан шығыстардың (шығындардың) туындау тәуекелі;

4) бэк-тестинг - тарихи деректерді пайдалану арқылы және есептелген нәтижелерді көрсетілген операцияларды жасаудың ағымдағы (нақты) нәтижелерімен салыстыра отырып тәуекелдерді өлшеу рәсімдерінің тиімділігін тексеру әдістері;

5) валюталық тәуекел - шетел валюталары бағамдарының өзгеруіне байланысты шығыстардың (шығындардың) пайда болу тәуекелі. Шығыстардың (шығындардың) қауіптілігі құндылық түріндегі валюталар бойынша позицияларды асыра бағалаудан туындайды;

6) гәп - позиция - клиент активтерінің және осы міндеттемелердің орындалу мерзімдеріне қарай клиенттің инвестициялық басқаруға не брокерлік қызмет көрсетуге табысталған активтері бойынша міндеттемелердің арасындағы айырма немесе Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының меншікті өтімді активтерінің және міндеттемелердің орындалу мерзімдеріне қарай осы міндеттемелерінің арасындағы айырма;

7) елдің (трансферт) тәуекелі - шет мемлекеттің немесе шет мемлекет резидентінің міндеттемелер бойынша төлем қабілетсіздігі немесе жауап беру ниетінің болмауы салдарынан шығыстардың (шығындардың) туындау тәуекелі;

8) ішкі аудит қызметі - негізгі функциясы Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жасау болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының бөлімшесі;

9) ішкі бақылау жүйесі - Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының рентабельдіктің ұзақ мерзімді мақсаттарын іске асыруын қамтамасыз ететін ішкі бақылаудың рәсімдері мен саясатының жиынтығын білдіретін тәуекелдерді басқару және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы және инвестициялық қорлар туралы заңнамасын, Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының саясатын, ішкі ережелер мен рәсімдерді сақтауға, Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының шығындар немесе бедел тәуекелін төмендетуге мүмкіндік беретін қаржылық және басқарушылық есептіліктерінің сенімді жүйесін қолдау жүйелерінің бөлігі;

10) ішкі құжаттар - Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының, олардың органдарының, құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдарының, өкілдіктерінің), қызметкерлерінің қызметтерінің талаптары мен тәртібін реттейтін құжаттар;

11) қарсы серіктес - клиенттердің активтері және (немесе) Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының меншікті активтері есебінен қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелерді жасау барысында Брокерге және (немесе) дилерге, Басқарушыға қызмет көрсететін, аумағында осы заңды тұлға заңды тұлға ретінде тіркелген мемлекеттің заңнамасына сәйкес алынған, қаржы құралдарымен мәмілелер жасауға құқық беретін лицензиясы не рұқсаты бар заңды тұлға;

12) корпоративтік басқару - Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының жоғарғы органының, басқару органының (қадағалау кеңесінің), атқарушы органының және Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының өзге де органдарының арасындағы өзара қарым-қатынастар кешені болып табылатын, ұйымның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, оның акционерлерінің (қатысушыларының) құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған және акционерлерге (қатысушыларға) Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының қызметіне тиімді бақылау мен мониторинг жасауға мүмкіндік беретін, Брокерді және (немесе) дилерді, Басқарушыны стратегиялық және тактикалық басқару жүйесі;

13) кредиттік тәуекел - бағалы қағазды шығару талаптарымен белгіленген мерзімде инвесторға тиесілі негізгі борышты және сыйақыны эмитенттің төлемеуі немесе уақтылы төлемеуі салдарынан, сондай-ақ своптар, опциондар, форвардтар мен кредиттік тәуекелге ұшыраған өзге де қаржы құралдары бойынша және аталған бағалы қағаздар мен қаржы құралдары жөніндегі есеп айырысуларды реттеу кезеңіндегі міндеттемелерді серіктестің орындамауына байланысты не қарсы серіктестің немесе клиенттің шартта көзделген немесе мәміле жасау барысында туындайтын өздерінің міндеттемелерін орындамау немесе дер

кезінде орындамау салдарынан туындайтын залал тәуекелін қосқандағы шығыстардың (шығындардың) туындау тәуекелі;

14) құқықтық тәуекел - Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы және инвестициялық қорлар туралы заңнамасының, ал Қазақстан Республикасының резиденттері еместермен қатынастарда - басқа мемлекеттер заңнамасының талаптарын бұзуы не Брокер және (немесе) дилер, Басқарушы практикасының олардың ішкі құжаттарына сәйкес келмеуі салдарынан шығыстардың (шығындардың) туындау тәуекелі;

15) меншікті активтерді инвестициялау саясаты - инвестициялау объектілерінің тізбесін, Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының меншікті активтеріне қатысты инвестициялық қызметтің мақсатын, стратегиясын, талаптарын және шектеулерін, меншікті активтерді хеджирлеу және әртараптандыру талаптарын белгілейтін құжат;

16) мүдделер қайшылығын басқару - Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының лауазымды тұлғасының немесе қызметкерінің мүдделері олардың шешімдер қабылдауының және міндеттерін атқаруының объективтілігі мен тәуелсіздігіне ықпал етуі, сондай-ақ олардың Брокер және (немесе) дилер, Басқарушы клиенттерінің және (немесе) Брокер және (немесе) дилер, Басқарушы акционерлерінің мүдделерінде әрекет жасау міндеттемесімен қайшы келуі мүмкін жағдайларды болдырмау механизмдерін жасау;

17) нарықтық тәуекел - қаржы нарықтарының қолайсыз қозғалыстарымен байланысты шығыстардың (шығындардың) туындау тәуекелі. Нарықтық тәуекелдің макроэкономикалық табиғаты бар, яғни қаржы жүйесінің макроэкономикалық көрсеткіштері нарықтық тәуекелдердің дереккөздері болып табылады;

18) операциялық тәуекел - ішкі процестерді жүзеге асыру, ақпараттық жүйелер мен технологиялардың жұмыс жасауы барысында қызметкерлер тарабынан жол берілген кемшіліктердің немесе қателіктердің нәтижесінде, сондай-ақ:

жауапкершілікті бөлуді, есеп берушілік пен басқару құрылымын қоса алғанда, Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының анық емес және тиімсіз ұйымдастыру құрылымына;

ақпараттық технологиялар саласындағы тиімсіз стратегияларына, саясатына және (немесе) стандарттарына, бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдаланудағы кемшіліктеріне;

шындыққа сай келмейтін ақпараттарына не оны тиісінше пайдаланбауға;

қызметкерлерді тиімсіз түрде басқаруға және (немесе) Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының білікті емес штатына;

Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының қызметін жүзеге асыру процесінің жеткілікті түрде тиімді құрылмауына не ішкі ережелердің сақталуына нашар бақылау жасалуына;

Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының қызметіне сыртқы ықпалдың болжанбаған немесе бақыланбайтын факторларына;

Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының қызметін реттейтін ішкі құжаттарда (ережелерде) кемшіліктердің немесе қателердің болуына;

Брокер және (немесе) дилер, Басқарушы басшылығының және қызметкерлерінің клиенттік база ауқымының тарылуына, клиенттердің және (немесе) қарсы серіктестердің Брокерге және (немесе) дилерге, Басқарушыға деген сенімсіздігіне немесе оны жағымсыз қабылдауына алып келген кәсіби емес іс-әрекеттеріне байланысты тәуекелдер кіретін сыртқы оқиғалар салдарынан шығыстардың (шығындардың) туындау тәуекелі;

19) өтімділікті жоғалту тәуекелі - міндеттемелерді орындамау мүмкіндігіне не уақтылы орындамауына байланысты тәуекел. Бағалы қағаздардың активтер ретінде өтімділігін жоғалту тәуекелі олардың төмен шығындарымен және қолайлы бағалары бойынша тез сатылу мүмкіндігімен анықталады;

20) пайыздық тәуекел - сыйақы ставкаларының қолайсыз өзгеруі салдарынан шығыстардың (шығындардың) туындау тәуекелі, оған:

орналастырған активтер мен тартылған міндеттемелерді (белгіленген сыйақы ставкалары кезінде) қайтару және өтеу мерзімдерінің сәйкес келмеуінен шығыстардың (шығындардың) туындауына;

өзге тең жағдайларда ұқсас баға сипаттамасы бар бірқатар құралдар бойынша алынатын және төленетін сыйақыны есептеу мен түзетудің түрлі әдістерін қолдануға байланысты (негізгі тәуекел)

тәуекелдер кіреді;

21) стресс-тестинг - заңды және жеке тұлғаның қаржылық жай-күйіне ерекше, бірақ заңды және жеке тұлғаның қызметіне әсер етуі мүмкін ықтимал оқиғалардың нақты әсер етуін өлшеу әдістері;

22) тәуекелдерді басқару жүйесі - төрт негізгі элемент: тәуекелді бағалау, тәуекелді өлшеу, тәуекелді бақылау және тәуекел мониторингі кіретін процесс;

23) форс-мажор жағдайы - төтенше және еңсерілмейтін (осы жағдайлар кезінде) оқиға (дүлей күш);

24) «stop-loss» лимиттері - қаржы құралдарымен жасалатын операциялар бойынша залалдың шекті түрде жол берілетін деңгейі;

25) «take profit» лимиттері - қаржы құралдарымен операциялар бойынша кірістердің шекті рұқсат етілген деңгейі;

26) VAR (Value at Risk) моделі - белгілі бір уақыт кезеңі ішінде белгілі бір ықтималдық дәрежесімен инвестициялық портфельдің белгілі позициялары бойынша барынша жоғары ықтимал шығындарын сипаттайтын модель;

27) төлем қабілетсіздігінің тәуекелі - Брокермен және (немесе) дилермен немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушымен брокерлік қызмет көрсетуге шарт жасаған клиенттің мәміле жасау нәтижесінде пайда болған ақша және (немесе) бағалы қағаздарды жеткізу бойынша міндеттемелерді орындамау тәуекелі.

4. Брокерлер және (немесе) дилерлер, Басқарушылар жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей уәкілетті органға Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес:

1) тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптардың толық тізбесі;

2) тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптарға сәйкес келуді (сәйкес келмеуді) дербес бағалау;

3) тәуекелдерді басқару жүйесінде кемшіліктер анықталған жағдайда түзетілуі тиіс кемшілікті көрсете отырып, оларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары, кемшілікті түзетуге қажетті іс-шаралар, іс-шаралардың орындалуына жауапты адамдар мен оны орындаудың нақты мерзімдері көрсетілетін тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптардың орындалуын бағалау жөніндегі есепті ұсынады.

5. Басқарушының және Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің меншікті активтері мен инвестициялық басқаруға қабылданған клиенттердің активтері бойынша баға тәуекелі, пайыздық тәуекел, валюталық тәуекел және өтімділік тәуекелі жөніндегі стресс-тестинг Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес екі айда бір рет есептеледі.

Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес ресімделген стресс-тестинг нәтижелері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетіне (бұдан әрі - Комитет) әрбір жұп айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірілмей ұсынылады.

6. Басқарушы және Басқарушы болып табылатын Брокер және (немесе) дилер Қағидалардың 3 және 4-қосымшалары жөніндегі ақпаратты Комитетке есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.»;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Брокердің және (немесе) дилердің тәуекелдерді басқару жүйесі оның қызметінің мынадай бағыттарын қамтиды:

1) бағалы қағаздар нарығының негізгі көрсеткіштеріне тұрақты түрде талдау жүргізу және макро-мен микроэкономикалық факторлардың әсер етуін ескере отырып, олардың өзгерістерін болжау;

2) меншікті активтерді инвестициялау саясатын әзірлеу және бекіту;

3) клиенттермен жұмыс істеуді ұйымдастыру тәртібін белгілеу, оған:

клиенттік тапсырыстардың уақтылы қабылдануы мен орындалуын қамтамасыз ететін рәсімдер;

клиенттердің шағымдары мен өтініштерінің мәні бойынша белгіленген мерзімде қаралуын қамтамасыз ететін рәсімдер;

клиенттер активтерінің және (немесе) меншікті активтердің есебінен мәмілелердің уақтылы орындалуын қамтамасыз ететін рәсімдер;

клиенттер активтерін есепке алудың Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы және бухгалтерлік есеп туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ететін рәсімдер;

сыйақыны анықтау және есептеу тәртібінің дұрыстығын тексеруді жүргізу тәртібі;
клиенттердің қаражатын заңсыз пайдалану жағдайларын болдырмауға бағытталған рәсімдер;
клиенттердің қаржылық жай-күйі мен төлем қабілеттілігінің мониторингі мен талдау рәсімдері;
бір клиенттің тәуекелдерін есептеуді жүргізу тәртібі;

төлем қабілетсіздігінің тәуекелдерін шектеуге бағытталған рәсімдері кіреді;

4) Брокерді және (немесе) дилерді басқарудың ұйымдық-функционалдық құрылымын құру;

5) ішкі рәсімдер мен құжаттарды әзірлеу және бекіту;

6) Брокердің және (немесе) дилердің мүдделі органдарына және бөлімшелеріне шешімдер қабылдау үшін қажетті ақпаратты ұсыну;

7) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында және меншікті активтерді инвестициялау саясатында белгіленген талаптардың сақталуына мониторинг жасау;

8) Брокердегі және (немесе) дилердегі іс жүзіндегі және потенциалды мүдделер қайшылығын басқару.»;

10, 11 және 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің тәуекелдерді басқару жүйесі оның қызметінің Қағидалардың 8 және 9-тармақтарында аталған бағыттарын қамтиды.

11. Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының ішкі құжаттарына:

1) Брокерді және (немесе) дилерді, Басқарушыны басқарудың ұйымдық-функционалдық құрылымы туралы ереже;

2) ұзақ мерзімді кезеңге стратегиялық жоспарлау және қысқа мерзімді және орта мерзімді кезеңдерге жылдық бюджетті (қаржылық жоспарды) жасау тәртібі;

3) Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының корпоративтік стратегиясы;

4) Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының есеп саясаты;

5) Басқарушы клиенттерінің активтерін инвестициялау саясаты;

6) Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының меншікті активтерін инвестициялау саясаты;

7) Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының тәуекелдерді басқару саясаты;

8) қарсы серіктестер мен клиенттерге талдау және мониторинг жасауды жүзеге асыру рәсімдері;

9) клиенттердің қаржылық жай-күйіне және ранжирлеуге баға беру тәртібі;

10) төлем қабілетсіздігінің тәуекелдерін шектеудің тәртібі мен талаптары;

11) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары;

12) қаржылық қызметті көрсету үшін сыйақы есептеу және есепке алу қағидалары;

13) ішкі аудитті және ішкі бақылауды жүзеге асыру рәсімдері;

14) іс жүзіндегі және потенциалды мүдделер қайшылығын басқару саясаты;

15) ішкі есепке алу жүйелерінің журналдарын жүргізу қағидалары;

16) қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулық;

17) Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының басқару органы (қадағалау кеңесі) белгілеген өзге де құжаттар кіреді.

Осы тармақтың 8), 9), 10) тармақшалары Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушыға қолданылады.

12. Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының атқарушы органы бекітетін Қағидалардың 11-тармағының 1) және 13) тармақшаларында көзделген ішкі құжаттарын қоспағанда, Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының ішкі құжаттары жеке құжат ретінде жасалады не Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының басқа да ішкі құжаттарының құрамына кіргізіледі және Брокерде және (немесе) дилерде, Басқарушыда тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының бөлімшесімен келісілгеннен кейін Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының басқару органымен (қадағалау кеңесімен) бекітіледі.»;

15, 16 және 17-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының есепке алу саясаты Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы және инвестициялық қорлар туралы заңнамасының, Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының және халықаралық қаржылық

есептілік стандарттарының талаптарына сәйкес жасалады.

16. Басқарушы немесе Басқарушы болып табылатын Брокер және (немесе) дилер клиенттерінің активтерін инвестициялау саясаты клиенттердің активтерін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асырудың талаптары мен тәртібін, клиенттердің активтерін Басқарушының құқықтары мен міндеттерін, клиенттердің активтерін басқару жөніндегі қызмет барысында пайдаланылатын құжаттардың үлгі нысандарын белгілейді және онда:

1) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі шарттың Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы және инвестициялық қорлар туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келуін тексеру;
2) Басқарушы клиенттерінің активтері бойынша инвестициялық декларацияны әзірлеу;
3) клиенттер активтеріне қатысты инвестициялық шешімдерді қабылдау үшін ұсынымдар даярлау, онда мыналар көзделеді:

ұсынымдарды беруге уәкілетті тұлғалар лауазымдарының тізбесі;

клиенттер активтерінің есебінен инвестициялық портфельдің жай-күйіне талдау жасау тәртібі;

инвестициялауды жүзеге асыру болжамдалып отырған қаржы құралдарының болуына, оларды шығару және айналысқа жіберу талаптарына және кірістілігіне талдау жасау тәртібі;

инвестициялауды жүзеге асыру болжамдалып отырған қаржы құралдарына байланысты тәуекелдерге талдау жасау тәртібі;

активтердің әртараптандыру нормаларының сақталуына талдау жасау тәртібі;

ұсынымдарды беруде маңызды болып саналатын факторларға талдау жасау тәртібі;

4) Басқарушының инвестициялық шешімдер қабылдауға уәкілетті инвестициялық комитеті жұмысының сипаттамасын, отырыстарды өткізу кезеңділігі мен нәтижелерін ресімдеуді қамтитын клиенттердің активтеріне қатысты инвестициялық шешімдерді қабылдау;

5) органдар мен бөлімшелердің инвестициялық шешімдерді әзірлеу, қабылдау және орындау барысында өзара іс-әрекет етуі;

6) клиенттер активтерінің қатысуымен мәмілелер жасау және клиенттер активтерінің қатысуымен жасалған мәмілелерге, оның ішінде клиенттер активтерінің заңсыз пайдаланылуын болдырмау мәніне бақылау жасауды жүзеге асыру, активтердің құрамы мен қозғалысын салыстыра тексеруді жүзеге асыру, жасалған мәмілелердің құжат айналымын және ішкі есебін жүргізу, сондай-ақ клиенттер активтерінің қатысуымен мәмілелердің жасалуына бақылауды жүзеге асыратын басшы қызметкерлер лауазымдарының тізбесі;

7) есепке алудың дәйектілігін және клиенттердің шотына қаражаттың уақтылы келіп түсуін қамтамасыз ету;

8) клиент активтерін есепке алудың Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы және инвестициялық қорлар туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келу мониторингін жүргізуді қамтамасыз ету;

9) Комитеттің, тиісті органдардың, активтері басқаруға алынған клиенттердің алдында клиенттердің инвестициялық портфельін басқару қызметінің нәтижелері жөніндегі есептілігін даярлау;

10) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі шарттар бойынша клиенттердің шағымдарын белгіленген мерзімде қарастыруды, операциялық қателіктер орын алған жағдайда жоғалған инвестицияларды уақтылы қалпына келтіруді қамтамасыз ету;

11) деректер тұтастығының және ақпарат құпиялығының қамтамасыз етілуіне ішкі бақылау жасау;

12) клиенттер активтерінің есебінен сатып алынған қаржы құралдарын хеджирлеу;

13) сыйақыны анықтау мен есептеу тәртібі, сондай-ақ көрсетілген ақпаратты клиенттерге беру талаптары жөніндегі рәсімдердің сипаттамасы қамтылады.

17. Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің меншікті активтерін инвестициялау саясаты меншікті активтерді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру талаптары мен тәртібін, меншікті активтерді инвестициялық басқару жөніндегі қызмет барысында пайдаланылатын құжаттардың үлгі нысандарын белгілейді және онда:

1) Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің меншікті активтерін инвестициялау саясатын әзірлеу;

2) меншікті қаражаты есебінен қаржы құралдарымен мәмілелер жасау туралы шешімдер қабылдау үшін ұсынымдар дайындау, онда мыналар көзделеді:

ұсынымдарды беруге уәкілетті тұлғалар лауазымдарының тізбесі;

меншікті активтердің есебінен инвестициялық портфельдің жай-күйіне талдау жасау тәртібі;

инвестициялауды жүзеге асыру болжамдалып отырған қаржы құралдарының болуына, олардың айналымы мен кірістілігінің талаптарына талдау жасау тәртібі;

инвестициялауды жүзеге асыру болжамдалып отырған қаржы құралдарына байланысты тәуекелдерге талдау жасау тәртібі;

активтердің әртараптандыру нормаларының сақталуына талдау жасау тәртібі;

ұсынымдарды беруде маңызды болып саналатын факторларға талдау жасау тәртібі;

3) Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің меншікті қаражаты есебінен қаржы құралдарымен мәмілелер жасау туралы, осындай шешімдер қабылдауға уәкілетті инвестициялық комитет жұмысының сипаттамасы бар, отырыстарды өткізу кезеңділігі мен нәтижелерін ресімдеуді қамтитын шешімдерді қабылдау;

4) Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің органдары мен бөлімшелерінің меншікті қаражаты есебінен қаржы құралдарымен мәмілелер жасау туралы шешімдерді әзірлеу, қабылдау және орындау барысында өзара іс-әрекет етуі;

5) меншікті активтердің қатысуымен мәмілелер жасау және меншікті активтердің қатысуымен жасалған мәмілелердің орындалуына, жүргізілуіне бақылау жасау, активтердің құрамы мен қозғалысын салыстыра тексеруді жүзеге асыру, жасалған мәмілелердің құжат айналымын және ішкі есебін жүргізу, сондай-ақ меншікті активтердің қатысуымен мәмілелердің жасалуына бақылауды жүзеге асыратын басшы қызметкерлер лауазымдарының тізбесі;

6) Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің Комитеттің, тиісті органдардың алдында меншікті активтерді басқару қызметінің нәтижелері бойынша есептілікті даярлау жөніндегі рәсімдердің сипаттамасы қамтылады.»;

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«19. Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының меншікті активтерін инвестициялау саясаты Қағидалардың 4-тарауының талаптарына сәйкес әзірленеді және бекітіледі.»;

21, 22 және 23-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«21. Басқарушының және (немесе) Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің тәуекелдерді басқару саясаты Қағидалардың 20-тармағында белгіленген мәліметтер тізбесіне қосымша ретінде мыналарды айқындайды:

1) лицензияланатын қызмет түріне тән сәйкестендіру, бағалау, мониторинг және бақылау жасау рәсімдерін, оның ішінде:

болжанатын тәуекел (VAR-модель) бойынша қаржы құралдарын бағалаудың халықаралық практикасын пайдалана отырып тәуекелдерді бағалау әдістемесін;

туынды қаржы құралдарымен жасалатын операцияларға тән тәуекелдерді қоса алғанда, тәуекелдерді өлшеу тәртібін, пайдаланылатын тәуекелді өлшеу модельдерінің сипаттамасын;

қаржы құралының құнына әсер ететін тәуекелдерді ескере отырып, оның құнын белгілеу рәсімдерін;

2) бақылау жасауды жүзеге асыруға жауапты тұлғалар лауазымдарының тізбесін көрсете отырып, инвестициялық басқаруға қабылданған клиенттер активтеріне және меншікті активтерге қатысты белгіленген инвестициялау лимиттерінің орындалуына бақылау жасауды жүзеге асыру тәртібін;

3) бақылау жасауды жүзеге асыруға жауапты тұлғалар лауазымдарының тізбесін көрсете отырып, «stop-loss», «take-profit» лимиттерін белгілеу және орындауға бақылау жасау ережелерін;

4) бақылау жасауды жүзеге асыруға жауапты тұлғалар лауазымдарының тізбесін көрсете отырып, инвестициялық басқаруға қабылданған клиенттер активтері бойынша шығындардың жол берілетін барынша жоғары мөлшерін белгілеу және оның орындалуын бақылау ережелерін қоса алғанда, орта және ұзақ мерзімді перспективада инвестициялық рентабельдіктің тұрақты көрсеткіштерін қолдау мақсатында инвестициялық портфельді құрылымдау рәсімдерін;

5) инвестициялық басқаруға қабылданған клиенттер активтері мен меншікті активтерді

инвестициялауға байланысты тәуекелдер үдеген жағдайда, инвестициялық декларацияға өзгерістер енгізуге бастамашы болу және инвестициялау лимиттерін, «stop-loss» және «take-profit» лимиттерін қайта қарау тәртібін;

б) инвестициялық басқаруға қабылданған клиенттер активтері және (немесе) меншікті активтер есебінен мәмілелерді жасау және инвестициялық басқаруға қабылданған клиенттер активтерін және (немесе) меншікті активтерді есепке алу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын бөлімшелердің мәмілелерді жасау және жасалған мәмілелерді есепке алуда көрсету жөніндегі функционалдық міндеттерді бөлуге негізделген қызметіне бақылау жасау жүйесін белгілейді. Бақылау жасау жүйесі:

тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімшенің жасалуы жоспарланып отырған мәмілелер параметрлерінің инвестициялау лимиттеріне сәйкес келуін бақылау жөніндегі функциясын белгіледі;

құқықтық қамтамасыз ету функциясын жүзеге асыратын бөлімшенің жасалатын мәмілелер бойынша шарттардың жобаларына құқықтық сараптама жүргізу жөніндегі функциясын белгіледі;

инвестициялық басқаруға қабылданған клиенттер активтері және (немесе) меншікті активтер есебінен мәмілелер жасауды жүзеге асыратын бөлімшенің тек қана инвестициялық шешімде көрсетілген параметрлерге сәйкес мәмілелер жасау жөніндегі функциясын белгіледі;

инвестициялық басқаруға қабылданған клиенттер активтері және (немесе) меншікті активтер есебінен сатып алынған қаржы құралдарын есепке алуды жүзеге асыратын бөлімшенің орындалған мәмілелер параметрлерінің меншікті қаражаты және клиенттердің активтері есебінен қаржы құралдарымен мәмілелер жасау туралы шешімдердің талаптарына сәйкес келуін бақылау жөніндегі функциясын белгіледі;

инвестициялық басқаруға қабылданған клиенттер активтері есебінен сатып алынған қаржы құралдарын есепке алуды жүзеге асыратын бөлімшенің клиенттер активтерін заңсыз пайдалану жағдайларын болдырмауға бақылау жасау жөніндегі функциясын белгіледі;

бақылау жүйесіне қатысушылардың арасындағы сөз байласу мүмкіндігін шектейтін шаралардың болуын көздейді.

22. Брокердің және (немесе) дилердің және Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының тәуекелдерді басқару саясаты Қағидалардың 20-тармағында белгіленген мәліметтер тізбесіне қосымша ретінде мыналарды көздейтін қаржы құралдарымен мәмілелер жасау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бөлімшелердің қызметіне бақылау жасау жүйесін айқындайды:

құқықтық қамтамасыз ету функциясын жүзеге асыратын бөлімшенің жасалатын мәмілелер бойынша шарттардың жобаларына құқықтық сараптама жүргізу жөніндегі функциясын белгіледі;

клиенттер активтері және (немесе) меншікті активтер есебінен қаржы құралдарымен мәмілелер жасауды жүзеге асыратын бөлімшенің клиенттің бұйрығында және (немесе) меншікті қаражаты және клиенттердің активтері есебінен қаржы құралдарымен мәмілелер жасау туралы шешімде көрсетілген параметрлерге сәйкес мәмілелер жасау жөніндегі функциясын белгіледі;

функционалдық міндеттерді бөлуге, атап айтқанда, қаржы құралдарымен мәмілелерді жасайтын бөлімше мен осы операцияларды есепке алумен айналысатын бөлімше арасында функционалдық міндеттерді бөлуге негізделген қаржы құралдарын сатып алу-сату жөніндегі операцияларды жасаудың дұрыстығына қосарланған бақылау жүргізу тәртібін анықтау.

Қосарланған бақылау жүйесі:

қаржы құралдарымен жасалынған операцияларды есепке алумен айналысатын бөлімшенің орындалған мәмілелер параметрлерінің клиенттің бұйрығында және (немесе) меншікті қаражаты және клиенттердің активтері есебінен қаржы құралдарымен мәмілелер жасау туралы шешімде көрсетілген талаптарға сәйкес келуіне бақылау жасау жөніндегі функциясын белгіледі;

қаржы құралдарымен жасалынған операцияларды есепке алумен айналысатын бөлімшенің клиенттердің активтерін заңсыз пайдалану жағдайларының орын алмауына бақылау жасау жөніндегі функциясын белгіледі;

қосарланған бақылау жүйесіне қатысушылардың арасындағы сөз байласу мүмкіндігін шектейтін шаралардың болуын;

бір тұлғаның бір уақытта қаржы құралдарымен мәмілелерді жасайтын бөлімшедегі және осы

операцияларды есепке алумен айналысатын бөлімшедегі міндеттерді атқаруына тыйым салуды көздейді.

23. Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының қарсы серіктестері мен клиенттеріне талдау және мониторинг жасауды жүзеге асыру рәсімдері нақты қауіптерді сәйкестендіру мақсатында әрбір қарсы серіктес пен клиент туралы ақпарат алу үшін Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының қарсы серіктестеріне және клиенттерге олармен іскер қарым-қатынастарды орнатқанға дейін (шарт жасасқанға дейін) және одан әрі өзара іс-әрекет жасау барысында кешенді түрде тексеру жүргізуге бағытталған шаралар кешенін белгілейді.

Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының өз қарсы серіктестері мен клиенттерін кешенді түрде тексеруіне мынадай шараларды жүзеге асыру кіреді:

1) болжанатын іскер қарым-қатынастардың мақсаттары мен сипатын белгілеу;

2) әлеуетті немесе нақты қарсы серіктес немесе клиент болып табылатын тұлғаны сәйкестендіру үшін қажет мәліметтерді тіркеу;

3) Брокердің және (немесе) дилердің немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының алдындағы өзінің міндеттемелері бойынша жауап беру қабілетін анықтау мақсатында қарсы серіктестің төлем қабілеттілігіне мониторинг жүргізу;

4) брокерлік қызмет көрсетуге шарт жасаған клиенттердің қаржылық жай-күйіне талдау жасау және мониторинг жүргізу;

5) клиенттердің сенімділік дәрежесін (төлем қабілеттілігін) анықтауды көздейтін санаттар бөлігінде брокерлік қызмет көрсетуге шарт жасасқан клиенттерді ранжирлеу;

6) мәмілелер көлемі бойынша бір қарсы агентке лимиттер белгілеу арқылы клиенттер тарапынан төлем қабілетсіздігінің тәуекелі болған жағдайда клиенттік активтер есебінен мәміле жасау мүмкіндіктерін шектеу, клиенттердің жеке және (немесе) банктік шоттарындағы бағалы қағаздары және (немесе) ақшасын толық немесе ішінара алдын-ала сақтап қою талаптарын белгілеу немесе брокерлік қызмет көрсету шартымен көзделген өзге де іс-қимылдарды жүзеге асырудағы клиенттерге қатысты шектеулі маржа деңгейін көтеру.»;

мынадай мазмұндағы 23-1 және 23-2 тармақтармен толықтырылсын:

«23-1. Клиенттердің қаржылық жай-күйіне және ранжирлеуге баға беру тәртібін төлем қабілетсіздігінің тәуекелдерін уақтылы анықтау мақсатында Брокер және (немесе) дилер немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушы әзірлейді және ол мыналарды қамтиды:

1) клиенттердің қаржылық жай-күйлеріне баға беру, оның ішінде Қағидалардың 61-тармағында көрсетілген ақпарат пен көрсеткіштер тізбесін;

2) клиенттердің қаржылық жай-күйлеріне баға беру әдістемесі;

3) сенімділік дәрежесі (төлем қабілеттілігі) жоғары клиенттер санаттарынан бастап және сенімділік дәрежесі (төлем қабілеттілігі) төмен клиенттер санаттарымен аяқтай отырып, санаттар бөлігінде клиенттерді ранжирлеу әдістемесі;

4) клиенттердің қаржылық жай-күйіне және ранжирлеуге баға беру туралы Брокердің және (немесе) дилердің атқарушы органының немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының есептерін ұсыну (жылына бір реттен кем емес) тәртібі мен кезеңділігі.

23-2. Брокердің және (немесе) дилердің немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының төлем қабілетсіздігінің тәуекелдерін шектеу тәртібі мен талаптары мыналарды қамтиды:

1) төлем қабілетсіздігінің тәуекелдерін шектеу мақсатында көзделіп енгізілген, бірақ шектемеген лимиттердің, шектеулердің, тыйым салулардың және өзге де шаралардың тізбесі:

мәміле көлемі бойынша бір клиентке келетін лимиттер;

әрбір жеке клиентке қатысты маржаның шектеліп отыратын деңгейі;

жеке және (немесе) банк шоттарында бағалы қағаздарды және (немесе) ақшаны толық немесе ішінара алдын-ала сақтап қою;

2) клиенттерге қатысты шектеулерді қолданудың осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген тәртібі мен талаптары.»;

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«24. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ережелеріне бағалы қағаздар нарығындағы

коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын мәліметтердің сақталуын қамтамасыз ету және оларды Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының, олардың қызметкерлерінің немесе үшінші тұлғалардың жеке мүдделерінде пайдалануына жол бермеу жөніндегі рәсімдер кіреді.

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары:

1) коммерциялық және қызметтік құпияға жататын, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңмен, «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңымен қорғалатын ақпарат тізбесін;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген ақпарат бар құжаттарды жасау, ресімдеу, тіркеу, есепке алу және сақтау тәртібін;

3) осы ақпаратқа рұқсаты бар тұлғалардың лауазымдарын көрсете отырып, осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген ақпаратқа рұқсат беру тәртібін;

4) мыналарды көздейтін, осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген ақпараттың жылыстауын және ақпараттық деректердің бұрмалануын болдырмау механизмдерін:

шектеулі рұқсаты бар ақпараттық деректер тізбесін;

рұқсат алу тәртібін;

ақпараттық деректерге рұқсатты, ақпараттық деректерге рұқсаты бар тұлғалар лауазымдарының тізбесін бақылау тәртібін;

5) ақпараттық қамтамасыз ету бөлімшесінің автоматтандырылған деректер базасын басқару терминалдарын пайдаланушыларға мониторинг жасауды және оларды сәйкестендіруді жүзеге асыруы және пайдаланушының жеке басын бірегейлендіруге мүмкіндік беретін жүйемен қамтамасыз етуі арқылы автоматтандырылған деректер базасын басқару терминалдарын рұқсатсыз пайдалануды болдырмау жөніндегі іс-шараларды белгілейді.»;

26-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«26-1. Іс жүзіндегі және потенциалды мүдделер қайшылығын басқару саясатына:

1) Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының лауазымды тұлғасының немесе қызметкерінің мүдделері олардың шешімдер қабылдауының және міндеттерін атқаруының объективтілігі мен тәуелсіздігіне ықпал етуі, сондай-ақ олардың Брокер және (немесе) дилер, Басқарушы клиенттерінің және (немесе) Брокер және (немесе) дилер, Басқарушы акционерлерінің мүдделерінде әрекет жасау міндеттемесімен қайшы келуі мүмкін жағдайларды анықтау;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген жағдайлар туындаған кездегі Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері қызметінің принциптері;

3) Брокер және (немесе) дилер, Басқарушы органдарының, бөлімшелерінің, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің қызметі барысында осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген жағдайларды анықтау және сипаттау мақсатында мәліметтерді жинауды, сақтауды және оларға мониторинг жасауды жүзеге асыру тәртібі;

4) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген жағдайлар туындаған кездегі Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің шешімдерді қабылдауға қатысу құқығын шектеуді қосқанда, қабылданатын шешімдердің тәуелсіздігі мен объективтілігін қамтамасыз етуге бағытталған, Брокер және (немесе) дилер, Басқарушы органдарының шешімдерді қабылдау рәсімдері кіреді.»;

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«30. Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының меншікті активтерін басқаруды қамтамасыз ету мақсатында Қағидалардың 17 және (немесе) 18-тармақтарында көзделген ережелерден бөлек мыналар кіретін, бірақ олармен шектелмейтін Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының меншікті активтерін инвестициялау саясаты әзірленеді:

1) меншікті активтерді инвестициялаудың мақсаттары мен стратегиясы;

2) инвестициялау объектілерінің сипаттамасы мен тізбесі;

3) қаржы құралдарының түрлері және ашық валюталық позиция үлесі бойынша меншікті активтерді инвестициялау лимиттері;

4) инвестициялық қызметке қатысты белгіленген талаптар мен шектеулер;

5) хеджирлеу құралдарының тізбесін және сипаттамасын көрсете отырып меншікті активтерді хеджирлеу және әртараптандыру талаптары;

6) инвестициялық қызметке байланысты негізгі тәуекелдер туралы ақпарат.»;

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«33. Функциясына инвестициялық шешім қабылдауға қажетті ақпаратты жинау, өңдеу және талдау кіретін Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің жауапты бөлімшелері Қағидалардың 32-тармағында көрсетілген аналитикалық зерттеулер негізінде осындай ұсынымдарды беруге негіздеме болған факторлардың толық тізбесі бар ұсынымдарды әзірлейді.»;

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«38. Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімшесінің Қағидалардың 37-тармағының 3) тармақшасына сәйкес дайындалған қорытындысында мыналар туралы ақпаратты қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, мынадай мәліметтер болады:

жасалатын мәміленің басқару органы мен инвестициялық комитет белгілеген лимиттердің сақталуына әсері;

уәкілетті орган белгілеген пруденциалдық нормативтер мәнінің ықтимал өзгерісі;

осы қаржы құралын сатып алумен байланысты тәуекелдер.»;

41 және 42-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«41. Қағидалардың 40-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетін инвестициялық комитеттің инвестициялық басқаруға қабылданған клиенттер активтері және (немесе) Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің меншікті қаражаты есебінен қаржы құралдарымен мәмілелер жасау туралы шешімдер қабылдау жөніндегі функцияларды қоса атқаруына жол беріледі.

42. Инвестициялық комитет отырысының өткізілу қорытындылары бойынша:

отырыста қаралатын мәселелер тізбесін;

инвестициялық шешімді қабылдау үшін инвестициялық комитетке ұсынылған құжаттар тізбесін;

қаржы құралдарының атауын, сондай-ақ олармен мәмілелер жасау талаптарын көрсете отырып, осы отырыста қабылданған инвестициялық шешімдердің параметрлерін;

отырыста қаралатын әрбір мәселе бойынша дауыс беру қорытындыларын;

инвестициялық комитет мүшелерінің негіздемелері бар пікірлерін, оның ішінде олардың қабылданған шешіммен келіспеушілігі және қабылданған инвестициялық шешімнен ерекше (шешім қабылданған кезде білдірілген) пікір болған жағдайдағы пікірлерін;

Қағидалардың 26-1-тармағы 1) тармақшасында көрсетілген жағдайлардың туындағаны туралы мәліметтерді көрсете отырып, хаттама жасалады.»;

46-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«46. Хеджирлеу құралдарымен мәміле жасау үшін инвестициялық шешім Қағидалардың 45-тармағының 1) - 3), 7) - 12) тармақшаларында көрсетілген мәліметтермен қатар мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) хеджирлеу құралының түрі, жасалу мерзімі, көлемі, құны (сыйлықақысы), хеджирлеу операциясының жасалуы жоспарланатын нарығы көрсетілген хеджирлеу құралының жан-жақты сипатталуы және осы құралдың басқа да сипаттамалары (талаптары);

2) осы хеджирлеу құралын қолданудан күтілетін нәтижелер;

3) хеджирлеу объектісінің (базистік активінің) тәуекелін оның түрін (пайыздық, баға, валюталық және тағы басқалар), сондай-ақ оны бағалау әдісін көрсете отырып бағалау;

4) қажетті деректемелері (бірегейлендіру нөмірі, саны, құны, көлемі, валютасы) көрсетілген хеджирлеу объектісі;

5) осы операцияны жасау арқылы хеджирлеу объектісі бойынша ықтимал шығындардың (алынбаған кіріс) мөлшерін төмендетуге алып келетінін растайтын есеп айырысу.»;

53, 54 және 55-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«53. Тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімше:

1) тәуекел бағасы моделінің және ағымдағы бағаны нарықтық бағаға келтіру негізінде қаржы құралдарының құнын бағалауды жүргізеді, оның ішінде Қағидалардың 2-қосымшасының 1-нысанына сәйкес баға тәуекелі жөніндегі стресс-тестинг жүргізуді іске асырады;

2) бэк-тестинг өткізеді, атап айтқанда Басқарушы немесе Басқарушы болып табылатын Брокер және (немесе) дилер жөніндегі тарихи деректерді пайдалану және стресс-тестингті жүргізу нәтижесінде есептелген қорытындыларды қаржы құралдарымен жасалынған операциялардың ағымдағы (нақты) нәтижелерінің қорытындыларымен салыстыру арқылы тәуекелдерді өлшеу рәсімдерінің тиімділігін тексеруді жүзеге асырады;

3) қаржы құралдарымен мәмілелер жасауға қатысты инвестициялық шешімдерді қабылдау кезінде жүргізілген стресс-тестингтер мен бэк-тестингтердің нәтижелерін басқару органына және тәуекелді бағалау нәтижелерін және тұрақты стресс-тестингтерді пайдаланатын инвестициялық комитетке береді.

54. Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің инвестициялық қызметіндегі құқықтық тәуекелдердің мониторингін қамтамасыз ету мынадай іс-әрекеттерді жүргізу арқылы жүзеге асырылады:

1) тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімше тұрақты негізде жауапты бөлімшелердің уәкілетті орган белгілеген пруденциалдық нормативтерді және әртараптандыру нормаларын орындауын бақылайды;

2) құқықтық қамтамасыз ету қызметін жүзеге асыратын бөлімше:

шарттардың жобаларына және шарттарға байланысты құжаттарға, Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің ішкі құжаттарының, оның ішінде қаржы құралдарымен операциялар жүргізуге қатыстыларының жобаларына құқықтық сараптама жүргізу арқылы Басқарушы немесе Басқарушы болып табылатын Брокер және (немесе) дилер қызметінің Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы және инвестициялық қорлар туралы заңнамасының талаптарына сәйкестігін бақылауды жүзеге асырады;

қызметкерлерді Қазақстан Республикасының Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің қызметін реттейтін заңнамасындағы өзгерістермен тұрақты негізде таныстыруды қамтамасыз етеді;

3) Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің жауапты құрылымдық бөлімшелері:

Қазақстан Республикасының Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің қызметін реттейтін бағалы қағаздар нарығы және инвестициялық қорлар туралы заңнамасындағы өзгеріспен байланысты қосымша тәуекелдердің пайда болу мүмкіндігін бағалауды жүргізеді;

қызметкерлерді Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің ішкі құжаттарымен таныстыруды жүзеге асырады;

Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің шарттық қатынастарды сақтауын қамтамасыз етеді және қарсы серіктестердің өз міндеттемелерін сақтауын бақылауды жүзеге асырады.

55. Сауда бөлімшесі не бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйым ұсынатын ақпараттарды қоса алғанда, Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің инвестициялық басқаруға қабылданған клиенттердің (инвестициялық қорлардың) активтерін басқаруды және тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімшелері қарсы серіктестерінің қаржылық есептілігін, қарсы серіктестерді сәйкестендіруге қажетті мәліметтерді (құрылтай құжатының деректерін, салық төлеушінің тіркеу нөмірін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (клиентке салық төлеушінің тіркеу нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі берілмеген жағдайларды қоспағанда), сондай-ақ тұрғылықты жерінің мекен-жайын), қарсы серіктестердің қабылданған міндеттемелерді орындау қабілеттілігіне әсер ететін басқа да мәліметтерін зерделеу арқылы талдау және мониторинг өткізеді де, қарсы серіктестердің қызметі туралы жағымсыз мәлімет табылған жағдайда Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің инвестициялық комитетіне есеп дайындайды.»;

57, 58, 59, 60, 61, 62 және 63-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«57. Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімшесі Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің қаржылық жай-күйінің біршама нашарлауына және (немесе) оның өз міндеттемелері бойынша жауап беру мүмкіндігіне әсер ететін оқиғалар басталған жағдайда іс-шаралар жоспарын дайындауға бастамашылық етеді, сондай-ақ Басқарушы немесе Басқарушы болып табылатын Брокер және (немесе) дилер бөлімшелерінің тиісті іс-шаралар жоспарын әзірлеу барысында ақпаратты жинауын және іс-әрекеттерін үйлестіруді жүзеге асырады.

Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің қаржылық жай-күйінің біршама нашарлауына және (немесе) оның өз міндеттемелері бойынша жауап беру мүмкіндігіне әсер ететін оқиғалар тізбесі, сондай-ақ осындай оқиғалардың басталуын сипаттайтын көрсеткіштер Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің инвестициялық комитетімен бекітіледі, Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің ішкі құжаттарымен айқындалады және жоғарыда көрсетілген тізбе мына ақпараттармен шектелмей:

1) қаржы құралдары бағаларының біршама өзгеруін сипаттайтын қор нарығындағы ахуалдың қысқа уақыт аралығында өзгеруін;

2) басқаруға қабылданған активтердің едәуір қысқаруын;

3) Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің қаржылық көрсеткіштерінің нашарлауын;

4) меншікті капиталдың біршама төмендеуін;

5) пруденциалдық нормативтер мәнінің айтарлықтай өзгеруін;

6) Қағидалардың 26-1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген жағдайлардың туындауын;

7) бағалы қағаздар нарығындағы қызметтің кәсіби түрлерін жүзеге асыруға берілген лицензияның қолданылуын тоқтата тұруды немесе лицензиядан айыруды;

8) Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің немесе оның ірі акционерінің дефолт немесе банкрот болуын;

9) Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің ішкі құжаттарында анықталған өзге де оқиғаларды қамтиды.

Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің басқару органы Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімшесі әзірлеген іс-шаралар жоспарын атқарушы органмен келісілгеннен кейін бекітеді.

58. Тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын Брокердің және (немесе) дилердің немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының бөлімшесі Брокердің және (немесе) дилердің немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының қызметіне тұрақты мониторинг жүргізуді іске асырады, тұрақты негізде тәуекелдерді бағалауды жүргізеді және тәуекелдердің деңгейін төмендету жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге қатысады, атап айтқанда:

1) тәуекелдерді талдау мен бағалауға қажетті ақпараттарды жинау барысын;

2) сондай-ақ қаржылық жай-күйді және клиенттердің төлем қабілеттілігі барысы мониторингін және талдауды ұйымдастырады;

3) методологияны әзірлейді және жетілдіреді және тәуекелдерді талдау мен бағалау процесін ұйымдастырады;

4) тәуекелдерді басқару әдістерін әзірлейді;

5) тәуекелдердің деңгейін төмендету жөніндегі іс-шараларды жоспарлайды және оған бастамашылық етеді;

6) тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылайды;

7) әлеуетті және ықтимал тәуекелдерді ұсынатын ішкі және сыртқы факторларды сәйкестендіреді және талдайды, олардың Брокердің және (немесе) дилердің және (немесе) Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының қаржылық көрсеткіштеріне тигізген әсерінің деңгейін және олар көрсеткен қызметтердің сапасын бағалайды;

8) осы тараудың талаптарына сәйкес тәуекелдердің орнын толтыру коэффициентінің және бір клиент тәуекелінің мәні бойынша есеп айырысуды жүзеге асырады;

9) төлем қабілетсіздігінің тәуекелдерін шектеу бойынша критерийлер мен ұсыныстар әзірлейді.

59. Тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын Брокердің және (немесе) дилердің немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының бөлімшесі ақша ағынын және активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерін Қағидалардың 51-тармағында көзделген тәртіпте бақылауды жүзеге асырады.

60. Шарт қатынастарын, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы және инвестициялық қорлар туралы заңнамасының талаптарын және Брокердің және (немесе) дилердің немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының ішкі саясаттарын сақтау мониторингін қамтамасыз ету Қағидалардың 54-тармағында көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.»;

61. Брокердің және (немесе) дилердің немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының меншікті активтерін басқаруды және тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімшелері брокерлік қызмет көрсету жөніндегі шарттарды жасасқан қарсы серіктестері мен клиенттерінің қаржылық есептілігін, қарсы серіктестерді сәйкестендіруге қажетті мәліметтерді (заңды тұлғалар үшін құрылтай құжатының деректерін, салық төлеушінің тіркеу нөмірін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (клиентке салық төлеушінің тіркеу нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі берілмеген жағдайларды қоспағанда), сондай-ақ тұрғылықты жерінің мекен-жайын, жеке тұлғалар үшін жеке басын куәландыратын құжаттың деректерін, салық төлеушінің тіркеу нөмірін, жеке сәйкестендіру нөмірін (клиентке салық төлеушінің тіркеу нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі берілмеген жағдайларды қоспағанда)), қарсы серіктес пен клиенттің қабылданған міндеттемелерді орындау қабілеттілігіне әсер ететін басқа да ақпаратты зерделеу арқылы талдау және мониторинг өткізеді де, қарсы серіктестері мен клиенттерінің қызметі туралы жағымсыз ақпарат табылған жағдайда Брокердің және (немесе) дилердің басқару органына және (немесе) Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының инвестициялық комитетіне есеп дайындайды.

62. Брокердің және (немесе) дилердің немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының басқару органы (қадағалау кеңесі) Брокердің және (немесе) дилердің немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының қаржылық жай-күйінің біршама нашарлауына әсер ететін оқиғалар басталған жағдайда, іс-шаралар жоспарын бекітеді.

Брокердің және (немесе) дилердің немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының қаржылық жай-күйінің біршама нашарлауына және (немесе) оның өз міндеттемелері бойынша жауап беру мүмкіндігіне әсер ететін оқиғалар тізбесі, сондай-ақ осындай оқиғалардың басталуын сипаттайтын көрсеткіштер Брокердің және (немесе) дилердің немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының басқару органымен (қадағалау кеңесімен) бекітіледі және жоғарыда көрсетілген тізбе осы Қағидалардың 57-тармағында көрсетілген оқиғаларды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді.»;

мынадай мазмұндағы 62-1, 62-2, 62-3, 62-4, 62-5, 62-6, 62-7 және 62-8 тармақтармен толықтырылсын:

«62-1. Тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын Брокердің және (немесе) дилердің немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының бөлімшесі тәуекелдердің орнын толтыру коэффициентінің мәндерін және мынадай:

1) бағалы қағаздарды сатып алуға (сатуға) клиенттік тапсырыстарды қабылдау;

2) бағалы қағаздарды сатып алуға (сатуға) өтінімдерді сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйесіне беру;

3) ақшаны клиенттің банк шотына аударуға (шотынан есептен шығаруға) бұйрықты қабылдау;

4) бағалы қағаздарды номиналды ұстауға енгізуге (ұстаудан шығаруға) бұйрықты қабылдау;

5) тікелей және кері репо операцияларын ашу операцияларының жүзеге асырылу шамасына қарай сауда күнінің ішіндегі бір клиентке тәуекелдерді есептеуді жүзеге асырады.

62-2. Бір клиентке тәуекелдерді есептеу, Брокер және (немесе) дилер немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушы сауда күнінің ішінде олардың атынан және (немесе) есебінен:

1) халықаралық (шетелдік) бағалы қағаздар нарығында мәміле жасауға клиенттік тапсырыс қабылдамаған;

2) бағалы қағаздарды сатып алуға (сатуға) өтінімдерді сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда

жүйесіне бермеген клиенттерге қатысты жүргізілмейді.

62-3. Тәуекелдердің орнын толтыру коэффициентінің мәні, Брокер және (немесе) дилер немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушы қаражатының мәміле жасау нәтижесінде туындаған шартты және мүмкін міндеттемелерінің орнын толтыру үшін жеткіліктілігін сипаттайды және кемінде бірден кем болмайды.

Тәуекелдердің орнын толтыру коэффициентінің мәні (бұдан әрі - ТОК) мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{ТОК} = \text{МК} / (\text{Кт} + \text{От}),$$

ондағы:

1) МК - Брокердің және (немесе) дилердің немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының, мыналарды: Брокердің және (немесе) дилердің немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының негізгі қызметінің мақсаты үшін сатып алынған лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді қоспағанда материалдық емес активтерді және 38 Халықаралық қаржы есептілігінің стандартына сәйкес Комитет Басқармасы 1998 жылғы шілдеде халықаралық қаржы есептілігінің стандарттары бойынша бекіткен «Материалдық емес активтерді;

Брокердің және (немесе) дилердің немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының, мына:

MICEX (Moscow Interbank Currency Exchange Index);

DAX (Deutscher Aktienindex);

CAC 40 (Compagnie des Agents de Change 40 Index);

NIKKEI - 225 (NIKKEI - 225 Index);

TOPIX (Tokyo Price Index);

HSI (Hang Seng Index);

ENXT 100 (Euronext 100);

RTSI (Russian Trade System Index);

DJIA (Dow Jones Industrial Average);

S&P 500 (Standard and Poor's 500 Index);

FTSE 100 (Financial Times Stock Exchange 100 Index);

KASE (Kazakhstan Stock Exchange);

MSCI World Index (Morgan Stanley Capital International World Index) есептік көрсеткіштердің (индекстердің) құрамына кіретін эмитенттердің акциясын қоспағандағы заңды тұлғалардың акциясындағы (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері) инвестицияларын шегергендегі меншікті капиталы;

2) Кт - төлем қабілетсіздігінің тәуекелі, ол:

Брокердің және (немесе) дилердің немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының және оның клиенттерінің атынан сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйесіне берілген бағалы қағаздарды сатып алуға және сатуға белсенді өтінімдер;

Брокердің және (немесе) дилердің немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының және оның клиенттерінің атынан берілген бағалы қағаздарды бағалы қағаздардың халықаралық (шетелдік) нарықтарында сатып алуға және сатуға белсенді өтінімдер;

Брокердің және (немесе) дилердің немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының және оның клиенттерінің атынан жасалған бағалы қағаздардың халықаралық (шетелдік) нарықтарында, есептелмеген бағалы қағаздармен мәмілелер;

ашық репо операциялары көлемінің;

мыналарды:

Брокер және (немесе) дилер немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының банк шотындағы, олардың атынан осы тармақшаның екінші және үшінші абзацында көрсетілгендерді сатып алуға өтінімдер берілген клиенттерінің ақшаларын;

олардың атынан осы тармақшаның екінші және үшінші абзацында көрсетілгендерді сатып алуға өтінімдер берілген Брокер және (немесе) дилер немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушы клиенттерінің жеке шоттарында (қосалқы шоттарында) тұрған және осы өтінімдердің мәні болып табылатын бағалы қағаздарды;

Брокер және (немесе) дилер немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушы клиенттерінің жеке шоттарында (қосалқы шоттарында) тұрған және репо операциясының мәні болып табылатын бағалы қағаздарды шегергендегі сомасы ретінде есептеледі;

3) От - Брокердің және (немесе) дилердің немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының ұйымдастырылған және бағалы қағаздардың халықаралық (шетелдік) нарықтарында бағалы қағаздармен сауда-саттығының жылдық көлемінің орташа шамасының, соңғы өткен үш жылда 0,0015-ке тең операциялық тәуекелдің және 0,035-ке тең есептік коэффициенттің қосындысы ретінде есептелетін операциялық тәуекел.

Қайтадан құрылған Брокер және (немесе) дилер немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушы үшін, операциялық тәуекел қаржы жылының аяқталуы бойынша есептеледі және сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйесіндегі сауда-саттықтардың жылдық көлемінің орташа шамасы өткен жылдардың санына қарай есептеледі.

62-4. «Бір клиент» деген термин клиенттік тапсырысты орындау барысында Брокер және (немесе) дилер немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушыда, бағалы қағаздармен мәміле жасаудың нәтижесінде үшінші тараптың алдында ақша және (немесе) бағалы қағаздарды жеткізу бойынша міндеттеме туындауы мүмкін әрбір жеке немесе заңды тұлғаны білдіреді.

62-5. Бір клиентке тәуекелдің көлемі Брокердің және (немесе) дилердің немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының ақша және (немесе) бағалы қағаздарды жеткізу бойынша шартты және мүмкін міндеттемелердің, осы клиенттің Брокердің және (немесе) дилердің немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының банктік шотында тұрған ақша сомасын шегергендегі, банк шотындағы жиынтығы ретінде есептеледі.

62-6. Брокердің және (немесе) дилердің немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының бір клиентке тәуекелі көлемінің, Брокер және (немесе) дилер немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының меншікті капиталына қатысы мыналардан:

- 1) сенімділік (төлем қабілеттілігі) дәрежесі жоғары санатқа жатқызылған клиенттер үшін - 0,25-тен;
- 2) сенімділік (төлем қабілеттілігі) дәрежесі төмен санатқа жатқызылған клиенттер үшін - 0,10-нан аспайды.

Брокердің және (немесе) дилердің немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының ішкі құжаттарымен айқындалған басқа санаттарға жатқызылған клиенттер үшін тәуекел көлемінің қатысын осы брокер және (немесе) дилер өз бетінше белгілейді, бірақ осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында белгіленген шамада.

62-7. Бір клиентке тәуекел мәнінің есебі Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша есеп түрінде ресімделеді.

62-8. Брокер және (немесе) дилер немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушы Қағидалардың 62-7-тармақта баяндалған ақпаратты қағаз және (немесе) электрондық тасымалдағышта күн сайын резервтеуді және сақтауды қамтамасыз етеді.»;

63-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«63. Брокерде және (немесе) дилерде, Басқарушыда ішкі бақылау жүйесі:

1) Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының қызметін жүзеге асыру тиімділігі мен өтімділігін тексеру және ықтимал шығындарды анықтау арқылы Брокер және (немесе) дилер, Басқарушы қызметінің операциялық және қаржылық тиімділігін қамтамасыз ету;

2) Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының қаржылық есептілігінің дұрыс және сапалы құрылуын тексеру арқылы қаржылық және басқару ақпараттарының сенімділігін, толықтығын және уақтылы жасалуын қамтамасыз ету;

3) Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы, инвестициялық қорлар және акционерлік қоғамдар туралы заңнамасы талаптарының, Брокердің

және (немесе) дилердің, Басқарушының ішкі саясаты мен рәсімдерін анықтайтын құжаттардың сақталуын тексеру арқылы Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы, инвестициялық қорлар және акционерлік қоғамдар туралы заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз ету үшін құрылады.»;

72 және 73-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«72. Ішкі аудит қызметі жүргізетін тексерулер барысында мынадай мәселелер қаралуы тиіс:

- 1) ішкі бақылаудың процестері мен рәсімдерін тексеру, олардың тиімділігін бағалау;
 - 2) тәуекелдерді бағалау методологиясы мен тәуекелдерді басқару рәсімдерін (операцияларды жасаудың әдістерін, бағдарламаларын, ережелерін, тәртіптерін және рәсімдерін) қолдануының және тиімділігінің толықтығын тексеру;
 - 3) деректер базасының тұтастығына және оларға рұқсатсыз кіруден қорғауға, күтпеген жағдайларда іс-қимыл жоспарларының болуына бақылау жасаумен қатар, автоматтандырылған ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуінің тиімділігін тексеру;
 - 4) бухгалтерлік есеп пен есептіліктің шынайылығын, толықтығын, әділдігін және уақтылығын, сондай-ақ ақпарат пен есептілікті жинаудың сенімділігін және уақтылы берілуін тексеру;
 - 5) Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының Брокер және (немесе) дилер, Басқарушы қызметінің лицензияланатын түрінің шеңберінде кез келген мәліметтер мен ақпараттарды шынайы, толық, әділ әрі уақтылы берілуін тексеру;
 - 6) Брокер және (немесе) дилер, Басқарушы мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету үшін қолданылатын тәсілдерді (әдістерді) тексеру;
 - 7) Брокер және (немесе) дилер, Басқарушы қызметінің лицензияланатын түрінің шеңберінде жасалатын операциялардың барлық түрлерінің экономикалық мақсатқа лайықтылығын және тиімділігін бағалау;
 - 8) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы, инвестициялық қорлар және акционерлік қоғамдар туралы заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында құрылған жүйелерді тексеру;
 - 9) Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының қызметкерлерін басқару қызметінің жұмысын бағалау;
 - 10) күнделікті балансты өндеудің дұрыстығы;
 - 11) есеп саясатының қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес келуі;
 - 12) инвестициялық басқаруға қабылданған клиенттердің (инвестициялық қорлардың) активтерімен және (немесе) Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының меншікті активтерімен заңсыз айла-әрекет жасау фактілерінің болуы;
 - 13) инвестициялық басқаруға қабылданған клиенттердің (инвестициялық қорлардың) активтері және (немесе) Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының меншікті активтері есебінің дұрыстығы.
73. Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының басқару органы (қадағалау кеңесі) мен атқарушы органы ішкі аудит қызметінің есептерін талдайды және ішкі аудит қызметінің Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының кейінгі қызметінде анықталған бұзушылықтарға жол бермеу жөніндегі шараларды қабылдайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген шаралар Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының басқару органы (қадағалау кеңесі) мен атқарушы органының шешімдері (қаулылары) түрінде ресімделеді.»;

75-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«75. Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының ішкі аудит қызметінің есептері Комитетке оның сұратуы бойынша беріледі.»;

77, 78, 79 және 80-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«77. Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің басқару органы өз функцияларын жүзеге асыру үшін Қағидалардың 76-тармағында көрсетілген ақпараттарға қосымша ретінде:

- 1) Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімшелерінен Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес стресс-тестинг және бэк-тестинг қорытындыларын әр екі ай сайын алады;

2) Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің инвестициялық басқаруға берілген клиенттерінің активтерін басқаруды жүзеге асыратын бөлімшелерінен: инвестициялық басқаруға берілген клиенттердің активтерін және (немесе) меншікті активтерді инвестициялық басқару қызметін жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын ақпаратқа талдау жасау нәтижелері туралы жиынтық есепті тоқсан сайынғы негізде;

қабылданған инвестициялық шешімдер туралы есепті жарты жыл ішінде кемінде бір рет алады.

78. Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының атқарушы органы өз функцияларын жүзеге асыру үшін:

1) Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының бухгалтерлік есепті жүзеге асыратын бөлімшелерінен өткен есепті кезеңнің осы кезеңмен және жоспарланған қызметтің көрсеткіштерімен салыстыра отырып, Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының ағымдағы қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есепті тоқсан сайынғы негізде;

2) Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының кірістерін (шығыстарын) қадағалап отыратын Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының бөлімшесінен аумақтық және қызметтік бөлімшелеріне қызмет түрлері бойынша динамиканы қоса алғанда, қаржылық қызметтің жоспарлы көрсеткіштерін қоса бере отырып, Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының кірістері (шығыстары) туралы ай сайынғы есептерін тоқсан сайынғы негізде;

3) ішкі аудит қызметінен Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының қызметін жақсарту бойынша орын алған кемшіліктер мен ұсынымдар туралы тұжырымы бар тексерулер нәтижелері бойынша есептерді сол есеп берулердің дайындалу шегі бойынша;

4) инвестициялық басқаруға қабылданған клиенттердің (инвестициялық қорлардың) активтерін және (немесе) меншікті активтерді басқаруды және тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімшелерден қарсы серіктестері мен клиенттерінің қызметі туралы жағымсыз ақпараттың табылуы туралы есепті қарсы серіктестер мен клиенттердің қызметі туралы жағымсыз ақпараттың табылу шегі бойынша алады;

5) Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының ақпараттық қамтамасыз ету бөлімшесінен тоқсанына бір рет мынадай ақпараттарды алады:

аппараттық-бағдарламалық техникалық кешендердің жай-күйі;

есепті кезең ішінде анықталған техникалық проблемалар;

Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының ішкі рәсімдерінде анықталған сәйкессіздіктер;

проблемалар мен сәйкессіздіктердің қайталап туындауын жою және болдырмау үшін қабылданған шаралар;

6) Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының барлық бөлімшелерінен:

бөлімшелердің не қызметкерлердің белгіленген Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы, инвестициялық қорлар және акционерлік қоғамдар туралы заңнамасының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талаптарын және Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының ішкі құжаттарын бұзуы туралы ақпаратты ақпараттың туындау шегі бойынша;

жөнсіздіктерді өз бетімен анықтау және анықталған жөнсіздіктерді жою бойынша қабылданған шаралар туралы есептерді ақпараттың туындау шегі бойынша алады.

79. Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің атқарушы органы өз функцияларын жүзеге асыру үшін Қағидалардың 78-тармағында көрсетілген ақпараттарға қосымша ретінде:

1) Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің инвестициялық шешімдерді қабылдауға қажетті ақпаратты жинауды, өңдеуді және талдауды жүзеге асыратын бөлімшелерінен Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің меншікті активтерінің есебінен Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің инвестициялық қызметін жүзеге асыру кезінде пайдаланатын ақпаратты талдау қорытындысы туралы жиынтық есепті тоқсан сайынғы негізде алады;

2) Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімшелерінен белгіленген инвестициялау лимиттерін сақтау (пайдалану) туралы ақпаратты Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес тоқсан сайынғы негізде;

3) инвестициялық басқаруға қабылданған клиенттердің (инвестициялық қорлардың) активтерін және (немесе) Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің меншікті активтерін басқаруды және тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімшелерден инвестициялаудың белгіленген лимиттерін бөлімшелердің не қызметкерлердің бұзуы туралы ақпаратты ақпараттың пайда болу шамасы бойынша;

4) инвестициялық басқаруға қабылданған клиенттердің (инвестициялық қорлардың) активтерін және (немесе) Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің меншікті активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын бөлімшеден қабылданған инвестициялық шешімдер туралы есепті жарты жылда кем дегенде бір рет алады.

80. Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің инвестициялық комитеті өз функцияларын жүзеге асыру үшін:

1) клиенттердің (инвестициялық қорлардың) инвестициялық басқаруға қабылданған активтерін және (немесе) меншікті активтерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімшеден:

қалыптасып отырған геосаяси жағдайларға, инвестициялау валютасына және экономика секторына қарай инвестициялау нарықтарының тартымдылық дәрежесі бойынша макроэкономикалық талдауды - жарты жылдықта кем дегенде бір рет;

эмитенттердің қаржылық жай-күйін талдауды қоса алғанда, эмитенттерді және олар шығарған (берген) қаржы құралдарын, қабылданған міндеттемелер бойынша жауап беру қабілетін, осы эмитенттердің қаржы құралдарына инвестициялауға байланысты тәуекелдерді талдауды - тоқсанына кем дегенде бір рет;

портфельдің құрылымы, кірістіліктің өзгеру динамикасы туралы мәліметтерді қамтитын инвестициялық портфельді талдау, шығынды позицияларды және портфельдің құрылымын оңтайландыру жөніндегі ұсыныстарды талдауды - тоқсанына кем дегенде бір рет;

инвестициялық басқаруға қабылдану болжанып отырған активтер мөлшерінің, сондай-ақ оларды орындау мерзімдері бойынша басқаруға қабылданған инвестициялық портфель(-дер) міндеттемелері құрылымының болжамы (ақшаның және (немесе) инвестициялық басқаруға табыс етілген активтердің сомасы туралы ақпарат кіретін, клиенттердің, оның ішінде инвестициялық қор пайшыларының, акционерлерінің құрылымын талдау негізінде) бар талдауды - тоқсанына кем дегенде бір рет;

міндеттемелерді белгіленген мерзімдер ішінде өтеу үшін қажетті өтімді активтерді жұмылдыру қабілетінің өзгеруін ескере отырып, гэп-позициялар лимиттерінің сақталуын шолу, оның ішінде шетел валютасындағы міндеттемелерді өтеу үшін қажетті шетел валютасындағы өтімді активтерді қалыптастыру қабілетінің мониторингі кіретін ақша ағынын (өтімділікті) басқару жөніндегі ақпаратты - күн сайынғы негізде;

қарсы серіктестер мен клиенттердің қызметі туралы жағымсыз ақпарат табылғаны туралы есепті - табылғанына қарай;

эмитенттің қаржылық жай-күйінің мониторингін, сондай-ақ эмитенттің қаржы құралдарының құнына немесе оның өз міндеттемелерін орындау қабілетіне әсерін тигізетін ақпараттың пайда болуы туралы есепті - тоқсанына кем дегенде бір рет алады;

2) инвестициялық шешімдерді қабылдауға қажетті ақпаратты жинауды, өңдеуді және талдауды жүзеге асыратын бөлімшелерден ұсынымдарды, ал тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімшелерден қаржы құралдарымен жасалынған операциялар бойынша мынадай лимиттерді орнату (қайта қарау) бойынша қорытындыларды:

бір эмитентті қаржы құралдарына инвестициялау көлемі бойынша, сондай-ақ осы эмитенттің қаржы құралдарының түрлері бойынша лимиттерді, осы эмитенттің қаржы құралдарына инвестициялаумен байланысты тәуекелдерді көрсете отырып және бұл тәуекелдердің уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген пруденциалдық нормативтердің мәніне ықпалын инвестициялық комитет бекіткен қаржы құралдарымен операцияларды жасауға бөлінген лимиттер шегінде, сондай-ақ уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген лимиттерді тоқсанына кем дегенде бір рет;

«stop - loss» және «take - profit» лимиттерін айына кем дегенде бір рет;

тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімше жүргізетін талдау негізінде гәп-позициялар лимиттерін - токсанына кем дегенде бір рет алады;

3) Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімшелерінен:

инвестициялық басқаруға қабылданған клиенттердің (инвестициялық қорлардың) активтері және (немесе) меншікті активтер бойынша инвестициялық портфельдің өтімділігін жоғалту тәуекелі бойынша кредиттік, пайыздық, валюталық, қор тәуекелдері туралы қорытындыны ай сайынғы негізде;

Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес стресс-тестинг және бәк-тестинг нәтижелерін әрбір екі ай сайын;

қарсы серіктестер мен клиенттердің қызметі туралы жағымсыз ақпараттың табылуы туралы есепті қарсы серіктестер мен клиенттердің қызметі туралы жағымсыз ақпараттың табылу шамасы бойынша алады.

4) қаржы құралдарымен мәмілелерді жасауды жүзеге асыратын бөлімшелерден инвестициялық шешімдерді орындау туралы ақпаратты апта сайынғы негізде алады.»;

82-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«82. Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімшелері өз функцияларын жүзеге асыру үшін Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының барлық бөлімшелері мен қызметкерлерінен өз қызметтерін тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімшелердің сұратуларында көрсетілген мерзімде іске асыруға қажетті құжаттар мен ақпаратты алады, сондай-ақ тұрақты негізде:

1) инвестиция портфельінің құрылымына талдау жасауға жауапты Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің бөлімшелерінен:

белгіленген инвестициялау лимиттерін сақтау (қолдану) туралы ақпаратты Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес күн сайынғы негізде;

белгіленген «stop - loss» және «take - profit» лимиттерін ақтау (пайдалану) туралы ақпаратты - Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес апта сайынғы негізде;

2) Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің инвестициялық басқаруға қабылданған клиенттердің (инвестициялық қорлардың) активтерін және (немесе) меншікті активтерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімшесінен:

Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын Брокердің және (немесе) дилердің инвестициялық қызметті жүзеге асыруы кезінде пайдаланылатын ақпаратты талдау қорытындылары туралы жиынтық есепті токсанына кем дегенде бір рет;

инвестициялық портфельдің инвестициялық басқаруға қабылданған клиенттердің (инвестициялық қорлардың) активтері және (немесе) меншікті активтер бойынша кредиттік, пайыздық, валюталық және қор тәуекелдеріне ұшырауы туралы қорытындыны дайындауға қажетті мәліметтерді алады;

3) Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының инвестициялық басқаруға қабылданған клиенттердің активтері және (немесе) меншікті активтер есебінен сатып алынған қаржы құралдарын есептеуге жауапты бөлімшелерінен:

токсан сайынғы қаржылық есептілігін;

портфельдің құрылымы туралы ақпаратты - күн сайынғы негізде;

инвестициялық басқаруға қабылданған клиенттердің активтері және (немесе) меншікті активтер есебінен инвестициялық қызметтің нәтижесінде алынған кірістер мен шығындардың ай сайынғы есебін алады.»;

1, 2, 3 және 4-қосымшалардың оң жақтағы жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

«Бағалы қағаздарнарығында брокерлік және дилерлік қызметті, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін қалыптастыру қағидаларына 1-қосымша»;

«Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін қалыптастыру қағидаларына 2-қосымша»;

«Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін қалыптастыру қағидаларына 3-қосымша»;

«Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін қалыптастыру қағидаларына 4-қосымша»;

Осы қаулының қосымшасына сәйкес редакциядағы 5-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылғы 15 қазанда № 8007 тіркелген

Қазақстан Республикасының
 Ұлттық Банкі Басқармасының
 2012 жылғы 24 тамыздағы
 № 278 қаулысына
 қосымша

«Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін тәуекелдерді басқару жүйелерінің болуына қойылатын талаптар туралы нұсқаулықтың 5-қосымшасы

Нысан

Бір клиентке ең жоғарғы тәуекелдің талдамасы
 (клиенттер бөлігінде)

(Брокердің және (немесе) дилердің немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының атауы)

201__ жылғы _____ жағдай бойынша

р/с №	Клиенттің атауы	Орталық депозитарийді есепке алу жүйесінде ашылған қосалқы шоттың нөмірі	Клиенттің сенімділігі (төлем қабілеттілігі)	Клиенттер берген өтінімдердің және есептелмеген мәмілелер көлемінің сомасы, теңгемен		Есептелмеген мәмілелер көлемі	Клиенттің Брокердің және (немесе) дилердің немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының банктік шотында тұрған ақшасының көлемі, теңгемен
				сатып алуға	сатуға		
1	2	3	4	5	6	7	8

Кестенің жалғасы

Клиенттің Брокердің және (немесе) дилердің немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының банктік шотында тұрған бағалы қағаздарының көлемі, данамен	Тәуекелдің көлемі, теңгемен	Меншікті капиталдың көлемі, теңгемен	Тәуекелдер көлемінің меншікті капитал көлеміне қатысты
9	10	11	12

Бірінші басшы (не оның орнындағы тұлға)

қолы

күні

Тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімшенің басшысы

қолы

күні

Ескертпе:

2-бағанда Брокердің және (немесе) дилердің немесе Брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының, онымен брокерлік қызмет көрсетуге шарт жасаған клиентінің атауы көрсетіледі. Мыналар болып табылатын клиенттер үшін:

- 1) заңды тұлға – заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі;
- 2) жеке тұлға – тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) толық көрсетіледі.

3-бағанда клиенттің орталық депозитарийді номиналдық ұстауды есепке алу жүйесінде ашылған қосалқы шотының 10 мәндік нөмірі көрсетіледі.

4-бағанда клиенттің сенімділігі (төлем қабілеттілігі) деңгейін сипаттайтын санат көрсетіледі.

5 және 6-бағанда бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және халықаралық (шетелдік) нарықтарында бағалы қағаздарды сатып алуға және сатуға клиент берген белсенді өтінімдер көлемі көрсетіледі.

7-бағанда бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және халықаралық (шетелдік) нарықтарында бағалы қағаздармен жасалған, бірақ есептелмеген мәмілелер көлемі көрсетіледі.

9-бағанда 6-бағанда көрсетілген өтінімнің мәні болып табылатын бағалы қағаздардың не 7-бағанда көрсетілген бағалы қағаздарды сату бойынша мәмілелердің саны көрсетіледі.

10-бағанда 5, 6 және 7-бағандарда көрсетілген мәндердің, 7 және 8-бағандарында көрсетілген мәндерді шегерілгендегі сомасы ретінде есептелетін тәуекелдің көлемі көрсетіледі (бағалы қағаздарды сатуға не бағалы қағаздарды сату бойынша мәміле жасау өтінімдер берген жағдайда ғана).»

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2012 жылғы 21 қыркүйек

№ 290

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Ең төменгі резервтік талаптар туралы ережені бекіту жөнінде» 2006 жылғы 27 мамырдағы № 38 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және ең төменгі резервтік талаптардың нормативтерін белгілеу және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Ең төменгі резервтік талаптар туралы ережені бекіту жөнінде» 2006 жылғы 27 мамырдағы № 38 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4268 тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ең төменгі резервтік талаптар туралы ережеде:
кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

«Ең төменгі резервтік талаптар туралы ереже (бұдан әрі – осы Ереже) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және екінші деңгейдегі банктердің (бұдан әрі – банк) ең төменгі резервтік талаптарды есептеу үшін қолданатын міндеттемелерінің құрылымын белгілеу тәртібін, ең төменгі резервтік талаптарды орындау талаптарын және оларды резервтеу тәртібін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) банктің депозиттері мен қарыздары бойынша сыйақы көлемін және ставкаларын реттеу мақсатында ең төменгі резервтік талаптар нормативтерінің орындалуын бақылау тәртібін айқындайды.»;

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ең төменгі резервтік талаптар. Ең төменгі резервтік талаптардың нормативтері. Банктің ең төменгі резервтік талаптарды есептеу үшін қолданатын міндеттемелерінің құрылымы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ең төменгі резервтік талаптар – бұл банктің өз кассасында ұлттық валютадағы қолма-қол ақша және Ұлттық Банктің корреспонденттік шоттарында ұлттық валютадағы ақша түрінде ұстайтын банк міндеттемелері (резервтік активтер) сомасының міндетті үлесі.»;

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Банктің ең төменгі резервтік талаптарды есептеу үшін қолданатын міндеттемелерінің құрылымын (бұдан әрі – резервтік міндеттемелер) банктің 1 (бір) жылға дейінгі (қысқа мерзімді) және 1 (бір) жылдан астам (ұзақ мерзімді) ішкі және сыртқы міндеттемелері құрайды.

5. Банктің ішкі қысқа мерзімді міндеттемелері – бұл банктің тізбесі осы Ереженің 1-қосымшасында айқындалған баланстық шоттарында көрсетілген резиденттер алдындағы міндеттемелері.»;

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

«5-1. Банктің ішкі ұзақ мерзімді міндеттемелері – бұл банктің тізбесі осы Ереженің 2-қосымшасында айқындалған баланстық шоттарында көрсетілген резиденттер алдындағы міндеттемелері.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Банктің сыртқы қысқа мерзімді міндеттемелері – бұл банктің тізбесі осы Ереженің 3-қосымшасында айқындалған баланстық шоттарында көрсетілген резидент еместер алдындағы міндеттемелері.»;

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

«6-1. Банктің сыртқы ұзақ мерзімді міндеттемелері – бұл банктің тізбесі осы Ереженің 4-қосымшасында айқындалған баланстық шоттарында көрсетілген резидент еместер алдындағы міндеттемелері.»;

7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Ең төменгі резервтік талаптардың нормативтері Ұлттық Банк Басқармасының қаулысымен ішкі қысқа мерзімді міндеттемелер бойынша, ішкі ұзақ мерзімді міндеттемелер бойынша, сыртқы қысқа мерзімді міндеттемелер бойынша, сыртқы ұзақ мерзімді міндеттемелер бойынша жеке-жеке белгіленеді.

8. Банк белгілі бір күнге ең төменгі резервтік талаптарды мынадай резервтік талаптар сомасы ретінде:

1) ішкі қысқа мерзімді міндеттемелер бойынша резервтік талаптар нормативінің мәндерін белгілі бір күнгі банктің ішкі қысқа мерзімді міндеттемелерінің мөлшеріне көбейту арқылы есептелетін ішкі қысқа мерзімді міндеттемелер бойынша;

2) ішкі ұзақ мерзімді міндеттемелер бойынша резервтік талаптар нормативінің мәндерін белгілі бір күнгі банктің ішкі ұзақ мерзімді міндеттемелерінің мөлшеріне көбейту арқылы есептелетін ішкі ұзақ мерзімді міндеттемелер бойынша;

3) сыртқы қысқа мерзімді міндеттемелер бойынша резервтік талаптар нормативінің мәндерін белгілі бір күнгі банктің сыртқы қысқа мерзімді міндеттемелерінің мөлшеріне көбейту арқылы есептелетін сыртқы қысқа мерзімді міндеттемелер бойынша;

4) сыртқы ұзақ мерзімді міндеттемелер бойынша резервтік талаптар нормативінің мәндерін белгілі бір күнгі банктің сыртқы ұзақ мерзімді міндеттемелерінің мөлшеріне көбейту арқылы есептелетін сыртқы ұзақ мерзімді міндеттемелер бойынша есептейді.»;

2 және 3-тараулардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Банктің ең төменгі резервтік талаптардың нормативтерін орындау және оны резервтеу тәртібі»;

«3. Ең төменгі резервтік талаптардың орындалуын бақылау»;

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Банктің ең төменгі резервтік талаптардың нормативтерін орындауын бақылау олардың осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ең төменгі резервтік талаптардың нормативтерін орындау туралы ақпаратты Ұлттық Банкке ұсынуы арқылы жүзеге асырылады.»;

1, 2, 3 және 4-қосымшалар осы қаулының 1, 2, 3 және 4-қосымшаларына сәйкес редакцияда жазылсын; осы қаулының 5-қосымшасына сәйкес редакциядағы 5-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы 2012 жылғы 13 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

**Қазақстан Республикасы Статистика агентігімен 2012 жылғы 12 қазанда келісілді*

** Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылғы 19 қазанда № 8036 тіркелген*

Банктің ішкі қысқа мерзімді міндеттемелерінің тізбесі

Баланстық шот	Көрсеткіш атауы
2014	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттары
2034	Қазақстан Республикасының Үкіметінен және Қазақстан Республикасының жергілікті атқару органдарынан алынған қысқа мерзімді қарыздар
2038	Қазақстан Республикасының Үкіметінен және Қазақстан Республикасының жергілікті атқару органдарынан алынған қарыздар бойынша мерзімі өткен берешек
2064	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қысқа мерзімді қарыздар
2068	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздар және қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен берешек
2201	Мемлекеттік бюджеттің ақшасы
2202	Кастодиан банктердің жинақтаушы зейнетақы қорларына және инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға ашқан ағымдағы шоттардағы инвестицияланбаған қалдықтары
2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
2204	Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары
2205	Жеке тұлғалардың талап еткенге дейінгі салымдары
2206	Жеке тұлғалардың қысқа мерзімді салымдары
2208	Жеке тұлғалардың шартты салымдары
2209	Жеке тұлғалардың карт-шоттары
2210	Сенімгерлік басқаруға қабылданған қаржы активтері
2211	Заңды тұлғалардың талап еткенге дейінгі салымдары
2212	Клиенттердің тазартылған бағалы металдардағы металл шоттары
2213	Жеке тұлғалардың міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым
2215	Заңды тұлғалардың қысқа мерзімді салымдары
2216	Клиенттердің тазартылған бағалы металдардағы мерзімді салымдары
2219	Заңды тұлғалардың шартты салымдары
2221	Заңды тұлғалардың карт-шоттары
2223	Заңды тұлғалардың міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым
2224	Клиенттердің талап еткенге дейінгі салымдары бойынша мерзімі өткен берешек
2225	Клиенттермен басқа да операциялар бойынша мерзімі өткен берешек
2226	Клиенттердің мерзімді салымдары бойынша мерзімі өткен берешек
2228	Мерзімінде орындалмаған нұсқаулар
2232	Клиенттердің шартты салымдары бойынша мерзімі өткен берешек
2237	Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес жіберушінің нұсқауларын сақтау шоты
2240	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілақы) ретінде қабылданған ақшаны сақтау шоты

2552	Клиенттермен есеп айырысу
2701	Корреспонденттік шоттар бойынша есептелген шығыстар
2703	Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқару органдарынан және ұлттық басқарушы холдингтен алынған қарыздар бойынша есептелген шығыстар
2706	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздар және қаржы лизингі бойынша есептелген шығыстар
2707	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілақы) ретінде қабылданған ақша сомасына сыйақы төлеуге байланысты есептелген шығыстар
2717	Клиенттердің тазартылған бағалы металдардағы металл шоттары бойынша есептелген шығыстар
2718	Клиенттердің ағымдағы шоттары бойынша есептелген шығыстар
2719	Клиенттердің шартты салымдары бойынша есептелген шығыстар
2720	Клиенттердің талап еткенге дейінгі салымдары бойынша есептелген шығыстар
2721	Клиенттердің мерзімді салымдары бойынша есептелген шығыстар
2723	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым бойынша есептелген шығыстар
2726	Клиенттердің карт-шоттары бойынша есептелген шығыстар
2727	Туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша есептелген шығыстар
2730	Айналысқа шығарылған басқа да бағалы қағаздар бойынша есептелген шығыстар
2731	Басқа да операциялар бойынша есептелген шығыстар
2741	Алынған қарыздар және қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен сыйақы
2742	Талап еткенге дейінгі салымдар бойынша мерзімі өткен сыйақы
2743	Мерзімді салымдар бойынша мерзімі өткен сыйақы
2744	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша мерзімі өткен сыйақы
2746	Шартты салымдар бойынша мерзімі өткен сыйақы
2747	Басқа банктердің және клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым бойынша мерзімі өткен сыйақы
2748	Ағымдағы шоттар бойынша мерзімі өткен сыйақы
2749	Басқа да мерзімі өткен сыйақы
2755	Сенімгерлік басқаруға қабылданған қаржы активтері бойынша есептелген шығыстар
2855	Құжаттандырылған есеп айырысулар бойынша кредиторлар
2891	Фьючерс операциялары бойынша міндеттемелер
2892	Форвард операциялары бойынша міндеттемелер
2893	Опцион операциялары бойынша міндеттемелер
2894	Спот операциялары бойынша міндеттемелер
2895	Своп операциялары бойынша міндеттемелер
2899	Басқа да туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша міндеттемелер

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2012 жылғы 21 қыркүйектегі
№ 290 қаулысына
2-қосымша

Ең төменгі резервтік
талаптар туралы ереженің
2-қосымшасы

Банктің ішкі ұзақ мерзімді міндеттемелерінің тізбесі

Баланстық шот	Көрсеткіш атауы
2036	Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқару органдарынан және ұлттық басқарушы холдингтен алынған ұзақ мерзімді қарыздар
2066	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған ұзақ мерзімді қарыздар
2067	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қаржы лизингі
2207	Жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдары
2217	Заңды тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдары
2227	Алынған қаржы лизингі
2230	Алынған қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен берешек
2301	Айналысқа шығарылған облигациялар
2303	Айналысқа шығарылған басқа да бағалы қағаздар
2306	Сатып алынған облигациялар
2745	Алынған қаржы лизингі бойынша есептелген шығыстар

Банктің сыртқы қысқа мерзімді міндеттемелерінің тізбесі

Баланстық шот	Көрсеткіш атауы
2012	Шетелдік орталық банктердің корреспонденттік шоттары
2013	Басқа банктердің корреспонденттік шоттары
2014	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттары
2016	Басқа банктердің тазартылған қымбат металдардағы металл шоттары
2022	Шетелдік орталық банктердің талап еткенге дейінгі салымдары
2023	Басқа банктердің талап еткенге дейінгі салымдары
2024	Басқа банктердің талап еткенге дейінгі салымдары бойынша мерзімі өткен берешек
2044	Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған қысқа мерзімді қарыздар
2048	Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған қарыздар бойынша мерзімі өткен берешек
2052	Шетелдік орталық банктерден алынған қарыздар
2054	Басқа банктерден алынған қысқа мерзімді қарыздар
2058	Басқа банктерден алынған қарыздар және қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен берешек
2064	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қысқа мерзімді қарыздар
2068	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздар және қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен берешек
2122	Шетелдік орталық банктердің мерзімді салымдары
2123	Басқа банктердің қысқа мерзімді салымдары (бір айға дейінгі)
2124	Басқа банктердің қысқа мерзімді салымдары (бір жылға дейінгі)
2125	Басқа банктерден бір түнге тартылған салымдар
2126	Басқа банктердің тазартылған қымбат металдардағы мерзімді салымдары
2130	Басқа банктердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым
2131	Басқа банктердің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілақы) ретінде қабылданған ақшаны сақтау шоты
2133	Басқа банктердің шартты салымдары
2135	Басқа банктердің мерзімді салымдары бойынша мерзімі өткен берешек
2138	Басқа банктердің шартты салымдары бойынша мерзімі өткен берешек
2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
2204	Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары
2205	Жеке тұлғалардың талап еткенге дейінгі салымдары
2206	Жеке тұлғалардың қысқа мерзімді салымдары
2208	Жеке тұлғалардың шартты салымдары

2209	Жеке тұлғалардың карт-шоттары
2210	Сенімгерлік басқаруға қабылданған қаржы активтері
2211	Заңды тұлғалардың талап еткенге дейінгі салымдары
2212	Клиенттердің тазартылған бағалы металдардағы металл шоттары
2213	Жеке тұлғалардың міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым
2215	Заңды тұлғалардың қысқа мерзімді салымдары
2216	Клиенттердің тазартылған қымбат металдардағы мерзімді салымдары
2219	Заңды тұлғалардың шартты салымдары
2221	Заңды тұлғалардың карт-шоттары
2222	Арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары
2223	Заңды тұлғалардың міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым
2224	Клиенттердің талап еткенге дейінгі салымдары бойынша мерзімі өткен берешек
2225	Клиенттермен басқа да операциялар бойынша мерзімі өткен берешек
2226	Клиенттердің мерзімді салымдары бойынша мерзімі өткен берешек
2228	Мерзімінде орындалмаған нұсқаулар
2231	Арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары бойынша мерзімі өткен берешек
2232	Клиенттердің шартты салымдары бойынша мерзімі өткен берешек
2237	Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес жіберушінің нұсқауларын сақтау шоты
2240	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілақы) ретінде қабылданған ақшаны сақтау шоты
2551	Басқа банктермен есеп айырысу
2552	Клиенттермен есеп айырысу
2701	Корреспонденттік шоттар бойынша есептелген шығыстар
2702	Басқа банктердің талап еткенге дейінгі салымдары бойынша есептелген шығыстар
2704	Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған заемдар бойынша есептелген шығыстар
2705	Басқа банктерден алынған қарыздар және қаржы лизингі бойынша есептелген шығыстар
2706	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздар және қаржы лизингі бойынша есептелген шығыстар
2707	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілақы) ретінде қабылданған ақша сомасына сыйақы төлеуге байланысты есептелген шығыстар
2708	Басқа банктердің тазартылған бағалы металдардағы металл шоттары бойынша есептелген шығыстар
2712	Басқа банктердің мерзімді салымдары бойынша есептелген шығыстар
2713	Басқа банктердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым бойынша есептелген шығыстар
2714	Басқа банктердің шартты салымдары бойынша есептелген шығыстар
2717	Клиенттердің тазартылған қымбат металдардағы металл шоттары бойынша есептелген шығыстар
2718	Клиенттердің ағымдағы шоттары бойынша есептелген шығыстар
2719	Клиенттердің шартты салымдары бойынша есептелген шығыстар
2720	Клиенттердің талап еткенге дейінгі салымдары бойынша есептелген шығыстар
2721	Клиенттердің мерзімді салымдары бойынша есептелген шығыстар
2722	Арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары бойынша есептелген шығыстар
2723	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым бойынша есептелген шығыстар
2726	Клиенттердің карт-шоттары бойынша есептелген шығыстар
2727	Туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша есептелген шығыстар

2730	Айналысқа шығарылған басқа да бағалы қағаздар бойынша есептелген шығыстар
2731	Басқа да операциялар бойынша есептелген шығыстар
2741	Алынған қарыздар және қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен сыйақы
2742	Талап еткенге дейінгі салымдар бойынша мерзімі өткен сыйақы
2743	Мерзімді салымдар бойынша мерзімі өткен сыйақы
2744	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша мерзімі өткен сыйақы
2746	Шартты салымдар бойынша мерзімі өткен сыйақы
2747	Басқа банктердің және клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым бойынша мерзімі өткен сыйақы
2748	Ағымдағы шоттар бойынша мерзімі өткен сыйақы
2749	Басқа да мерзімі өткен сыйақы
2755	Сенімгерлік басқаруға қабылданған қаржы активтері бойынша есептелген шығыстар
2855	Құжаттандырылған есеп айырысулар бойынша кредиторлар
2891	Фьючерс операциялары бойынша міндеттемелер
2892	Форвард операциялары бойынша міндеттемелер
2893	Опцион операциялары бойынша міндеттемелер
2894	Спот операциялары бойынша міндеттемелер
2895	Своп операциялары бойынша міндеттемелер
2899	Басқа да туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша міндеттемелер

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2012 жылғы 21 қыркүйектегі
№ 290 қаулысына
4-қосымша

Ең төменгі резервтік
талаптар туралы ереженің
4-қосымшасы

Банктің сыртқы ұзақ мерзімді міндеттемелерінің тізбесі

Баланстық шот	Көрсеткіш атауы
2046	Халықаралық қаржылық ұйымдардан алынған ұзақ мерзімді қарыздар
2056	Басқа банктерден алынған ұзақ мерзімді қарыздар
2057	Басқа банктерден алынған қаржы лизингі
2066	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған ұзақ мерзімді қарыздар
2067	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қаржы лизингі
2127	Басқа банктердің ұзақ мерзімді салымдары
2207	Жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдары
2217	Заңды тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдары
2227	Алынған қаржы лизингі
2230	Алынған қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен берешек
2301	Айналысқа шығарылған облигациялар
2303	Айналысқа шығарылған басқа да бағалы қағаздар
2306	Сатып алынған облигациялар
2745	Алынған қаржы лизингі бойынша есептелген шығыстар

Ең төменгі резервтік талаптардың нормативтерін орындау туралы ақпарат
(банктің атауы)

Ең төменгі резервтік талаптар-ды белгілеу кезеңінің күні	Ішкі міндеттемелер		Ішкі міндеттемелер бойынша ең төменгі резервтік талаптар		Сыртқы міндеттемелер		Сыртқы міндеттемелер бойынша ең төменгі резервтік талаптар		Ең төменгі резерв-тік талап-тар (4+5+8+9)		Ең төменгі резервтік активтерді қалыптастыру кезеңінің күні		Резервтік активтер			
	Қысқа мерзімді	Ұзақ мерзімді	Қысқа мерзімді (2*п1)	Ұзақ мерзімді (3* п2)	Қысқа мерзімді	Ұзақ мерзімді	Қысқа мерзімді (6*п3)	Ұзақ мерзімді (7* п4)			Ұлттық Банктегі корреспонденттік шоттардағы теңгемен ақша қалдығы	Қолма-қол тенге	Резервтік активтердің жын-тығы	12	13	14
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14			

- n1 - ішкі қысқа мерзімді міндеттемелер бойынша резервтік талаптардың нормативі;
- n2 - ішкі ұзақ мерзімді міндеттемелер бойынша резервтік талаптардың нормативі;
- n3 - сыртқы қысқа мерзімді міндеттемелер бойынша резервтік талаптардың нормативі;
- n4 - сыртқы ұзақ мерзімді міндеттемелер бойынша резервтік талаптардың нормативі.

Кестені толтыруға арналған түсініктеме:

- 2-10, 12-14-бағандарындағы мәндер тұтас мың теңгемен көрсетіледі;
- 2-10, 12-14-бағандарындағы 500-ге тең және одан аз мәндер нөлге дейін дөңгелектенеді, 500-ден көп мәндер мыңға дейін дөңгелектенеді.

Бірінші басшы _____
(күні, қолы, аты-жөні)

Бас бухгалтер _____
(күні, қолы, аты-жөні)

Мөр орны

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ**

Алматы қаласы

2012 жылғы 21 қыркүйек

№ 298

*Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында
трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы*

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мына нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» 2003 жылғы 29 қыркүйектегі № 349 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №2550 тіркелген);

2) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» 2003 жылғы 29 қыркүйектегі № 349 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2005 жылғы 26 наурыздағы № 107 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3592 тіркелген);

3) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығының мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 1 ақпандағы № 9 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6099 тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығының мәселелері бойынша енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар тізбесінің 2-тармағы.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 02.11.2012ж. № 8051 тіркелген*

*Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында
трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыру
қағидалары*

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті (бұдан әрі – трансфер-агенттік қызмет) жүзеге асыру талаптары мен тәртібін белгілейді.

1. Жалпы ережелер

1. Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

- 1) алушы – құжаттарды (ақпаратты) алушы;
- 2) жіберуші – құжаттарды (ақпаратты) жіберуші;
- 3) клиент – бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы, трансфер-агенттің қызметтерін пайдаланып жүрген немесе пайдаланғысы келетін жеке немесе заңды тұлға;
- 4) регламент – трансфер-агент қызметінің талаптары мен тәртібін, оның органдарының, құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдарының, өкілдіктерінің), қызметкерлерінің жұмыс істеуін, оларға қызмет көрсетілуін және еңбекақы төлеу тәртібін реттейтін трансфер-агенттің ішкі құжаттары.

2. Трансфер-агенттік қызмет Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялануы тиіс.

3. Трансфер-агенттік қызметті бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметтің басқа түрлерімен қоса жүргізу мүмкіндігі қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

2. Трансфер-агенттік қызмет көрсету бойынша шарт

4. Жеке және (немесе) заңды тұлғалар трансфер-агенттің клиенті болып табылатын не осы трансфер-агенттің клиенті болып табылатын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысымен шарт жасау мақсаттары үшін трансфер-агенттің қызметтерін пайдаланғысы келетін бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысының клиенттері болып табылған жағдайда, аталған тұлғалар трансфер-агенттік қызмет көрсету бойынша шарт (бұдан әрі – шарт) негізінде осы трансфер-агенттің клиенттері болып табылады.

5. Шарт жасау кезінде клиент трансфер-агентке мынадай құжаттарды:

1) бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы үшін:

бағалы қағаздар нарығындағы мәмілелерді жасау барысында толтырылуы тиіс құжаттардың бланкілерін және оларды трансфер-агент клиенті – бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысының қызметтерін пайдаланып жүрген немесе пайдаланғысы келетін тұлғалардың толтыруы жөніндегі нұсқаулықтарды (түсіндірмелерді, нұсқауларды);

трансфер-агент клиенті – бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысының қызметтерін пайдаланғысы келетін тұлғалармен шарт жасауға қажетті құжаттардың тізбесін бере отырып, осындай шартты жасау мақсаттары үшін қажетті құжаттардың бланкілерін;

трансфер-агент клиенті – бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысының атынан құжаттарға қол қою құқығына ие трансфер-агенттің клиенті – бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы өкілдерінің нотариат куәландырған қол қою үлгілері бар құжатты және оның мөр бедерін;

2) бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысының клиенттері болып табылатын не трансфер-агенттің клиенті болып табылатын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысымен шарт жасау мақсаттары үшін трансфер-агенттің қызметтерін пайдаланғысы келетін жеке тұлғалар үшін:

жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;

3) бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысының клиенттері болып табылатын не трансфер-агенттің клиенті болып табылатын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысымен шарт жасау мақсаттары үшін трансфер-агенттің қызметтерін пайдаланғысы келетін заңды тұлғалар үшін:

заңды тұлғаның атынан құжаттарға қол қою құқығына ие оның өкілдерінің нотариат куәландырған қол қою үлгілері бар құжатты және осы заңды тұлғаның мөр бедерін;

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында белгіленген бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысымен шарт жасауға қажетті құжаттарды (трансфер-агенттің клиенті болып табылатын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысымен шарт жасау мақсаттары үшін трансфер-агенттің қызметтерін пайдаланғысы келетін тұлғаларға арналған) ұсынады.

6. Қағидалардың 5-тармағы 1) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарында атап көрсетілген құжаттарды клиент трансфер-агентке типографиялық немесе өзге тәсілмен дайындалған баспа өнімі түрінде және (немесе) басып шығаруға арналған электронды файлдар түрінде (трансфер-агенттің техникалық мүмкіндіктерін ескере отырып) ұсынады.

7. Шарттардың көшірмелерін (оларға енгізілген барлық өзгерістер және толықтырулармен бірге), Қағидалардың 5-тармағы 1) тармақшасының төртінші абзацында, 2) тармақшасының екінші абзацында және 3) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарында көрсетілген құжаттардың көшірмелерін трансфер-агент трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыруға қатысатын өзінің филиалдарына өткізеді.

8. Клиент Қағидалардың 5-тармағы 1) тармақшасының төртінші абзацында, 2) тармақшасының екінші абзацында және 3) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарында көрсетілген құжаттардағы кез келген өзгерістер туралы ақпаратты трансфер-агентке жазбаша (оның ішінде жаңартылған құжаттарды беру арқылы) жеткізеді.

Трансфер-агент трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыруға қатысатын өзінің филиалдарына клиенттен алынған шартқа енгізілген өзгерістерді және клиенттен алынған жаңартылған құжаттардың көшірмелерін оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жеткізеді.

9. Трансфер-агент клиенттің алғашқы талабы бойынша:

1) трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның нотариат куәландырған көшірмесін;

2) трансфер-агент регламентінің көшірмесін;

3) осы трансфер-агентпен шарт жасаған бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары болып табылатын клиенттер туралы мәліметтерді (клиент пен оның филиалдары (өкілдіктері) орналасқан жерді, қызметтің тиісті түрлерін жүзеге асыруға берілген лицензиялардың берілген күні мен нөмірлерін, қызметтердің тізбесін, оларға ақы төлеудің мерзімдері мен тәртібін, құжаттарды ресімдеу тәртібін, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығында коммерциялық құпия болып табылмайтын өзге де мәліметтерді көрсете отырып) ұсынады.

10. Трансфер-агент трансфер-агенттік қызметті бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметтің басқа да түрлерімен қоса атқарған кезде трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыруға

қатысатын қызметкерлер бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметтің басқа түрлеріне сәйкес келетін функцияларды жүзеге асырмайды.

3. Трансфер-агенттік қызмет

11. Трансфер-агент трансфер-агенттік қызметті Қазақстан Республикасының заңнамасына және өзінің регламентіне сәйкес жүзеге асырады.

12. Трансфер-агенттің регламенті:

1) жіберушіден алушыға жіберілген құжаттарды (ақпаратты) трансфер-агенттің қабылдау және өткізу тәртібін;

2) трансфер-агент және клиенттер жүзеге асыратын, қабылданған және өткізілген құжаттарды (ақпаратты) салыстырып тексерудің тәртібі мен мерзімдерін;

3) өткізу мақсатында қабылданған құжаттарды (ақпаратты) есепке алу тәртібін;

4) клиенттен клиентке өткізуге арналған құжаттарды (ақпаратты) сақтау тәртібін және осы құжаттарға қолжеткізу тәртібін;

5) трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын деректердің электрондық базасының сақталуын қамтамасыз ету тәртібін;

6) трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыру кезінде қолданылатын бағдарламалық-техникалық қамтамасыз етуге (оның ішінде деректердің электрондық базасына), коммуникациялық және өзге де жабдықтарға қолжеткізу тәртібін;

7) қалыпты режимде осы жүйелердің жұмысын дұрыс аяқтау және барлық берілетін деректердің сақталуын және шынайылығын қамтамасыз ету үшін электр қуаты ажыратылған жағдайда трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын жүйелердің жұмыс істеу қабілетін сақтау тәртібін;

8) трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыруға тікелей қатысатын трансфер-агент қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын;

9) трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыруға қатысатын филиалдардың және құрылымдық бөлімшелердің жұмыс істеу тәртібін;

10) клиенттермен өзара іс-әрекет ету тәртібін;

11) шарттың үлгісін;

12) көрсетілген қызметтердің тарифтерін қамтиды.

13. Трансфер-агенттің (оның филиалының) құжаттарды (ақпаратты) қабылдауы мен өткізуі және осындай құжаттарды (ақпаратты) өткізгенін растауы мынадай талаптарды сақтай отырып, трансфер-агенттің регламентінде және шартта көзделген тәртіппен жүзеге асырылады:

1) трансфер-агенттің регламентінде көзделген электрондық байланыс құралдарымен мазмұны берілген құжаттардың (ақпараттың) түпнұсқалары Қағидалардың 15-тармағының 3) тармақшасында белгіленген шектеуді ескере отырып, шартта белгіленген мерзімде почта байланысы немесе қолма-қол беру арқылы алушыға міндетті түрде жіберілуі тиіс;

2) құжаттардың (ақпараттың) түпнұсқалары трансфер-агентке (оның филиалына) екі данада ұсынылады, оның бірінші данасы трансфер-агенттің оны өткізуге қабылдау туралы белгісімен жіберушіге қайтарылады, екінші данасы алушыға беріледі;

3) трансфер-агент жіберушіге құжаттарды берген сәттен бастап он екі сағат ішінде трансфер-агенттің регламентінде көзделген электрондық байланыс құралдарымен олардың мазмұнын алушыға берілгенін растауды ұсынады.

14. Трансфер-агенттің филиалы үш жұмыс күні ішінде бас офиске трансфер-агенттің құжаттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінде осындай ақпаратты көрсету мақсатында олардың өткізу және (немесе) тапсыру үшін қабылданған құжаттары (ақпараты) туралы ақпаратты жібереді.

15. Трансфер-агент:

1) электрондық байланыс құралдары арқылы өткізу үшін қабылданған құжаттардың (ақпараттың) мазмұнын астанада, облыстық маңызы бар қалада немесе республикалық маңызы бар қалада тұратын олардың алушыларына оларды қабылдаған сәттен бастап он екі сағат ішінде, ал Қазақстан Республикасының басқа елді мекендерінде тұратын алушыға шартта белгіленген мерзім ішінде ұсынады;

2) осы тармақтың 1) тармақшасының талаптарын орындау мүмкін болмаған жағдайда, бұл туралы үш сағат ішінде шартта көзделген тәсілдермен алушыға хабарлайды;

3) өткізу үшін қабылданған құжаттардың (ақпараттың) түпнұсқаларын алушыға оларды қабылдаған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей почта байланысының құралдары арқылы немесе қолма-қол өткізеді;

4) өткізілетін құжаттардағы (ақпараттағы) мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз етеді;

5) трансфер-агент және оның трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыруға қатысатын барлық филиалдары үшін құжаттарды (ақпаратты) есепке алудың бірыңғай жүйесін жүргізеді.

16. Құжаттарды есепке алудың бірыңғай жүйесін жүргізу жіберушіден қабылданған және алушыға өткізілген құжаттарды (ақпаратты) жеке-жеке тіркеу арқылы электрондық және қағаз тасымалдағыштарда, сондай-ақ оларды өткізу тәсілі (құжаттардың мазмұнын электрондық байланыс құралдары арқылы беру және құжаттарды (ақпаратты) почта байланысының құралдары немесе қолма-қол беру) бойынша жүзеге асырылады.

Құжаттарды (ақпаратты) есепке алу әрбір клиентке жеке-жеке жүргізіледі.

17. Өткізуге арналған құжаттарды (ақпаратты) алған кезде трансфер-агент ондағы қойылған қолдар мен мөр бедерлерін Қағидалардың 5-тармағы 1) тармақшасының төртінші абзацында, 2) тармақшасының екінші абзацында және 3) тармақшасының екінші абзацында көрсетілген құжаттардағы үлгілермен салыстырып тексереді.

Осы тармақтың талаптары трансфер-агенттің клиенті болып табылатын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысымен шарт жасау мақсаттары үшін трансфер-агенттің қызметтерін пайдаланғысы келетін жеке және заңды тұлғаларға қолданылмайды.

18. Егер Қағидалардың 17-тармағына сәйкес жүзеге асырылған тексеру нәтижесінде трансфер-агент ұсынылған құжаттардан (ақпараттан) сәйкессіздік анықтаған жағдайда, ол бас тарту себептерін көрсете отырып құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

19. Шарттың түпнұсқасын (оған енгізілген барлық өзгерістер мен толықтыруларды қоса алғанда), Қағидалардың 5-тармағы 1) тармақшасының төртінші абзацында, 2) тармақшасының екінші абзацында және 3) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарында көрсетілген құжаттарды трансфер-агент шарттың қолданылуы тоқтатылған күннен бастап бес жыл ішінде сақтауы тиіс.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2012 жылғы 21 қыркүйек

№ 299

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың және жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 5 тамыздағы № 189 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың және жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 5 тамыздағы № 189 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5794 тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың және жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін жүзеге асыру ережесінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың және жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін жүзеге асыру ережесі «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 1997 жылғы 20 маусымдағы, «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі (бұдан әрі – Бағалы қағаздар нарығы туралы заң), «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі (бұдан әрі – Мемлекеттік реттеу туралы заң) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленген және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі – Ұйым) және жинақтаушы зейнетақы қорларының (бұдан әрі – Қор) қызметін жүзеге асыру тәртібін белгілейді.»;

6-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6-1. Қор меншікті активтер есебінен мынадай мүлікті сатып алады немесе сатады:

1) осы Ереженің 1, 2, 3 және 4-қосымшаларында айқындалған, зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесінде көрсетілген мүлік;

2) Қордың өз мұқтажы және Қордың зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдері жөніндегі қызметті, сондай-ақ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті орындауы үшін пайдаланылатын мүлік;

3) Қордың қызметін автоматтандыруды жүзеге асыратын заңды тұлғалардың жарғылық капиталының он пайызынан аспайтын мөлшерде осы заңды тұлғалардың акциялары және олардың жарғылық капиталдарында қатысу үлестері;

4) бір немесе бірнеше Қор өз қызметін үйлестіру, ортақ мүдделерін қорғау және білдіру, бірлескен жобаларды жүзеге асыру және ортақ міндеттерді шешу үшін құрған заңды тұлғалардың акциялары және олардың жарғылық капиталдарында қатысу үлестері. Осы тармақшада көрсетілген мақсаттарды іске асыру үшін құрылған қауымдастықтарға және (немесе) одақтарға Қордың меншікті активтері есебінен мүшелік жарналар төлеуге жол беріледі;

5) қор биржасының акциялары.»;

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«19. Қор биржасындағы, сондай-ақ осы Ереженің 16-тармағының 1), 2), 3), 4), және 5) тармақшаларында, 19-3-тармағында көзделген жағдайлардағы мәмілелерді және Ұйым мен Қордың арасында үлестестік болған кезде Қордың зейнетақы және (немесе) меншікті активтеріне кастодиандық қызмет көрсетудің үш жақты шарттарын қоспағанда, Ұйымның (Қордың) зейнетақы және меншікті активтері есебінен жасалатын мәмілелер мыналармен:

1) Ұйымның (Қордың) үлестес тұлғаларымен;

2) Ұйымның (Қордың) ірі акционерлеріне тиесілі Ұйымның (Қордың) акцияларын сенімгерлік басқарушылармен;

3) Ұйымның (Қордың) ірі қатысушылары шығарған акцияларды және (немесе) Ұйымның (Қордың) ірі акционерлерінің жарғылық капиталында қатысу үлестерін сенімгерлік басқарушылармен;

4) Ереженің осы тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген сенімгерлік басқарушылардың үлестес тұлғаларымен жасалмайды.»;

мынадай мазмұндағы 19-3-тармақпен толықтырылсын:

«19-3. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын Ұйым (Қор) зейнетақы активтерін инвестициялауға байланысты емес шарттар жасаған жағдайда меншікті активтер есебінен үлестес тұлғалармен мынадай мәмілелер жасайды:

1) негізгі қызметті жүзеге асыру мақсатында нарықтық құны бойынша жылжымалы және жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату;

2) өз мұқтажы үшін үйлер мен үй-жайларды жалдау;

3) мүлікті өтеусіз пайдалану;

4) байланыс қызметтерін көрсету туралы;

5) Ұйымның не зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын Қордың қызметкерлерін оқыту қызметтерін көрсету туралы;

6) қаржы консультанты, маркет-мейкер, андеррайтер қызметтерін көрсету туралы;

7) заңды және жеке тұлғалардың банк шоттарын ашу мен жүргізуге, аударым операцияларына, банкноталарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялауға байланысты банктік қызмет көрсету, банктің жалақы жобасы шеңберіндегі шарттар, салымшыларға (алушыларға) зейнетақы төлемдерін төлеуге қызмет көрсету, салымшылардың (алушылардың) банк шоттарына зейнетақы төлемдерін аудару және есепке жазу үшін комиссиялық сыйақы төлеу шарттары, сондай-ақ банктік қызмет көрсетудің жоғарыда көрсетілген түрлерін көрсетуге байланысты қосымша қызметтер көрсету туралы шарттар;

8) міндетті, ерікті, ерікті кәсіби жарналар есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы (Қор зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асырған жағдайда);

9) Ұйымның не зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын Қордың қызметкерлерін жазатайым жағдайлардан міндетті сақтандыру;

10) Ұйымның не зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын Қордың қызметкерлерін ауырған жағдайдан ерікті сақтандыру;

11) Ұйымға не зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын Қорға меншік құқығы не пайдалану құқығы негізінде тиесілі автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру;

12) өз мұқтажы үшін сатып алынған мүлікті ерікті сақтандыру;

13) брокерлік қызметтерді, номиналды ұстау қызметтерін көрсету;

14) шарттардың қолданылу мерзімдерін өзгертуді қоспағанда, Ұйым не зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын Қор үшін бұрын жасалған мәмілелердің талаптарын жақсартатын бұрын жасалған шарттарды өзгерту туралы;

15) бұрын жасалған шарттарды бұзу туралы;

16) зейнетақы активтері Ұйымның басқаруындағы Қордың меншікті активтерін инвестициялық басқару туралы.

Осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген жылжымайтын және жылжымалы мүліктің нарықтық құны мүлікті бағалау (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) жөніндегі бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалаушының есебі негізінде айқындалады. Біреуінің құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті жылға белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аз болатын жылжымалы мүлікті сатып алу-сату кезінде мүлікті бағалау (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) жөніндегі бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалаушының есебін беру талап етілмейді.»;

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«21. Мемлекеттік және мемлекеттік емес бағалы қағаздарды бастапқы орналастыру кезінде сатып алу мәмілелерін қоспағанда, зейнетақы және меншікті активтер қатысуымен қор биржасында жасалған мемлекеттік және мемлекеттік емес бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелері ашық сауда-саттық әдісімен жасалады.

Зейнетақы және меншікті активтер есебінен жасалатын «кері репо» мәмілелері күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімге жасалады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары Ұйымның (Қордың) зейнетақы және меншікті активтер қатысуымен жасайтын «кері репо» операцияларының мәні болып табылады.».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

